

Дандай Ысқақұлы

АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ

Дандай Ысқақұлы



АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ

Монография



Абай институтының
электрондық басылымдары

3-том

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ

Монография

Абай институтының
электрондық басылымдары

3-том

Алматы
Абай институты
2023

ӘОЖ 821.512.154.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 Кир)

Ы 88

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының Ғылыми-редакциялық кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№3 хаттама, 1 наурыз 2023 жыл)

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), С. Ашимханова, Қ. Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы,
З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жақып, А. Жақсылықов,
Б. Жолдасбекова, Қ. Мәдібаева, З. Сейітжанов,
Ә. Тарақ, А. Темірболат, Д. Ысқақұлы

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Әбдезұлы

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Ы 88 **Ысқақұлы Д.**

Адамзаттың Айтматовы: монография / Д. Ысқақұлы; Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжеқожаева. – Алматы: Абай институты, 2023. – 204 б.

ISBN 978-601-04-6230-4

Қырғыз жерінде өмірге келіп, өсіп-өніп, ержетіп, елін, түркі әлемін өлмес туындылары арқылы жер-жаһанға танытқан Шыңғыс Айтматовтың есімі Қазақстанда да кеңінен танымал. Ұлы жазушының шығармалары қазақ тіліне түгелге жуық аударылған. Шыңғыстың шығармаларына қырғыз халқының адами әлемі өзек болуымен бірге кең байтақ қазақ даласының рухы да жаныңды желпіп, есіп тұрады.

Кітапта, негізінен, қазақ әдебиетіндегі Ш. Айтматов айдыны қарастырылады. Сонымен бірге бүгінгі таңда ғаламдық ауқымда өріс алған жаһандану үдерісінің салдарынан туындап жатқан мәңгірттік, жалпы адам экологиясы, тіл мәселелерінің жалпыадамзаттық проблема ретінде көтеріліп, суреттелуінің қыр-сырларына назар аударылады. Кітап әдебиетін, ұлтын сүйген қалың оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.154.0(035.3)

КБЖ 83.3(5 Кир)

© Ысқақұлы Д., 2023

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023

ISBN 978-601-04-6230-4

АЛАТАУДАН АСҚАҚТАҒАН АЙТМАТОВ

Әлем әдебиетіндегі алып тұлғалардың бірі, «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Төрөқұлұлы Айтматов 1928 жылы желтоқсан айының 12-сі күні Қырғыз Республикасы Талас өңірінің Шекер ауылында белгілі қоғам, мемлекет қайраткері Төрөқұл Айтматовтың отбасында өмірге келген. Әкесі 1937 жылы жазықсыз жазалауға ұшыраған Шыңғыс әжесінің қолында тәрбиеленеді. Жастайынан «халық жауының» баласы атанып, жетімдіктің, жоқшылықтың зардабын көп тартады.

Сегізінші сыныптан соң Жамбыл (Луговой) зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумын (1948), Қырғыз ауылшаруашылық институтын (1953), Мәскеудегі Жоғары Әдебиет курсы (1956-1958) бітірген. Жамбыл облысының Талас ауданындағы Қазақ зоотехникалық-малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының эксперименттік фермасында зоотехник (1953-1956), «Литературный Киргизстан» журналының редакторы (1959-1960), «Правда» газетінің Қырғызстандағы тілшісі (1960-1965), Қырғызстан Кинематографистер одағының төрағасы (1965-1985), Қырғызстан Жазушылар Одағының төрағасы (1986-1988), «Иностранная литература» журналының бас редакторы (1988-1990), КСРО-ның, соңынан Ресейдің Люксембургтегі елшісі (1990-1994), 1994 жылдан Қырғызстанның Бельгия, Нидерландия, Люксембург елдеріндегі елшісі, ЮНЕСКО-дағы өкілі қызметтерін атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында Қазақстандағы БТА-банк Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

Жазушының тырнақалды туындысы «Әшім» 1952 жылы 24 жасында жарық көрді. Айтматовтың атын шығарып, атағын асырған – М. Әуезовтің алғы сөзімен «Новый мир» журналында жарияланған «Жәмила» (1958) повесі. «Оның «Жәмиласы» ХХ ғасыр әдебиетінде бір кездегі Шыңғысхан жорығындай тө-

тен оқиға болған еді» (Ө. Кекілбаев). Әр жылдарда жазылған «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957), «Шынарым менің, шырайлым менің» (1960), «Алғашқы ұстаз» (1962), «Құс жолы» (1963), «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ертегіден соң» (1970), «Ақ кеме» (1970), «Ерте қайтқан тырналар» (1975), «Боранды бекет» (1980), «Жанпида» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995), «Құз басындағы аңшының зары» (1997, М. Шахановпен бірге), «Таулар құлағанда» (2007), т.б. шығармалары арқылы Ш. Айтматов қырғыз халқының ұлттық тыныс-тіршілігін, арман-аңсарларын, дүниетанымын адамзаттық философиямен ұштастыра бейнелеп, түркілік, одан қалды әлемдік әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңейте түсті. Сөйтіп, қырғыз Алатауынан жарқ етіп шыққан Шыңғыс Айтматов өзінің ұстазы Мұхтар Әуезовтермен бірге XX ғасырдағы әлемдік әдебиеттегі түркілік әдеби ренессансты әйгілеген тұтас бір дәуірді жасады. Шыңғыстың шығармалары әлемнің 100-ден астам тілдеріне, оның ішінде ағылшын, араб, француз, неміс, жапон, парсы, түрік тілдерімен бірге қазақшаға да түгелдей аударылған.

Шыңғыстың прозаның шағын жанрларында көрінген алғашқы шығармаларында адам жанының құпия сырлары шынайы суреттелсе, кейінгі кесек-кесек туындылары өмір қатпарларын тұтасымен қопарған роман жанрына қарай біржола ойысқандығын байқатады. Жазушының соңғы романдары қоғамдық өмірдің сан қырлы жақтарына үңіліп, оның ішкі сырларын ашуға ұмтылысымен, көтерген әлеуметтік мәселелерінің көкейкестілігімен, философиялық ой тереңдігімен, көркемдік қатпарларының қалыңдығымен ерекшеленеді. «Ақ кеме» шыққанда повестің негізгі идеясы, әлеуметтік астарлары, оны көркемдікпен бейнелеу құралдары жайлы болған қызу пікір алысулар бірнеше жылдарға созылды.

Оқырманының ойынан шыға білген Ш. Айтматовтың қаламынан туындаған әрбір шығармасының шығуы мәдени өмірде айтулы оқиға, әдеби құбылыс болды. Жазушы «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің», «Алғашқы мұғалім», «Ана – Жер-Ана» повестері енген «Тау мен дала хикаясы» үшін 1963

жылы 33 жасында сол кездегі ең жоғарғы марапат Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алды. Одан кейін «Қошбол, Гүлсары», «Ерте қайтқан тырнарлар», «Боранды бекет» үшін үш мәрте (1968, 1977, 1983) КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Ш. Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмір жолы қазақ топырағымен тікелей байланысты десек те болады. Жазушының туып-өскен жері қазақтың Жуалысымен қоныстас, ес білгенде, аулынан алғаш рет аттап шыққанда, көргені қазақ жері, қазақ ауылы болғандықтан да оның шығармаларында қазақ тақырыбы ерекше көрініс береді. Шыңғыстың қаламгер ретінде де, азамат ретінде де қалыптасуына қазақ жері, қазақ елі айтарлықтай әсер етті. Кейбір зерттеушілердің анықтауынша, Шыңғыс шығармаларындағы оқиғалардың 70 пайыздайы қазақ даласында өтеді екен.

Жазушының балалық шағында басталған қазақ елімен, жерімен байланыстары кейіннен шығармашылық, достық қарым-қатынастарға ауласты. Кезінде М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың ағалы-інілі, достық сыйластығы жалғасып, З. Қабдолов, Қ. Нұрмаханов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхамеджанов, С. Бердіқұлов, А. Сүлейменов, Ш. Мұртаза, М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, Н. Оразалин сынды қазақ қаламгерлері Шыңғыспен туыстардай аралас-құралас болып кетті. Осындай шынайы достыққа негізделген шығармашылық қарым-қатынастардың барысында Ш. Айтматов пен қазақ қаламгерлері бірігіп жазған тамаша туындылар өмірге келді.

Шыңғыстың «Ана – Жер-Ана» туындысын Әзірбайжан Мәмбетов 1964 жылы М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасына шығарды. Сахналық қойылымның бас режиссері Ә. Мәмбетовке, басты рөлдерді ойнаған Сәбира Майқанова мен Бикен Римоваға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ә. Мәмбетов «Ғасырдан да ұзақ күнді» 1983 жылы М. Әуезов атындағы қазақ драма театрында, 1984 жылы Мәскеудің Вахтангов атындағы орыс драма театрында қойды. Оның драматург Қ. Мұхамеджановпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесу» атты спектаклі 1974 жылы академтеатрдың сахнасына шығып, ұзақ уақыт репертуардан түспеді.

Ғазиза Жұбанова «Боранды Едіге немесе Айтматов аңыз-

дары» атты опера жазды. Белгілі режиссер Ардақ Әмірқұлов Айтматовтың шығармасы бойынша «Қош бол, Гүлсары» атты көркем фильм түсірді (2008).

Екі елге кеңінен танымал қазақ ақыны Мұхтар Шахановпен ағалы-інідей болған ұзақ жылғы достығы барысында телавторлық «Күз басындағы аңшының зары» атты эсселер кітабы мен «Сократты еске алу түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» пьесасы өмірге келді. Пьеса қазақтың Ғ. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды (1998). Айтматов екі ел арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға қосқан еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен 1993 жылғы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының лауреаты атағын алды.

Қырғыздың аса көрнекті жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, ойшыл-гуманист Шыңғыс Айтматов – Қырғыз Республикасының халық жазушысы (1968), Қырғыз Республикасы Ғылым Академиясының академигі (1974), Социалистік Еңбек Ері (1978), Қырғыз Республикасының Батыры (1997), сондай-ақ бірсыпыра Еуропа елдері Ғылым Академияларының құрметті мүшесі. Ол екі рет Ленин орденімен, Октябрь революциясы орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, Халықтар достығы орденімен, 1-дәрежелі «Манас» орденімен, «Дустлық» орденімен (Өзбекстан), түркі тілдес елдердің мәдениетінің дамуына қосқан үлесі үшін Түркия үкіметінің жоғары сыйлығымен, Крупская медалімен, Токиодағы Шығыс философиясы институтының «Әлемде бейбітшілік пен өркениет игілігі жолындағы мәдениет пен өнердің дамуына қосқан зор үлесі үшін» Құрмет медалімен, т.б. марапатталған.

Ол КСРО Мемлекеттік сыйлығының үш дүркін иегері, Қырғыз Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Әдеби қызметі үшін «Лотос», Халықаралық Дж. Неру, Италиядағы Мәдени бастамалардың Жерорта орталығының, Американың діни, экономикалық «Ар шақыруы» қорының, Рюккерт атындағы Бавария, А. Мень атындағы, В. Гюго атындағы мәдениет, руханият, т.б. құрметті сыйлықтарын алған.

Айтматов шығармашылықпен қоса қыруар қоғамдық жұмыстар атқарды. Бірнеше рет КСРО және Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Ол халықаралық интеллектуалдық қозғалыс «Ыстықкөл форумын» құрды; «Солдаттарға мәңгілік құрмет» қорының қамқоршысы, Орталық Азия халықтарының Ассамблеясының президенті болды.

Ш. Айтматов атындағы Алтын медаль және Халықаралық қор жұмыс істейді. 1993 жылы Бішкекте Халықаралық Айтматов академиясы құрылған. Түркияның Ел-Азық қаласында Шыңғыс Айтматов атындағы парк бар.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТМАТОВ АЙДЫНЫ

Шыңғыс Айтматов! Осы бір есімнің төрткүл дүниені дүбірлетіп, аузына қаратып тұрғанына жарты ғасырдай уақыт болыпты. Қазақ пен қырғыз Алатауының бауырында өмірге келген жас Шыңғысты аумалы-төкпелі замандардың небір қиындықтары, соғыс кезіндегі қырғыз ауылының сұрғылт тұрмыс-тіршілігі тез есейтіп, қанаттандырып, әдебиет әлемінің биігіне қарай ұшырса, бұл күндері Айтматовтың атағы жер жаһанға мәшһүр. Түркі әлемі атақтары әлемге әйгілі ұлыларға кенде емес. Десек те ХХ ғасырда түркі топырағынан шығып, әлемдік әдебиет алыптарымен қатар тұрып, төріне шыққан Шыңғыс Айтматовтай ұлы жазушы жоқ десе де болғандай. Оны осындай биікке көтерген ең алдымен, қырғыздың киелі топырағы болса, содан кейін оның шығармаларында өрнек тапқан қазақтың даласы мен жиырмасыншы ғасырда түркі жұртынан шыққан тағы бір ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің інісіне шығармашылық табыс тілеп берген ақ батасы дер едік.

«Халық жауының» баласы атану жас Шыңғыстың өмір жолында көптеген қиындықтар туғызады.

Бірінші, екінші кластарды Мәскеуде (бұл кезде әкесі Төреқұл Мәскеудегі жоғары партия мектебінде оқыған) бітірген (1936-1938) Шыңғыстың оқушылық жылдары негізінен Шекер ауылында өтеді. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарында өткен Шыңғыс тылдағы ауылдың небір қиындықтарын басынан өткереді. Мектептегі оқуын қоя тұрып, он төрт жасында сельсоветтің секретары қызметін атқарады. 1945 жылы мектептің алтыншы сыныбын бітірген соң, Жамбылдағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының бөліміне оқуға түседі. Техникумды үздік бітірген Шыңғысты Бішкектегі ауылшаруашылығы институтына емтихансыз қабылдайды. 1953 жылы Қырғыз ауыл-

шаруашылығы институтын үздік бітірген соң Қазақстанның Жамбыл облысында зоотехник болып қызмет атқарған. 1956-1958 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет курсында оқиды. Кейіннен «Литературный Киргизстан» журналының редакторы (1959-1960), «Правда» газетінің Қырғызстандағы меншікті тілшісі (1960-1965), Қырғызстан Киноматографистер одағының төрағасы (1965-1986), Қырғызстан Жазушылар одағының төрағасы, «Иностранная литература» журналының бас редакторы, КСРО-ның Люксембургтегі елшісі, 1994 жылдан 2008 жылдың наурызына дейін Қырғыз Республикасының Франция, Бельгия, Люксембург және Нидерландтағы төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарды.

Ш. Айтматов қоғамдық негізде Халықаралық Ыстықкөл форумының (1986), Орталық Азия халықтарының мәдениеті ассамблеясының (1995), Араб, түрік – руханият, мәдениет, экономика орталығының (1996) президенті қызметтерін атқарды. Жазушылығының үстіне қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын осыншама қыруар жұмыстарды тек қана Ш. Айтматовтай әлемдік ауқымдағы кең құлашты ұлы адам, азамат қана атқара алады.

Бақилыққа аттанарының сәл-ақ алдында Шыңғысты аса құрметтейтін қазақстандық інілері жазушыны республикадағы қаржы әлемі көшбасшыларының бірі «ТұранӘлем банк» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі етіп сайлаған еді...

Шыңғыс Айтматовтың қаламгерлік, қоғамдық қызметі көптеген атақтарымен марапатталған. Ол – Қырғыз ССР-інің әдебиет бойынша Токтағұл атындағы сыйлығының (1970), КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1968, 1977, 1983), әдебиет бойынша Лениндік сыйлықтың (1963), «Этрурия» әдеби сыйлығының (Италия, 1980), Джавахарлал Неру атындағы халықаралық сыйлықтың (Индия, 1985), Әдебиет пен өнер бойынша сыйлықтың (Австрия, 1994), В. Гюго атындағы халықаралық сыйлықтың (Франция, 1995), А. Эйнштейн атындағы «Әлемдік ғылым, әдебиет пен өнердегі көрнекті табыстары үшін» үлкен алтын медальдың

(АҚШ, 1998), А. Мен атындағы «Халықтардың рухани және мәдени дамуы, ортақ еуропалық үйді құру істеріне көрнекті үлес қосқаны үшін» (1998) сыйлығының, Адамзат игілігіне аса көрнекті үлес қосқаны үшін «Қайта өрлеу дәуірінің алыптары» Алтын медалінің, тағы да басқа көптеген халықаралық сыйлықтардың иегері. Ең бастысы, ол – туған елінің ең жоғарғы «Қырғыз Республикасының Батыры» атағымен марапатталған. Кезінде КСРО-ның «Социалистік Еңбек Ері» (1978) атанды. Бірнеше дүркін КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды (1966-1991); КСРО Президенті және СОКП Орталық Комитеті Бас хатшысының кеңесшісі (1986-1990) болды. Қырғыз ССР Ғылым Академиясының (1974), Еуропаның ғылым, өнер мен әдебиет академиясының (Париж, 1980), Ғылым мен өнер бойынша Әлем Академиясының (Стокгольм, 1980), Халықаралық Калифорния ғылым, өнеркәсіп, білім және өнер академиясының (1995) академигі болып сайланды.

Ш. Айтматов шығармашылық жолын газеттерге мақала жазудан, аударма жасаудан бастаған. Тұңғыш әңгімесі «Әшім» 1952 жылы 24 жасында жарық көрген. Одан кейін «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957) әңгімелері жарияланады. Шыңғысты жазушы ретінде танытқан – «Жәмила» повесі.

«Жәмила» повесі тұңғыш рет 1958 жылы «Новый мир» журналының сегізінші санында орыс тілінде жарық көрді. Қырғызшасы сол жылы «Әуен» деген атпен «Ала-Тоо» журналының оныншы нөмірінде жарияланды. «Оны мен Мәскеуде оқып жүріп жаздым. Бәрін есте сақтап жаздым. Секретарь болып жүргенде көріп-біліп қалғаныммен жаздым. Елдің тағдыры. Мен өзімдікін орысшаға аудардым. Сөйттім де Мәскеуге «Новый мир» журналына жібердім. Өзім машинкаға бастым. Бірінші қырғызшасы, бір-екі айдан кейін орысшасы шықты. Қырғызстан Жазушылар одағында жиналыс болып: «Бұл нені жазып жатыр? Бұл ақымақты тоқтату керек. Соғыста қандай-қандай батырлар қалай жанын берді, қанын берді – осыларды көрсетуі керек еді. Бұл дезертирді герой етіп жазып отыр. Мұның ісін қарау керек! Көрсету керек!» – деп жатты. Ал анаусы «Новый мирге» шығып кетті. Мені сол

күтқарып кетті» (Шыңғыс Айтматов. Өмір мені ерте есейтті. «Адам Ата-Хауа Ана». – 2008. – №6. – маусым).

Бұл жерде «Жәмиланы» оқып шығып, әдебиет әлеміндегі жаңаша бір үн ретінде бағалаған М. Әуезов сол кездегі Одақ бойынша ең беделді әдеби журнал «Новый мирде» жариялауға оның редакторы Н. Твардовскийге жолдайды. Кейіннен Айтматов атының әлемдік даңқының шыға бастауына тікелей септігін тигізген Луи Арагонға осы шығарманы оқуға ұсынған да М. Әуезов болатын. Луи Арагон «Әлемдегі ең асыл махаббат» атты мақала жазып, Шыңғыстың атын батыс елдеріне кеңінен насихаттады. Жас жазушының повесіне деген ризашылық сезімін «Литературная газета» (23.X.1958) бетінде жариялаған мақаласында білдірді. Жас дарынды қолтығынан демеп, әдебиеттің ақбоз арғымағына мінгізіп, «жолың болсын!» деп ақ батасын беріп, әдебиеттің үлкен ақ айдынына шығарып салды.

М. Әуезов Шыңғыстың повесін әдебиеттегі жаңаша құбылыс санады: «Повесть Чингиза Айтматова психологична, естественна, изящна и проста. Она приятно правдивостью душевных состояний, тонко подмеченных и сдержанно, выразительно, даже порой коротко обрисованных... Это явление, новое на почве киргизской прозы, обнаруживает хорошую профессиональную культуру автора и, конечно, тонкое, верное знание жизни народа, характеров людей и условий их труда». Мұхтар Шыңғыстың болашағынан үлкен үміт күтеді: «Хочется думать, что Чингиза Айтматова и дальше будет сопровождать успех в жанре рассказа, новеллы, маленькой повести, чем, может быть, восполниться весьма существенный пробел художественной прозы наших художественных литератур...» Жазушы мақаласын: «От всей души желаю ему доброго пути!» – деп, ақ жол тілекпен аяқтаған.

Кейіннен Ш. Айтматовтың «Тау мен дала хикаялары» үшін Лениндік сыйлық алуына да тікелей М. Әуезовтің ықпал жасағаны белгілі. Лениндік сыйлықтар беру жөніндегі КСРО Мемлекеттік комитетінің Ш. Айтматовтың кандидатурасын талқылаған (06.04.1961) мәжілісінде «Сіздер авторды әлі жас, шығармасы шағын деп отырсыздар, бұл – үстірт, жаңсақтау пікір.

Ол осы шығармасының өзімен-ақ үлкен марапат-мәртебеге әбден лайық, келешегі бұдан да айдынды», – деп, өзінің беделді сөзін асқан жанашырлықпен, көрегенділікпен айтты.

Повестегі бүкіл оқиға 15 жасар кейіпкердің атынан баяндалады. Соғыс кезіндегі алыс ауылдың ауыр тіршілігін, қандай қиындықтар болмасын көтеріп, аңсаған арманы үшін күресе білген жаны нәзік, жүрегі таза, жаны сұлу, қарапайым жастардың бейнесі әлемдегі мың сан оқырманның ойынан шығып, сырласына айналды. «Оның «Жәмиласы» ХХ ғасыр әдебиетінде бір кездегі Шыңғыс хан жорығындай төтен оқиға болған еді» (Ә. Кекілбаев).

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап шыға бастаған Ш. Айтматовтың әрбір кітабы әдеби өмірдің елеулі оқиғасына айналды. Оқырманын баурап алып жатқан шығармалары халықтың ықыласына бөленумен бірге сол кездегі ең жоғарғы әдеби сыйлықтарды да қанжығасына байлап жатты. «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің», «Алғашқы мұғалім», «Ана – Жер-Ана» повестері енген «Тау мен дала хикаялары» атты кітабы үшін Ш. Айтматов 1963 жылы Лениндік сыйлық алды. «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ерте қайтқан тырналар» (1975), «Боранды бекет» (1980) үшін үш мәрте КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Жоғары мемлекеттік сыйлықты бір адамның қатарынан үш рет иеленуі бұрын-соңды кеңестік әдебиеттің тәжірибесінде болмаған жағдай еді.

Көркем шығармашылықтағы жолын әңгіме, повесть жазудан бастаған жазушы кейіннен роман жанрына қарай біржола ойысты. «Ақ кеме» (1970) повесінен кейін «Боранды бекет» (1980), «Жанпида» (1986), «Кассандра» танбасы» (1995), «Құз басындағы аңшының зары» (1997), «Таулар құлағанда» (2007) сияқты кесек-кесек туындылары әлемдік әдебиеттің тай қазанына құйылды. Жазушының соңғы романдары қоғамдық өмірдің сан қырлы қатпарларына үңіліп, оның ішкі сырларын ашуға ұмтылысымен, көтерген әлеуметтік мәселелерінің философиялық ой тереңдігімен ерекшеленеді. «Ақ кеме» шыққанда повестің негізгі әлеуметтік астарлары, оны көркемдікпен бейнелеу құралдары жайлы одақтық баспасөзде жүрген қызу пікіралысулардың бірнеше жылдарға созылғаны есімізде.

Жазушының бірсыпыра шығармалары бойынша кинофильмдер түсірілген. «Ана – Жер-Ана», «Көктөбедегі кездесу» (Қ. Мұхамеджановпен бірге), «Сократты еске алу түні немесе мифұла терісі үстіндегі сот» (М. Шахановпен бірге) спектакльдері Қазақстанның республикалық, облыстық театрларының тұрақты репертуарына айналды.

Шыңғыстың «Ана – Жер-Ана» туындысын Ә. Мәмбетов 1964 жылы М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасына шығарды. Сахналық қойылым көрермендер көңілінен шығып, ұзақ уақыт бойы театр репертуарынан түспей қойды. Кейіннен «Ана – Жер-Ананы» сахналаған бас режиссер Әзірбайжан Мәмбетовке, басты рольдерді ойнаған Сәбира Майқанова мен Бикен Римоваға Мемлекеттік сыйлық берілді. Ш. Айтматовтың Қ. Мұхамеджановпен бірігіп жазған «Көктөбедегі кездесуі» 1974 жылы академтеатрдың сахнасына шықты. Ә. Мәмбетов «Ғасырдан да ұзақ күнді» 1983 жылы М. Әуезов атындағы қазақ драма театрында, 1984 жылы Мәскеудің Вахтангов атындағы орыс драма театрында қойды. Ғазиза Жұбанова «Боранды Едіге немесе Айтматов аңыздары» атты опера жазды. Белгілі режиссер Ардақ Әмірқұлов Айтматовтың шығармасы бойынша «Қош бол, Гүлсары» атты көркем фильм түсірді (2008). Бұл фильм Астанада өткен Еуразия кинофестивалінің бас жүлдесі гран-приді жеңіп алды. «Әлем-Арт» қоғамдық қоры мен БТА банкі бірлесіп жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған Рауф Мамедовтің «Ғасырдан да ұзақ түн» атты деректі фильмін ұсынбақ ниетте.

Ш. Айтматовтың шығармалары әлем халықтары тілдерінің көпшілігіне аударылған. Қырғыз, орыс тілдерінде жазатын жазушының туындылары түгелдей дерлік қазақ тілінде жарық көрді. Көзі қарақты қазақ оқырманы да әлем таныған шынайы шығармалармен етене таныс.

Ш. Айтматовтың қазақ тілінде алғаш жарық көрген шығармалары «Жәмила» повесі («Лениншіл жас», 6-27.06.1959) мен «Бетпөбет» («Жұлдыз», 1959, №6). «Дүйсеннің мектебі», «Лениншіл жас» газетінің 1969 жылғы қаңтардың 3-інен 16-на дейінгі он

нөмірінде жарияланды. «Алғашқы мұғалім» (повестен үзінді) «Социалистік Қазақстан» газетінің сол жылғы 9 қыркүйектегі санында жарық көрді. Одан кейін «Құс жолы» повесі «Лениншіл жас» (10.06.1963) газеті мен «Жұлдыз» (1963, №6,7), «Қазақстан әйелдері» (1963, №7) журналдарында, «Ботагөз» повесі «Лениншіл жаста» (26,27,28,30.11; 1,3,4,5.12.1963) басылды. «Қызыл алма» әңгімесі Зейнолла Қабдоловтың аудармасымен «Жұлдыз» журналының 1964 жылғы үшінші нөмірінде, «Арманым Әселім», А. Нұрқатовтың тәржімәсімен «Лениншіл жаста» (26.09.1964) шықты. Міне, осылайша, Ш. Айтматовтың жаңадан шыққан әрбір шығармасы қазақ тіліне іле-шала аударылып, алдымен мерзімді баспасөз бетінде, соңынан жеке кітап болып, оқырмандарға жол тартып жатты.

Шыңғыстың «Тау мен дала хикаялары» (1964) қазақ тілінде кітап болып шыққанда кітапқа берілген аннотация қазақ әдебиетіне ақбоз ат мінген әдебиет айдынында ұзаққа шабатын арынды жазушының келіп кіргенін байқатты: «Ақбас Алатауды дүбірлете шыққан Шыңғыс шығармалары әлемді елең еткізді. Асқақ ән аспанға атылып, тәтті жыр жер бетін ұйыта қалды. Мөлдір махаббат, ақ тілек ана, қиыспас достық, тәтті татулық, терең толғау – бәрі-бәрі орын тапқан оның туындысынан. Қай дастанын оқи бастасаң да жылылық құшағына кіресің. Қызыға бересің, оқи түсесің, аяғына бір-ақ шыққаныңды өзін де білмей қаласың.

Өмірге үңіліп, тұңғыық түбінен маржан іле білген, жетеліге аталы сөз жеткізген зергердің күдіреті осылай болмақ. Шыңғыс толғауын бұл күнде шұғылалы шығыс та, менмен батыс та оқиды. Зар-зәбір естілген ащыға аһ ұрып күрсінсе, арманға жеткен адамдар қуана түседі. Осылай отырған оқушы Айтматовтың жақсылардың жақсысы, жүректілердің жүректісі екенін сезінеді. Авторға мың сан алғысын жолдайды. Міне, құрмет, міне, бақыт!

Ал қазақ оқырманы, кезек саған да тиді. Мынау сол асыл дүние. Ал да оқы! Қызыққа бат! Өс. Өрле. Қанаттан. Өзгелерге де айт, құр қалмасын. Асықсын, сусындасын.

Бұл – сенің бауырыңның, телқозыңның асыл шығармасы. Оған Әуезов өзінің аталы сөзін арнаған, әлемге паш еткен. Өнерлі перзент деп масаттана мақтаған. Оның шығармасы сол

ұлы Әуезовтің шығармаларымен қатар әр қазақ оқырманының төрінде тұруға лайық».

Одақтық үлкен әдебиетке ұстазы Мұхтардың ақ батасымен кірген Шыңғыс қазақ әдебиетіне осындай сән-салтанатпен кірді. Мен келемін, мен Шыңғыс Айтматовпын, шығармаларым «асыл дүние», оқы, сусында дегендей екпіндей, айқайлай келді. Тағы да мен бөтен емеспін, бауырыңмын, ұлы Әуезовтің жолын қуған шәкіртімін деп, қазақты өзіне жақын тарта келді.

Кейіннен өзі де ұлы жазушыға айналған Ш. Айтматов ұлы ұстазы М. Әуезовтің рухы алдында өмір бойы тағзым етумен болды. Оның: «Мұхтар Әуезов мен үшін алыстан мұнартқан әлдебір академиялық тұлға десем, әрине, ағат айтқаным: өзім көріп, өзім білгендер ішіндегі ең ұлы суреткер десем, мұным да жалпылама сөз. Мұхтар Әуезов – маған әкедей қамқор болған кісі.

Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қас-терлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов.

Мен қазақтың ба, қырғыздың ба? Мұны білгісі келгендерге Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып беремін. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымының мерейі: осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді», – деп, ағынан жарыла айтқан сөздері қазақ оқырмандарына кеңінен танымал.

Жазушы тағы бірде өзінің М. Әуезовпен қалай танысқандығын төмендегіше еске алады: «Студенттік кезде ол кісімен Мәскеуде көп жолықтым. Бір ғана өкінерім, бір жолы бір рет суретке түспепіз. Мәскеуде қонақүйге шақырып алып, отырып алып шай іштік. Мені баласындай көрді. Танысқанымыз да – керемет бір оқиға. Сонда совет әдебиеті, «крепостной идеологиядан» құтылуға әрекет қылып, (қазір есімнен шығып қалды) ол кезде атақты болған бір кісі бір атақты роман жазған. Оны қолдағандар да көп. Ал қарсы шыққандар – сол баяғы коммунистер. Үлкен бір залда отырмыз. Бізді де әдебиет институтының тыңдармандары деп шақырып тұрады. Орын жоқ, түре-

геп тұрамыз. Дискуссия жүріп жатыр. Бір кезде есік ашылды да, карасам Мұхтар Әуезов келіп тұр. Кірейін десе орын жоқ. Зал лық толы. Содан мен жанымда тұрған студент досыма: «Сен мына орынды ешкімге берме», – дедім де, өзім сыртқа шықтым. Мұхтар Әуезовке: «Ақсақал, сізге орын дайын, жүріңіз», – дедім. Ол кісі келіп отырды. Мен арғы жаққа барып, тұрып тұрдым. Дискуссияның арасында үзіліс болды. Содан Мұханның жанына келсем, «Сен, бала, кімсің?» – деді. Мен «Қырғызстаннан боламын, қырғызбын» десем, Мұхтар Әуезов: «Бәсе, айтам-ау, қайдан мені мұнда әкеліп отырғызды деп едім», – деді. Біздің таныстығымыз осыдан басталды. Кейін менің шығармаларымды оқығанда, ортамызда басқаша мәміле болды. Көп сөйлестік, көп жолықтық, көп ақылдастық. Жазушылық жайында да, өмір жайында да көп ақыл берді» (Қалыбай Ж. Жазушының соңғы сыр-сұхбаты // Адам ата – Хауа ана. – 2008. – №6). М. Әуезовпен осылайша басталған таныстық қазақтармен бұрыннан онсыз да аралас-құралас Шыңғысты одан сайын жақындастыра түсті.

Ш. Айтматов М. Әуезовтің шығармашылығы жайлы жылы пікірлерін мақалаларында, түрлі әдеби жиындардың биік мінберлерінен ұдайы білдіріп отырған. Ол идеялық себептермен жарық көрмей келген М. Әуезовтің «Қилы кезең» романына алғы сөз жазып, «Новый мир» (1972, №6) журналында жариялады. Оның ұстазы жайлы жазғандарының кейбіреулерін атап өтсек: «О рассказе М. Ауэзове «Лихая година» (Ч. Айтматов. Ранние журавли. Берлин. 1983, 355-360-беттер), «Выступления на заседании, посвященная 90-летию со дня рождения М. Ауэзова. Алма-Ата, 23 сентября 1987 г.» («Мухтар Ауэзов и современная литература». А., 1989, 23-28-беттер), «Слово об Ауэзове: Выступление во Дворце им. Ленина на торжественном собрании, посвященное 80-летию со дня рождения» («Мухтар Ауэзов – классик советской литературы». А., 1989, 29-36-беттер), «Внутреннее солнце поэта» («Известия», 6.2.1982), «Ответь себе» («Правда», 5.08.1967), «Слово об Ауэзове» («Простор», 1977, №12, 8-11-беттер), «Слово об учителе» («Казахстанская правда», 27.12.1967), «Предисловие к повести М. Ауэзове «Лихая година»

(«Новый мир», 1972, №6, 17-19-беттер), «Абай и Ауэзов: связь времен» («Мухтар Ауэзов: великий певец национального величия: Сборник материалов конференции, посвященная 100-летию М. Ауэзова, проведенной 4 июня 1997 г. в Париже. Париж-Алматы, 1998, 88-91-беттер), «Әуезов әлемді шарлап кетті» («Лениншіл жас», 23.09.1977), «Әуезов туралы сөз» («Қазақ әдебиеті», 30.09.1977), «Екі түрлі асылым бар» («Парасат», 1997, №8), «Ұлылар елдің ұстазы» («Алматы ақшамы», 26.09.1997), «Мұхтар Әуезов туралы» («Қазақстан пионері», 9.12.1967), «Түркі әлемі және Әуезов» («Түркі әлемі», 2007,12.1967), «Абайдың рухани інісі» («Абай», 14.11.2007), т.б.

Ш. Айтматовтың қазақ даласымен қарым-қатынасы балалық шақтан басталған. Оның туып-өскен жері Қазақстанның Жуалысымен шекаралас. Жазушының ес білгенде, ауылынан аттап шыққанда көргені – қазақ жері, қазақ ауылы. Бұл турасында Шыңғыс кейіннен «Екіншіден, өзің айтып отырғандай, менің шығармамда қазақ жері, қазақ халқы жиі көрініс табады. Оның барлығының себебі бар. Түлкібас пен біздің Көксай Шекер айылы ортасындағы аралықта Түркісіб теміржолы салынғанда, жиырмасыншы жылдардың басында бәрі Қазақстанның территориясымен келген. Сол жерде Маймақ деген станция бар. Сол Маймақ пен Түлкібастың ортасында тауды кесіп өтетін үлкен тунел бар. Жаяу-жалпы өтуге мүмкін емес. Менің үлкен атам Айтматов, оның баласы Төреқұл 15-16 жастағы бала екен Онда басқа кісілер де толып жатыр. Ол кезде техника жоқ, барлығы қолменен істелген. Осылар сол жерді тесіп, теміржолды салған. Соныменен теміржол біздің жерге келіп, қазіргі Жамбыл, Жамбылдан Луговой (қазіргі Т. Рысқұлов ауылы), Мерке, міне, сондай-сондай... Сондай бір қиыншылық заманда осы тунел арқылы келіп, Маймақ станциясынан поездан түсіп, ат, түйелерге жүк артып алып Шекерге кететін болған. Маймақ пен Шекердің ортасы жиырма бес шақырымдай... Әрине, заманында жаяу, арбамен, атпенен де жүргенбіз... Қазақстан территориясының мен үшін теңі жоқ қой. Қаншама студенттік күндерім өтті, кейін қанша жыл қызметте болдым...» (сонда) – деп, сағынышпен сары жылдарды еске алады.

Иә, жазушының балалық шағынан бастап, бүкіл саналы ғұмыры, шығармашылығы қазақ даласымен, елімен байланыста болған. Ауылдан ұзап шыққанда алғаш көргені қазақ жері болса, оның азамат ретінде де қалыптасып, жетілуіне қазақ жері әсер етті. Қазақ жері Шыңғыс үшін әлемге айқара ашылған есік болды.

Ал шығармашылық биігіне самғауына да қазақ М. Әуезовтің аялы алақаны, ақ батасы жол ашты дейміз. Сөйтіп, қазақтың қасиетті сары даласы ғарышқа зымырандар ғана ұшырып жатқан жоқ, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің айдынына Мұхтардай қазақты, Шыңғыстай қырғызды да ұшырды. Туысқан екі халықтан шыққан Мұхтар мен Шыңғыстай ұлылар жиырмасыншы ғасырдағы әлемдік әдебиеттің биігіне шарықтап шықса, бұл күндері олар сол шырқау шың орбитасында мәңгілікке қалып қойды...

Сөйтіп, түркі әлемінен шыққан М. Әуезов пен оның ізімен жарқ етіп көрінген Ш. Айтматов XX ғасырдағы әлемдік әдебиет оқырмандарын әрбір шығармасымен елеңдетіп, ақ басты Алатаудың екі жағында жатқан тау мен дала хикаяларымен дүние оқырмандарын таныстырып жатты. Мұхтар мен Шыңғыстың қазақ пен қырғыздың, одан қалды түркілік тыныс-тіршіліктің өзгеше бір өрнек тапқан қыр-сырларын, философиясын жер-жаһанға паш еткен ұлы ерліктері кейінгі толқын өнерпаздарға өшпес өнеге болып қалды. М. Әуезов пен Ш. Айтматов түркі халықтарының әдебиетінде, одан қалды әлемдік мәдениетте түркілік әдеби ренессансты әйгілеген тұтас бір дәуірді жасады. Түркілік, әлемдік әдебиетті жаңа көкжиектерге бастаған екі ұлы суреткердің өнегесі бірінің інілері, бірінің ағалары, замандастары болып келетін Расул Ғамзатовтың, Мұстай Кәрімнің, Қайсын Құлиевтің, т.б. шығармашылықтарында барынша жарқырай көрінді.

Ш. Айтматовтың М. Әуезовпен басталған достық қарым-қатынастары кейін де жалғаса түсті. Қазақ жазушыларының біразы Шыңғыспен туыстарша араласты. Әсіресе З. Қабдолов, Қ. Нұрмаханов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхамеджанов, С. Бердіқұлов, А. Сүлейменов, Ш. Мұртаза, М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, Н. Оразалин сынды қаламгерлеріміздің Айтматовпен жақындығы

шығармашылық саласында ғана емес, шынайы адамгершілік тұрғысында да өрбіп, ол туысқан екі халықтың арасындағы достық қарым-қатынастардың нығая түсуіне қызмет етіп жатты.

Кейінгі толқын қазақ-қырғыз қаламгерлерінің ішінде М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың шығармашылығы әсер етпегені, олардан үйренбегені кемде-кем шығар, сірә. Бұлардың қатарында қазақтың қабырғалы ақын-жазушылары Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, С. Бердіқұлов, С. Жүнісов, С. Мұратбеков, Ә. Тарази, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Қ. Жұмәділов, Қ. Ысқақов, О. Сәрсенбаев, Д. Исабеков, Ә. Сарай, М. Сқақбаев, О. Бөкеев, Т. Әбдіков, Д. Досжанов, Т. Нұрмағамбетов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, тағы басқаларды көруге болады.

Шыңғыс та қазақ әдебиетінде болып жатқан жаңалықтарға көз қырын салып отырған. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың алғашқы әңгімелерінің бірі «Ең бақытты күн» туралы одақтық «Вопросы киноискусства» атты кино сыны альманағында пікір білдіріпті. Б. Тоғысбаевтың «Простор» (1982, №3) журналында жарияланған «Аққу көлі» әңгімесіне «Байырғы дос – Бек Тоғысбаев» атты кіріспе мақаласын жазды. Сондай-ақ жазушылар Ш. Әлімбаев пен С. Санбаев (Сәт сапар! «Қазақ әдебиеті», 12.04.1969), Қ. Мұхамеджанов (Сирек ұшырасатын дарын. «Қазақ әдебиеті», 05.01.1979), Ә. Нұрпейісов («Қан мен тер», «Лениншіл жас», 14.04.1966), С. Мұқанов (Незабвенный образ. «Казахстанская правда», 20.04.1973), М. Шаханов (Ақын зердесі. «Мәдениет және тұрмыс», 1984, №11), Ж. Жабаев (Асқақ үнді алып ақын. «Егемен Қазақстан», 23.08.1996), Ш. Уәлиханов (Дара тұлға. «Білім және еңбек», 1985, №11), З. Қабдолов (Зейнолла Қабдолов туралы. «Тың өлкесі», 12.02.1964), Оқушыларға екі ауыз сөз («Жұлдыз», 1964, №3), т.б. жайлы лебіздер айтқан.

Ш. Айтматов қазақ қаламгерлерімен жақын достық қарым-қатынастарда болған. Тіпті Қ. Мұхамеджановқа арнаған бір мақаласын «Менің Қалтай досым» деп атапты. Оқысаңыз, Шыңғыс Қалтай досы туралы ағынан жарылыпты:

«Творчестволық достық дейтіннің өзі тағдырдың таңдап берер ғажап бір сыйы ғой. Қазақ драматургі Қалтай Мұхамеджанов

екеуміз көп жылдан бері осындай достық дәнекерімен жалғасқанбыз. Не жазып, не қойсам да оның зейін қойып оқып шығарына, зерделеп, бағасын береріне сенімім кәміл... Мен де өз тарапымнан оны хас шебер деп жоғары бағалаймын. Өйткені әдебиеттегі қияметтің қиын жанры драматургияның күрмеуі көп күрделілігін жан-тәніммен жақын сезінемін... бізде нағыз драматургтер тым аз, ал мен Қалтай Мұхамеджанов досымды сондай дегдарлар санатына қосамын» (Қалтай Мұхамеджанов. Алғы сөз. Таңдамалы. – А., 1989. – 5-бет).

Осындай шынайы достыққа негізделген шығармашылық қарым-қатынастардың барысында Ш. Айтматов пен қазақ қаламгерлерімен бірігіп жазған тамаша туындылар да өмірге келді. Ол драматург Қ. Мұхамеджановпен бірігіп «Көктөбедегі кездесуді» жазды. Екі елге кеңінен танымал қазақ ақыны М. Шахановпен ағалы-інідей болған ұзақ жылғы достығы барысында «Күз басындағы аңшының зары» атты эсселер кітабы мен «Сократты еске алу түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» пьесасы өмірге келді. Пьеса қазақтың Ғ. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды (1998).

Екі халықтың арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайта түскені үшін, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Шыңғыс Айтматовқа Қазақстан Республикасының 1993 жылы Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы берілген. Алатауды тел еміп, екі жағында қатар жатқан туысқан қос халыққа ортақ ұл Ш. Айтматов Алматы қаласының құрметті азаматы болатын.

Ш. Айтматовтың шығармаларын қазақ оқырмандары өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, іздеп жүріп оқыды. Шыңғыс сомдаған кейіпкерлер қырғыз сияқты әрбір қазақтың жүрегіне жол тауып, сырласына айналып жатты. Жазушының жаңадан шыққан әрбір кітабы қазақ әдеби өміріне серпіліс әкеліп, қоғамдық ой-пікір туғызды. Ш. Айтматовтың шығармашылығы жайлы, оның өзіндік өзгешеліктері, жаңалықтары хақында ой толғаған мақалалар баспасөз бетінде жиі көрінді. Оларды тізіп, атын атаудың өзі ұзақ уақытты алады. Сонда да болса,

қазақтың әдеби жұртшылығы, әдеби сыны Ш. Айтматовты қалай қабылдағанын байқау үшін қазақ баспасөзі беттеріне көз жүгірте өтейік: С. Жұмабеков (Алатау мен Айсберг феномені. «Алматы ақшамы», 11.12.1998, Адамзаттың Айтматовымен алты минут. «Алматы ақшамы», 27.09.2007), С. Ақсұнқарұлы (Ғасыр кардиограммасы. «Лениншіл жас», 7.12.1988), Х. Адибаев (Образ-идея и литературный процесс. «Простор», 1989, №7), С. Асанов (М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың творчестволық байланысы жайлы. «Қазақ әдебиеті», 11.10.1974), Мұрат Әуезов. М. Ауэзов всегда спланивал. «Свобода слова», 19-25.06.2008), Т. Ахтанов (Шыншылдығы шыңға шығарған. 13.06.2008), Т. Әкімов (Көрегендік. «Қазақ әдебиеті», 9.12.1988), С. Әшімбаев (Жарқын жандар. «Қазақстан мұғалімі», 9.05.1963), К. Бейбытова (Казахстан в творческой судьбе Чингиза Айтматова. «Чингиз Айтматов и литература Казахстана», А., 2003), Т. Бекниязов (Айтматовтың көркемдік құбылысы. «Парасат пен парыз», А., 1998), Р. Бердібай (Ғибратнама. «Қазақ әдебиеті», 18.12.1997), С. Бердіқұлов (Құс жолы. «Лениншіл жас», 9.12.1988), Б. Бодаубай (Шыңғыс айтқан сыр. «Заман-Қазақстан», 13, 20, 27.01.1995), Ж. Дәдебаев (Әлемді таңқалдырған «Жәмила. Лениншіл жас», 20.09.1988), Ә. Дербісәлин (Ана туралы аңыз. «Мезгіл және қаламгер», А., 1968), Н. Джуанышбеков (Четыре матери Чингиза Айтматова. «Русский язык и литература в казахской школе», 1998, №6), С. Досанов (И дольше века длится жизнь. «Казахстанская правда», 11.12.1988), Т. Еңсегенұлы («Ақ кемең» әлемі. «Егемен Қазақстан», 17.09.2008), Қ. Ергөбеков (Тау мен даланы туыстырған. «Лениншіл жас», 21-26.06.1990), Ғ. Есім (Шыңғыс Айтматов. «Жыр жағасы», А., 2007), І. Жақанов (Шыңғыспен болған сұхбаттар. «Өркен», 27.04.1991), А. Кірібаева (Айтматов әлемі. «Қазақ әдебиеті», 18, 24.07.2008), Ә. Кекілбаев (Алаштың Айтматовы. «Жас алаш», 12.12.1998; Покоритель Вселенной. «Казахстанская правда», 14.06.2008; Феномен Чингиза Айтматова. «Казахстанская правда», 29.05.1999), А. Кемелбаева (Глас вопиющего в пустыне. «Абай», 1998, №4), М. Қозыбаев (Шығыстың Шыңғысы түркі әлемінің

жұлдызы! «Заман-Қазақстан», 26.05.1999), Қ. Мұхамеджанов (Писатель большого дарования. «Казахстанская правда», 12.12.1978; Дос жайлы сұхбат. «Қазақ әдебиеті», 9.12.1988; Шабаттың ақ желкені. «Социалистік Қазақстан», 12.12.1978), Ш. Мұртаза (Айғайлап айтқан сөз. «Егемен Қазақстан», 26.03.1999; Шыңғыс және шындық. «Социалистік Қазақстан», 11.12.1988), Ә. Нағыметов (Шыңғыс және шеберлік. «Қазақстан мұғалімі», 26.12.1968), Ә. Нұрпейісов (Адамзаттың Айтматовы еді. «Айқын», 12.06.2008; Слова прощания. «Казахстанская правда», 12.02.1987), Т. Нұрмағамбетов (Адам жанының үндері. «Қазақ әдебиеті», 12.12.2003), А. Нысаналин (Саңлақ суреткер. «Жетісу», 12.12.1978; Шыңғыс шыңы. «Қазақ әдебиеті», 9.12.1988), Н. Оразалин (Азияға айбын болған суреткер. «Қазақ әдебиеті», 21.05.1999), К. Смайылов (Әлем биігіндегі азамат. «Қазақ әдебиеті», 8.11.1991), Б. Тоғысбаев (Тау мен дала жыршысы. «Жетісу», 13.12.1988; Қырғыз перзенті – әлем әдебиетінің ақиығы. «Өркен», 10.12.1988), Т. Тоқбергенов (Шоң мұзарттан көз тартқан. «Қазақ әдебиеті», 16.10.1987), М. Шаханов (Душу свою храни. Вестник КазГНУ, серия филологическая, 2001, №2), т.б. Әрине, бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Осы бір ұзақсонар тізімді келтіріп отырғандағы басты мақсатымыз – қазақ әдебиетінде Айтматовтың көркемдік әлемін тану саласында қыруар жұмыстардың атқарылып жатқандығына оқырманның көзін жеткізу. Осындай деректерге сүйене отырып, Шыңғыстың шығармашылығы жайлы айтылған сыни пікірлер қазіргі қазақ әдебиеттануындағы Айтматовтану ғылымына ұласты деп батыл айтааламыз. Демек, Айтматовтану тек қырғыз әдебиеті ғылымында ғана емес, қазақтарда да бар. Қазіргі қазақ Айтматовтану ғылымы теориялық жағынан тереңдеп, кең өрістерге шыға бастады.

А. Кәрібекова «Ш. Айтматовтың шығармашылық лабораториясы» бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Тағы да бірнеше диссертациялық жұмыстар, монографиялық зерттеулер жазылуда.

Қазақ айтматовтанушыларының бағыт-бағдарын, жазушы шығармашылығына деген көзқарасын бір-екі мысалмен аңғарта кетсек.

Академик Зейнолла Қабдоловтың мына бір пікірі ыстық лебізге толы: «Шыңғыс туралы пікір қырғыздар арасында алақұла деп естиміз (сірә, өсек болар). Ал қазақтар арасында, әсіресе мына біздер, біздерге кейінірек келіп қосылғанмен, бізден де гөрі тонның ішкі бауындай жақындасып кеткен Қалжан Нұрмаханов (марқұм), Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртаза тәрізді қазақтарда Шыңғысқа деген сүйіспеншілік, тіпті қырғыз қаламгерлерінен де гөрі асыра мақтан тұтатын от махаббат кеше қандай болса, бүгін де сондай тап-таза, мөп-мөлдір («Көзқарас», А., 1996, 242-бет).

Жазушы Тахауи Ахтанов Шыңғыс Айтматовты әдебиет әлеміндегі «Кәусар бұлаққа» теңепті: «Шынында да қазіргі топан өлең мен топан прозаның мол заманында Шыңғыс шығармасын оқысаң, шөл қандырмайтын жылымшы суды іше-іше ішің кепкен кезде қайнар бұлақтың мөлдір суына бас қойғандай мейірің қанады» (Т. Ахтанов. Көкейкесті. А., 1980, 171-бет). Тахауи Шыңғыстың шығармашылық болмысын, жаңалықтарын төмендегіше сипаттайды: «Айтматовтың қай дүниесін алсаң да ар жағында айтылмаған еш нәрсе қалмаған сияқты. Әрбір өмір құбылысын, драмалық қайшылықты түбіне дейін үнгіп, әбден ширатып, ширықтырып береді... Ол адам жанына микроскоппен үңілмейді. Оның кейіпкерлері екі ұдайлықты білмейтін, дүдәмалдан аулақ кесек, сом тұлғалар да, суреттейтіні үлкен жан күйзелісі, ірі отты сезімдердің қақтығысы... Ол өмірлік оқиғаларды арам майынан арылтып, драмалық өзегін тереңнен аршып алады да жеріне жеткізе ширықтырып бере біледі... Сонымен бірге жазушының жіті көзі, Абайша айтқанда, көңіл көзі қарапайым өмір құбылысының ар жағындағы өзге адам аңғармайтын терең сырын қапы жібермейді... Үлкен әлеуметтік проблема, азаматтық тақырыбы Айтматов шығармаларында бәсеңсіп көрген емес» (сонда, 174-175 беттер).

Ары қарайғы ойын: «Айтматов – қазір әлемге аян жазушы. Оның еңбектерін қай халық та қуана қарсы алады. Бірақ жазушы шығармасы алдымен өз халқына жақын. Өйткені ол – халықтың ішінен шыққан төл туындысы, бойдағы бары, абыройы. Қырғыз-

бен бірге Шыңғысқа қазақ та ортақ десем асырып айтқан болмаспын. Өйткені ағайынды екі ұлттың тірлігі, тағдыры, тұрмыс-салты ортақ, рухани болмысы, ендігі егіз. Шыңғыс кейіпкерлерінің ұлттық сипатын қазақ, қырғыз деп бөлу қиын» (сонда, 176-бет), – деп сабақтап, Ш. Айтматовты екі ел әдебиетіне ортақ жазушы деген пікірмен түйіндейді.

Т. Ахтановтың осыдан отыз жыл бұрын айтқан осы бір ойын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жақсының жаттығы жоқ. Ш. Айтматовты да қазақ халқы өз перзентіндей көріп, құрметтейді. Өйткені Шыңғыстың шығармаларында мынау қырғыздікі, мынау қазақтікі дейтіндей, бөле-жаратын ештеңе жоқ, екеуі бірігіп, біртұтас адамзаттыққа ұласып кеткен. Жазушы туындыларының көпшілігінде оқиғалар далада, яғни қазақтың даласында өтеді, қырғыз жерінде болғанымен де оларда суреттелетін әлеуметтік орта, кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесі жарқырай көрінген адамдық болмысы, арман-мұраттары, бәрі-бәрі қазақтың тұрмыс-тіршілігіндей көрініс тауып жатады.

Қырғыз жазушысының шығармаларын қазақ тіліне майын тамызып аударған Ш. Мұртаза мен Ш. Айтматовтың арасындағы шығармашылық достықтың тамыры тереңде жатыр. «Қазақ әдебиетінің классигі, жазушы, драматург, публицист Шерхан Мұртазаның Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келгені қалың оқырман қауымға жақсы белгілі деп ойлаймын. Географиялық кеңістікке көз салсақ, осы Мыңбұлақ ауылы мен Шыңғыс Айтматовтың балалық шағы өткен Шекер айылының арасы небары 30 шақырымдай ғана жер. Демек, екі жазушының да өскен ортасы, жұтқан ауасы, көзін ашқаннан көрген табиғаты бірдей. Бір-біріне жақын орналасқан қазақ ауылы мен қырғыз айылының адамдары бір-бірінің тілін жақсы түсінеді. Сонымен бірге салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі де ұқсас.

Қазақ әдебиетінің классигі Шерхан Мұртазаның қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын соншалықты ыстық ықыласпен қабылдап, қазақ тілінің бояуымен шебер сөйлетуінің өзі де осынау тарихи туыстық пен бауырластықтан бастау алады. Шыңғыс Айтматов шығармаларын ол алғаш рет «Ботагөз» әңгі-

месін аударудан бастады. Содан кейін «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повестері мен «Боранды бекет», «Жанпида» романдарын тәржімалады. Сөз жүзінде қазақ, қырғыз халықтарының тілі ұқсас дегенімізбен, жазба тілі, әсіресе көркем әдеби тілі мүлде бөлек. Өйткені ауызекі тілде бір-бірін оңай түсінетін екі халықтың қарапайым өкілі кітап бетін ашқанда бір-бірінің тілін түсіне алмай қиналады. Бұл – әрине, әр тілдің өзінің көркемдік, танымдық ерекшеліктеріне байланысты дүние. Сондықтан да Шыңғыс Айтматов шығармаларын қазақтың көркем тілімен тәржімалау, олардағы тамаша табиғат суреттерімен, адам мінездерімен қатар өрілетін астарлы ой, терең толғаныстарды шынайы, таза қалпында жеткізу Шерхан Мұртаза секілді біртуар таланттардың ғана қолынан келеді.

Шындығында, Ш. Айтматов шығармаларын аударудың қаншалықты қиынға соққанын Шерхан Мұртазаның өзі бір сұхбатында былай деп атап өтеді: «Жанпиданы» орышадан қазақшалау бұл жолы маған біраз қиын соқты. Әсіресе Авдий тараулары: дінге, биік материяға байланысты толғамдар, ойлар, Иисус Христос пен Понтий Пилаттың айтысы... Оны аударудан бұрын тіпті «Библияға» («Інжілге»), оның Қадимше және Жәдидше (Ветхий и Новый заветы) өсиеттеріне тағы да үңілуге тура келді. Бұл кітап жөнінде де кейбір тоғышарлар арасында күңкіл-сүңкіл әңгімелер жүрді. Біздің тоғышарлар: ойбай, Айтматов біздің Мойынқұмды ондырмай жазыпты! – деді. – Облыс басшыларын сынап тастапты, – деді. Ал Орталықтағы тоғышарлар: Айтматовтың христиан әлемінде несі бар дегісі келді. Ал бүкіл дүние жүзі Айтматовтың жаңа романын сиясы кеппей жатып, қолдан-қолға қағып алып, өз тілдеріне аударуға асықты.

Шындығында, шынайы суреткердің шығармасын шынайы суреткер ғана өз деңгейінде көркем, шыншыл етіп аударалады. Мұндайда қазақ халқы «Зер қадірін зергер ғана біледі» дейді. Жалпы, Ш. Айтматов шығармаларында кең-байтақ қазақ даласының суреттері көп кездесетіні анық. Ал енді «Жанпида», «Боранды бекет» романдарының оқиғасы қазақ жерінде өтеді.

Кейіпкерлері де – қазақтар. Және солардың аузымен баяндалатын небір тамаша аңыз-әңгімелер де – біздің халқымыздың қазынасы. Алайда өзге тілде жазылған шығармадағы оқиғалар, кейіпкерлер, аңыз-әңгімелер қаншалықты таныс болған сайын аудармашыға соншалықты салмақ түсіретінін аңғару қиын емес. Себебі аудармашы өзіне жақсы таныс дүниенің барынша шынайы, көркемдік тұрғыдан өте биік деңгейде болғанын қалайды. Сондықтан да өзі жазып отырғандай күй кешіп, екі есе еңбек етеді. Тіршілік болған соң аударма ісінің мұнан да басқа қиыншылықтары жеткілікті. Бұл енді таза адамгершілік қарым-қатынас пен тұрмыс-тіршілікке байланысты жайттар. Бірақ осының өзінен-ақ аудармашының бұл іске қандай мақсатпен, қандай ниетпен кіріскенін аңғаруға болады. Бұл ретте Шерхан Мұртазаның өзі былай деп сыр шертеді: «Мен «Боранды бекетті» қазақшаға аударып жүргенде, мынадай бір сорақылау әңгіме болды. Сол кездегі Госкомиздаттың бастығы баспаның директорын қысады: «Буранный полустанокті» аударуға неге шарт жасастың? – деп. – Қалайда шартты бұз. Мұртазаевқа айт, басқа кітап аударсын!» – деп. Мұртазаев оған көне қоймайды. Ол кітап аударса ақша табу үшін аударып жүрген жоқ. Өзінің жазатын дүниесі жетеді. Аударса, Айтматовтың кітабын шын құлай сүйгендіктен, бар жан-тәнімен беріле аударады. Басқа кітап керек емес». «Міне, байқадыңыз ба, ол «Аударса, Айтматовтың кітабын шын құлай сүйгендіктен, бар жан-тәнімен аударады». «Мұны Шерхан Мұртазаның өзі айтқан. Әйтпесе, оның өзінің де кезек күтіп тұрған шығармалары аз емес еді ғой...» (Алма Шерханқызы. Шыңғыс пен Шерхан. «Егемен Қазақстан», 07.03. 2019).

Ш. Айтматов бақилыққа аттанарының сәл-ақ алдында Қазақстанда болып, онжылдығын атап өтіп жатқан Астананың құлпыра түскен келбетіне шын сүйсінген еді; Елбасының қабылдауында болып, болашақ жоспарлары жайлы ұзақ әңгімелескен еді; қазақ қаламгерлерімен қаумаласа көрісіп, шығармашылық ойлар бөліскен еді. Алда бірге атқарар талай-талай жоспарлар межеленген-ді. Жазмыш тағдыр олардың жүзеге асуын жазбапты.

Осыдан отыз жыл бұрын жазушы елуге толғанда, қазақтың жастар газеті («Лениншіл жас», 12.12.1978) «Адамзаттың Айтматовы» атаған, одан кейінгі дәуірде бүкіл түркі әлемінің әдебиет айдынындағы жарық жұлдызына, Шығыстың Шыңғысына, заманымыздың заңғар жазушысына айналған Шыңғыс Айтматов сексен жылдығына алты-ақ ай жетпей, жарқ етіп бұл өмірмен қош айтысқанда, суық хабар қазақ елін де теңселтіп кетті. Қазақ елін ғана емес, «Азияның айдынды төрі мен Алатаудың айбынды мұзарт шыңдары дір еткендей болды» (Н. Оразалин).

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «Барлық туысқан қырғыз халқына әлем әдебиетінің патриархы, қырғыз халқының бас ұлы, Қазақстанның үлкен досы, бүкіл түркі әлемінің мақтанышы Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың кенеттен қайтыс болуына байланысты терең сезіммен көңіл айтамын.

Аса дарынды жазушы планетарлық деңгейде ойлай білді, сол үшін ол «Адамзаттың Айтматовы» атанды. Әлемнің көптеген елінің оқушылары сөз зергерінің әрбір жаңа шығармасын үлкен тағатысздықпен күтуші еді, оның шығармаларынан үлкен рухани нәр мен өнегелік бағыт алатын.

Кенеттен келген ажал біздің ортамыздан ұлы тұлғаны алып кетті. Аса зор дарын, мызғымас бедел иесі жүрегінің соңғы дүрсіліне дейін адамдардың, гуманизм мұраттары мен адам-сүйгіштіктің игілігі үшін еңбек еттік» («Жалын», 2008, №7, 2-бет), – деген көңіл айтуын жолдады.

Ш. Айтматовтың қазасын бүкіл түркі жұрты, әдеби әлем аза тұтты. ЮНЕСКО-ның Бас директоры Коитиро Макуура: «XX ғасырдың белгілі әдебиет классигі өмірден өтті», – деп жазды. Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведев «XX ғасырдың аса көрнекті жазушысы, тамаша тағдыр мен зор творчестволық қуат иесі өмірден озды. Ізгіліктің, әділеттілік пен гуманизмнің мұраттарын қалыптастырған Шыңғыс Айтматовтың шығармалары сан түрлі ел мен ұрпақтың жүрегіне төте жол тапты. Оның өте бай әдеби мұрасы бүкіл әлемнің шын мәніндегі рухани байлығына айналды. Шыңғыс Айтматов енді біздің арамызда

жоқ, бірақ қалған уақыттың бәріне оның дана сөзі қалады және осы ұлы жазушы жайлы мазмұнды әрі жарқын сана сақталады», – деген пікірін білдірді.

Ұлы жазушы өмірден аттанарда көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері көңіл айтты. Олардың қатарында КСРО-ның бұрынғы Президенті М. Горбачев («Ол менің үлкен досым еді»), Украинаның Президенті В. Ющенко («Заманымыздың атақты тұлғасы, адам жанының нағыз білгірі Шыңғыс Айтматовтың жарқын бейнесі мен орасан зор дарыны оның замандастарының жадында сақталады әрі болашақ ұрпақ үшін жарқын үлгі ретінде қызмет етеді»), Әзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев («Шыңғыс Айтматовтың бүкіл өмірі мен қызметі, қайталанбас шығармашылығының өн бойы жоғары азаматтық, рухтық өнегелікпен өрнектелген»), Тәжікстанның Президенті Эмомали Рахманов («Әлем әдебиеті ауыр және орны толмас шығынға душар болды»), Өзбекстанның Президенті Ислам Кәрімов («Шындықты көркем бейнелермен айшықтайтын, біздің сезімдеріміз бен уайымдарымызға дара ой салатын Шыңғыс Айтматов өз шығармаларымен әлем әдебиетінің қазынасына үлкен үлес қосты»), Татарстанның Президенті Мінтемір Шәймиев («Шыңғыс Айтматов – бүкіл әлем мойындаған сөз зергері, нағыз гуманист. Мен үшін Шыңғыс Төрәкұлұлы ұлы жазушы әрі беделді қоғам қайраткері ретінде ғана емес, дана, нағыз дос әрі бауыр боп қалады. Ол әрбір шығармасында әділеттілікке деген сенімді бекітіп, адам бақыты үшін күресуге қабілетті жанқияр кейіпкерлерді дүниеге әкелді») бар, олар Ш. Айтматовты әлемдік әдебиеттегі аса ірі суреткер, ұлы гуманист, биік тұлға деп бағалады.

Қайғылы хабарды есіте салысымен-ақ Қазақстанның зиялы қауымы түгелге жуық ұлы жазушыны соңғы сапарға шығарып салу үшін Бішкекке жетті. Қаралы жиында қазақ елінің ресми делегациясын бастап барған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаевқа алғашқылардың қатарында сөз берілді. Ол: «Торқалы тойда қуанып бас қосатын, төс қағыстырып табысатын қырғыз-қазақ бүгін топырақты өлімде

бас қосып, бір-бірімізге салауат айтып тұрмыз. «Қырғыз-қазақ бір туған» деп, бабаларымыз жырлаған жырдың егіз жолындай, бір адамның екі қолындай бауырлас қырғыз халқының иығына түскен бүгінгі ауыр да азалы жүкті бірге көтеруге келіп тұрмыз. Ортақ қайғыға ортақ көңілімізді танытқалы келіп тұрмыз. Шыңғыс Төреқұлұлы қырғыздың ғана емес, қазақтың да мәдени-рухани әлемін жаңа, заңғар биікке көтерген, халықтарымыздың салт-дәстүрін әлемге танытуда ортақ перзенттік парыз атқарған аса көрнекті тұлға еді. Ұлы Әуезовтің назарына жастай ілігіп, қасиетті сөздің қастерлі байрағын көтерген, екі халыққа егіз ұл болып, салтанаты мен мархабатын қатар көтерген жан еді. Сөз өнерінің саңлағы, қызыл тілдің ардағы, мәдениетіміздің тарланы еді. Біз әлем әдебиетінің алыбы, шоң қаламгер, гуманист, талантты туындылары төрткүл дүниенің төрт бұрышына тегіс жеткен Шыңғыс ағаны мақтан етуші едік», – деп, ұлы жазушы туралы бүкіл қазақтың ортақ ой-пікірін жеткізді.

Ш. Айтматовпен ұзақ жылдар бойы ағалы-інілі болып, шығармашылық достықта жүрген қазақтың ақиық ақыны Мұхтар Шаханов сол бір азалы жиында тебіреніп, теңселе тұрып, жүрекжарды пікірін қыр ғып төкті. Онда мынадай жолдар бар:

«Сені өлді деп, кім айтады Шыңғыс аға, Шоң аға,
Әр шығармаң қайталанбас жеке, ұлы мұнара.
Жетінші рух түйсігінің жотасынан жағар от,
Сендей дос жоқ мен сорлыға, сенен жақын аға жоқ.
Көз жұмуың ұлғайтқанмен жүрегімнің жарасын,
Тынбай жалғай бересің сен ел мен елдің арасын.
Иә, екінші Манассың сен, Манаспен тең данасын,
Күнде рухпен, сөзбен емдеп, мәңгірттердің санасын
Және ана-табиғатпен тауып мәңгі жарасым,
Енді Алатаудан да зор Шыңғыс тау боп қаласың!»

(«Жалын», 2008, №7, 13-бет).

Ш. Айтматовтың қазасына байланысты қазақ баспасөзі түгелдей дерлік материалдар берді. Бас газет «Егемен Қазақстан» (13.06.2008) «Адамзат Айтматовынан айырылды» деген тақырыппен тұтас бір бетін арнады. Онда қазіргі қазақ әдебиетінің ақсақалдары мен қарасақалдары Шыңғыс жайлы ыстық

лебіздерін білдіріпті. Ш. Айтматов шығармаларын қазақ тіліне негізгі аударушылардың бірі Шерхан Мұртаза: «Шын дүниеде Шыңғыс енді Манас бабасымен табысқан шығар. Бұл Шыңғыс енді бұдан шамада 900 жыл бұрын жасаған Шыңғыспен де табысқан шығар. Ол жарты әлемді қылышпен жаулап алса, бұл Шыңғыс бүкіл әлемді қаламмен баурап алды. Рухтары мәңгі сөнбейтін алыптар екі дүниеде де жарқырайды», – деп, тебіренді.

Олжас Сүлейменов: «Қазақ табиғаты, далалықтар бейнесі Әуезовтен кейін барынша планеталық тұрғыда Айтматовтың романдарында көрінді... Шыңғыс Айтматов феномені туралы әлі көп айтылатын болады. Өзін Еуразияда мыңжылдықтар тоғысында танылуы кездейсоқ болмаған осынау тұлға қандай екенін оның бүкіл болмысын ой елегінен өткізіп, түсіну үшін уақыт қажет», – деп жазды.

Ш. Айтматов алғашқы әңгімелерінің біріне пікір айтқан Әбіш Кекілбаев: «...Шыңғыс Айтматов барда арқамыз жарға сүйеулі еді ғой. Алайда өзі ортамыздан кетсе де әлемдік әдебиет кеңістігінде Алатау баурайында тігілген тойлы ауылдай қақырайып, Айтматов әлемі қаз-қалпында тұр. Сағынсақ, соны аралап, мауқымызды басамыз. Дағдарсақ, кітабын ашып, ақ пейіл ұстазбен ақылдасамыз. Қан базардай қымқуыт біздің заманымызда адамзатқа, бір-біріне тонның ішкі бауындай жақын біздің халықтарға Айтматовтай данагөй берген тағдыр мен тарихқа тәубе дейік!» – деп, мазасызданған жүректерді сабырға шақырады.

Жазушылар Төлен Әбдіков пен Әлібек Асқаров: «Өкінбейтін жалғыз нәрсе – Шыңғыс Айтматов шығармаларының бізден кейін де талай-талай ұрпақтың жанына ізгілік шуағын төгіп, тазалық пен мейірімділіктің, елге, өнерге деген, адам баласына деген сүйіспеншіліктің өмірден өшіп кетпеуіне қорған болып, адамзатпен бірге жасайтындығы», – деп, тәубе етті.

Шыңғыстың ұзақ жылдар қасында жүрген, рухани інісі Мұхтар Шаханов Айтматов шығармаларында көркемдікпен көтерілген адамзат алдында тұрған ауқымды проблемаларды, оның ішінде мәңгүрттену мәселесінің барынша шынайы көрініс тапқандығын айта келіп: «Қырғыз топырағындағы Манастан

кейінгі ұлы тұлға Шыңғыс Айтматовтың сан миллион тілек-тестерінің рухын тасытып, бірен-саран қызғаншақтардың мінезін жасытатын дара ғұмыры – екінші ғұмыры басталды», – деп толғанды.

Академик Рымғали Нұрғали: «Сонда біз Айтматов арқылы күллі түркі жұрты үшін, бүкіл мұсылман әлемі үшін мақтанатынбыз», С. Абдрахманов: «Адамзат Айтматовынан айырылғанда ет жүректі әр адам қалай аһ ұрмасын, көкірегін күрсін қалай кернемесін?!» – деп, тебіренді.

Шыңғыстың тағы бір рухани інісі Нұрлан Оразалин: «Иә... Шыңғыс Айтматов есімі – бір ұлттың, бір халықтың, бір аймақтың, бір құрлықтың үрдіс-үлгісін танытар ұғымдармен шектелмей, ғасырмен, ғасырлармен безбенделер, жалпыхалықтық, жалпытүркілік, жалпыадамзаттық өлшеммен бағаланар мәңгілік биігіне көтерілген ұғым», – деп, адамзаттың Айтматовы рухы алдында басын иді.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 2008 жылғы 13 маусым күні №24 санының бірінші беті «Түркі дүниесінің тау тұлғасы құлады» деген тақырыппен ашылған. Онда «Қазақтың игі жақсылары» «Шықаң» деп әспеттеп, қасиеттеген Шыңғыс Айтматов дүниеден озғанын естіген мезетте етбауыр жақыныңнан айырылғандай бөлекше күйді басымыздан өткергеніміз рас... «Өкпеге қиса да өлімге қимайтын» азаматынан қазақ қауымы да айырылып отырған жайы бар, ендеше» деген жолдар бар. Ақын Ш. Сариев:

«Жанды өртеніп жүрегің жанғанынша,
Қақтың канат қанатың талғанынша.
Сен өлмейсің, уа, Шыңғыс, сен тірісің,
Жар бетінде бір қырғыз қалғанынша,
Жер бетінде бір қазақ қалғанынша», –

деген жыр жолдарын төкті.

Академик Т. Кәкішұлы: «Шыңғыс – әлемдік құбылыс. Ол жалғыз қырғыз халқының перзенті емес. Әлем халқының азаматы, оның ішінде қазақтың да ұланы... Менің елімнің, халқымның рухани дүниесін жарқыратып көрсеткен Шыңғысты өзіміздің

классигіміз, ұлымыз деп тануға бармын. Солай қадірлеймін, солай құрметтеймін», – деп жазды.

«Әдебиет айдыны» газеті бірінші бетіне «Адамзат Айтматовынан айырылды» деген үлкен тақырыппен жазушы туралы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жазушыға арнаған қазанамасы мен бірнеше автордың материалдарын топтама түрінде берген.

Қаламгерлер Ә. Нұршайықов, С. Досанов, С. Елубай, Н. Оразалин қазаға қайғырып, көңіл білдірді. Ақын К. Салықов:

«Жаңылды ажал тағы да,
Жер көкке салып наланы.
Жаралған адам бағына,
Шыңғыстай жұтты дананы»

– деп, ұлы жазушыны жоқтады.

Қазақ қаламгерлерінің Ш. Айтматовтың қазасына қатысты көңіл білдірген пікірлері «Түркістан» (К. Адырбекұлы. Қош бол, Шоң аға! 12.06.2008), «Заң газеті» (Адамзат Айтматовынан айырылды. 12.06.2008), «Президент және халық» (Адамзат ардақтаған Айтматов. 13.06.2008), «Айқын» (Қ. Ысқақ. Адамзаттың Айтматовы еді. 12.06.2008), т.б. басылым беттерінде кеңінен жарияланды.

Шыңғыс бұл дүниеден қош айтысқанда қазақтың ұлтжанды зиялы қауым, көзі қарақты қалың оқырманы – қалың қазақ қайғырып, асылынан айырылғандай мазасыз күй кешті. Мұның барлығы да Ш. Айтматов шығармаларының әрбір қазақтың ой-аңсарын дөп басып, жүрек қылын тербеп, сырласына айнала білуінен деп түсінген жөн.

Ш. Айтматовтың әлемдік әдебиетке алып келген жаңалығы мол. Өзі бақилық болғанымен де Шыңғыстың екінші өмірі – шығармалары арқылы жалғасады. Айтматовтың әдеби әлеміне әлі де талай ұрпақ өкілдерінің үніліп, өздерін толғантқан көкейкесті сауалдарына жауаптар тауып, кейіпкерлерімен сырласып, мұңдасып жатуы хақ. Адамзат қоғамының алдында өзекті әлеуметтік мәселелердің Ш. Айтматов шығармаларында

қалайша көркемдік құралдармен шешімін тауып жатқандығын анықтау әдебиеттану ғылымдарының болашақта атқаруға тиіс жұмыстарының еншісінде. Жазушы шығармаларының идеялық, көркемдік ерекшеліктерін анықтай түсу қазақ ғалымдарының да алдында тұрған келелі міндеттердің қатарында. Оларға тоқталып жату да бұл мақаланың міндетіне жатпайды. Сонда да болса кезінде әлемдік әдебиетке, сол арқылы әлеуметтік өмірге Ш. Айтматов алып келіп ендірген мәңгүрттік сана туралы аз-кем тоқтала кеткен жөн.

«Мәңгүрттік сана» термині әдебиетке Шыңғыстың «Боранды бекет» (1980) романы арқылы келді. Ал қазақ әдебиетінде мәңгүрттің бейнесі одан бұрынырақ, нақтырақ айтқанда, Әбіш Кекілбаевтың «Дала балладаларында» (1968) көрінген болатын. Бірақ Әбіштің мәңгүрті мен Шыңғыстың мәңгүрті екі басқа. Ә. Кекілбаевта мәңгүрт жасау – жауласқандардың дұшпанынан кек алу, оны мұқату, қорлау түрі. Оның «Күй» повесіндегі мына бір көрініске назар аударайық: «Қолдарына ағараңдаған бір жапырақ тері ұстаған алты жігіт қалың топты жарып өтіп, тұтқындарға беттеді. Манадан бері білектерін сыбанып тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп, жерге бұқтырды, алты жігіттің қолдарындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы бойындағы жып-жылы тері жаңа ғана шашы алынған жалтыр басқа жабыса кетті. Тұтқын балалар бұның не екеніне түсіне алмай, айналасына әлі алақтап отыр. Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықситып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді. ...Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап, шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп, тырысып барады. Қаудырлап кеуіп жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады... Алты тұтқын айдалада ауыз жаппай сарнап келеді. Олар бір апта бойы осылай зар илеп, шыңғырды да жүрді. Сосын

бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан бастың құйқасын тесіп, кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айырылды...» (Әбіш Кекілбаев. Таңдамалы. 1-том. – А., 1989. – 224-225-беттер).

Ал Ш. Айтматовтың мәңгүрттікті суреттейтін «Боранды бекет» романының оқиғасы да қазақ даласы Сарыөзекте өтеді. Әбіштегі оқиға нақтылы бір кезеңде, яғни қазақ-түрікмен жаугершілігі кезінде суреттелсе, Шыңғыста нақтылы емес; Анабейіт туралы «атадан қалған аңыз бойынша» баяндалған: «Жуан-жуандар ондай құрбан құлдардың басына кепеш кигізіп, айуан азаппен ақыл-есінен айырады екен. Әдетте мұндай азапқа қолға түскен жас жауынгерлер ұшырайтын. Ең әуелі олардың шашын бір қылшық қалдырмай тақырлап тұрып ұстарамен қырып алады. Шашын алып бола берген тұста жуан-жуанның жалаңдаған қасапшылары таяу жерде ең сыйдаң-саяқ түйені сойып тастайды. Түйенің терісін сыпырып жатып, ең қалың деген төстік көнтерісін бөлек кесіп алады. Сол көнді кесіп-кесіп, әлі жып-жылы буы бұрқыраған қалпында тұтқынның жап-жаңа алынған тақыр басына қаптай қойған кезде осы өзіміздің қазіргі заманда суға жүзгіштердің басына киіп алатын резинка шәпке сияқты, сып-сығыр желімдей жабыса қалады. Басқа көн қаптау деген осы екен. Мұндай сыпатқа ұшыраған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай, ақылынан адасып, өткен-кеткенін мүлде ұмытып, өмір бақи мәңгүрт құлға айналады. Бір түйенің төс терісінен бес-алты кепеш шығады екен. Басына кепеш қапталған сорлының мойнына ағаш мойынтұрық кигізіп қояды. Ондағы амал: тұтқын басын жерге жеткізе алмауы керек. Осы бір кейіпте әлгі тұтқынды жуан-жуандар аяқ қолын тырыстырып байлап, шақшиған күннің астына, ассыз-сусыз, айдалаға апарып тастайды. Өйткені әлгі тұтқын жаны қысылғанда құлындай шырқырап, өлердегі дауысы шығып, жуан-жуандар ауылының тынышын алады. Бұл тозақ бірнеше тәулікке созылатын болған...

Айдалада азап кепеш кигендердің Сарыөзек аптабынан тірі қалғандары аз болыпты. Әлгі мәңгүрттердің бесеу-алтауынан тек

бір-екеуі ғана тірі қалатын көрінеді. Өлгендері аштықтан да емес, тіпті сусамыр шөлден де емес, күнге кеуіп тырысқан көн терінің басты шығыршықтай қысқан жан шыдатпас талқысына шыдай алмай өледі екен. Тақыр шекедегі шикі көн шыжыған күннің ыстығымен құрысып, тырысқан кезде тұтқын-құлдың басына темір құрсау салып бұрағандай сықырлата сығады. Күн екінші тәулікке айналғанда-ақ азапкердің тақыр басына шаш шыға бастайды. Азиялықтың тікендей қайсар шашы кей-кейде көн теріні тесіп кіріп кетеді екен де, көбінесе шығарға тесік таппай, кері қарай иіліп барып, бастың өзін бұрғылай бастайды. Ондайды құдай дұшпаныңа салмай-ақ қойсын. Сол азаптың ақыры ақыл-естің айнуына ұласады...

Мәңгүрт өзінің кім екенін, ел-жұрты, руының кім екенін, өз атының кім екенін білмес. Балалық шағы, әке-шешесі де мүлде есте қалмас. Бір сөзбен айтқанда, мәңгүрт өзінің адам екенін аңғармас. Өзінің кім екенін білмейтін, сезбейтін мәңгүрттердің шаруашылық тұрғыдан келгенде толып жатқан артықшылығы болған. Ол да бір, тілсіз мақұлық мал да бір, сондықтан ол қауіпсіз де, иесіне шексіз бағынған құлақкесті құл. Қашып құтылып кету деген ұғым оның ойына мүлде келмес. Қай құлды алмаңыз, ішінде нағыз бүлікбас бұғып жатады. Мәңгүрттің басқа құлдардан өзгешелігі сол – онда ешқашан бүлік шығару, бағынбау деген сезім оянбас. Ондай пиғылдан ол ада. Сондықтан да оны қадағалап, қарауылдаудың қажеті жоқ, жаман пиғылы бар-ау деп сезіктенудің де реті жоқ. Мәңгүрт те ит сияқты, иесіне ғана пейіл. Басқа ешкіммен ол сұхбаттаспас. Бар ойлағаны қу қарынның қамы – қарны тоқ болса болды. Ал енді тапсырылған іске жан-тәнімен кірісіп, пәруана беріліп, мүлтіксіз орындайды...» (Ш. Айтматов. Боранды бекет. – А., 1986. – 107-бет).

Екі мәтінді салыстыра қарағанда, ұқсастығы да, айырмашылығы да байқалады. Ұқсастығы – мәңгүртті қолдан жасайтындығы. Айырмашылығы – Әбіште адамдарды мәңгүрт жасау ісі өмірде болған нақтылы оқиға ретінде суреттелсе, Шыңғыста Найман-Ананың тағдырына байланысты аңыз ретінде баяндалады. «Күйде» қысқа ғана көрініс тапса, «Боранды бекетте» мәңгүрттіктің анатомиясы барынша кеңірек жалаңаштанған.

Шыңғыста оқиғаның үшінші жақта баяндалуы публицистикалық сарындағы авторлық көзқарасқа ұласып отырады: «Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы адамды ақыл-есінен айыру да. Ақыл-ой адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына ғой. Біреудің қолында бар байлық басқа біреуде де бар болар, ал ақыл-ой тек саған ғана тән, басқалардікінен бөлек жалғыз асылық. Өзінің түнек тарихынан тағылықты ең сұмдық, қатігез түрін мирас қылған көшпенді жуан-жуандар адамның әлгі ең асыл қазынасына қорқаулық жасаған. Олар құлдарды сап-сау күйінде ақыл-есінен таза адастыру амалын тауып, сол арқылы адам баласының болмысына дүниедегі зұлымдық біткеннің ең бір сорақы-зорақысын қолданған ғой» (сонда). Бұл жерде ХХ ғасырдың соңғы ширегіне қарай қоғамда көрініс тапқан мәңгүрттікке қарсы айтылған автордың пікірі айқын көрінеді.

Ш. Айтматов дала аңызындағы Найман-Ананың бейнесін, тағдырын шеберлікпен сомдау арқылы мәңгүрттіктің адам баласы үшін аса қатерлі әлеуметтік дерт екендігіне көзіңізді жеткізеді. Осы бір қауіпті құбылысқа жұртшылық назарын аударады; мәңгүрттіктің алғашқы құрбандарының бірі болған Найман-Ананың аузымен оған қарғыс айтады; адамзат қоғамын, әсіресе аз ұлт өкілдерін мәңгүрттіктен сақтандырады.

Бұл жерде мынадай мәселе туындауы мүмкін. Екі жазушының қайсысы алғаш рет мәңгүрттік мәселесін көтерді? Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, мәңгүрттік туралы алғаш қалам тартқан Ө. Кекілбаев та, ал оны аса маңызды әлеуметтік проблема ретінде көтеріп, оған жұртшылық назарын аударған – Ш. Айтматов. Өбіштің «Күй» повесі шыққанда ол туралы пікір білдірген әдебиетшілердің бірде-бірі онда суреттелген мәңгүрттік туралы оқиғаға қоғамдық маңызы бар құбылыс ретінде назар аудара қойған жоқ. Оған дала төсіндегі жаугершілік заманның қатыгез бір көрінісі ретінде ғана қарады. Ал Ш. Айтматов болса, адамзат қоғамында белгілі бір зымиян күштердің әсерімен етек алып бара жатқан мәңгүрттікке әлеуметтік мән беріп, оның болашақ үшін аса қатерлі екенін алғаш көре біліп, дабыл қақты. Екі суреткер бір нәрсеге екі түрлі көзқараспен қараған, екі түрлі идеялық ой түйіндеген.

Тағы бір мәселе: «Боранды бекетті» жазарда Ш. Айтматов Әбіштің «Күй» повесімен таныс болды ма, болса оның Шыңғыстың мәңгүрттікті суреттеуіне қаншалықты әсері болды? Ш. Айтматов өзінің бір сұхбатында өз романын жазарда осыдан он жылдай бұрын шыққан «Күй» повесімен таныс болмағандығын айтады. Сонда қалай болған. Сонда қазақ жазушысы мен қырғыз жазушысының қаламына қорек болған қазақ даласында сандаған жылдар бұрын өткен тарихи оқиға, не болмаса соған негізделген аңыз деуге негіз бар. Екі жазушы оны екі түрлі уақытта, екі түрлі мақсатпен, екі түрлі көркемдік тәсілмен суреттеген.

Ш. Айтматовтың шығармашылық ерлігі сол, ол «Боранды бекет» арқылы Кеңес империясы барынша күшейіп тұрғанның өзінде ол жүргізіп отырған КСРО-да біртұтас «совет халқын» қалыптастырып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдениет жасау арқылы басқа халықтарды ұлттық сана-сезімінен айырып, орыстандыру саясатына қарсы шығып, алғаш үн көтерді. «Боранды бекет» шыққан соң жұрт елді ендеп бара жатқан мәңгүрттікке назар аударып, ұлттың болашағы үшін аса қатерлі дерт деп танып, дабыл қақты.

Мәңгүрттік проблемасы, әсіресе, туысқан қос халық – қазақ, қырғыз үшін аса зәру мәселе болатұғын. Екі елде де ұлтжанды азаматтар Шыңғыс ушығып тұрған әлеуметтік құбылыс ретінде көрсеткен мәңгүрттікке қарсы ашық күреске шықты. Ш. Айтматовтың туысындай болып кеткен үзеңгілес інісі әрі «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе-романды бірге жазысқан шығармашылық әріптесі Мұхтар Шаханов мәңгүрттікке қарсы осы бір аса құрметті де қауіпті күреске мен қазақтың дегендерді бастап, атой салды. Ол қазақ тілінің республика көлемінде өзіне лайықты орнын алуға, яғни мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өмірдің барлық саласында кеңінен қолданылуын талап еткен қоғамдық қозғалысты ұйымдастырып, оның ту ұстаушысы болды. М. Шахановтың Ш. Айтматовпен азалы қоштасуда оқыған өлеңінде мынадай жолдар бар:

«...Ол көтерген мәңгүрттену мәселесін алалық
Неге қазір сол қасірет емес мұңлы жаңалық?

Бұл ғасырда мәңгүрт болу тіпті бақыт саналып,
Нақ бір қажет игіліктей жатыр жұртқа таралып.
Қалың елді осы індеттен сақтандыру мүмкін бе?
Үш-төрт қазақ, қырғыздың бірі мәңгүрт бұл күнде.
Ұлттың жеткен жері осы ма қанша ғасыр жол жүріп?
Мәңгүрт емес басшы көрсе таң қалатын болды жұрт.
Тіл – ұлы Ана, өз анасын менсінбеудің мұңы бар,
Кінәлілер сөзсіз оның кие – күшін ұғынар...
Қаптап кетті өлкемізді әңгүдіктер – әңгүрттер,
Тілің, рухын сүймегеннің барлығы да мәңгүрттер.
Бұл бағытпен мүмкін бе ертең ұлттың ұлт болып қалмағы?
Міне, Айтматов ойларының салмағы мен толғағы...

(«Жалын», 2008, №7, 13-бет).

Осы мәселеге орай, Қырғызстанның халық ақыны, Қырғыз Республикасының халық батыры Сүйінбай Эралиев қазақстандық әріптесі М. Шахановқа төмендегіше хат жолдапты: «Мұхтар інім, сенің аға-досың Шыңғыс Айтматов қырғыз бен қазақта ғасырлар бойы қолданылып келген, адамның есін, ой-санасын жою арқылы, тіпті туған анасын да танымай қалуға алып баратын мәңгүрттендіру қасіретін жан тітіркендірер ащы бояумен әлемдік әдебиетке ендірді. Қазіргі таңда генеологиялық, рухани-физиологиялық, қоғам-философиялық өзгеріске ұшырап үлгерген, ұлтсыздандыру процесінің қазанынан шыққан жаңа мәңгүрттер қазақ пен қырғыздың билігін түгелге жуық жаулап алмады ма? Егер ұлттың ең ұлы анасы тіл екенін назарда ұстар болсақ, сол анасына мүлде менсінбей қарайтын, тіпті ұлтына да беті бүлік етпей тас лақтыруға әр кез әзір тұратын космополит қырғыздар мен қазақтардың тым көбейіп кетуі ортақ қасіретіміз екені айқын. Айтматов суреттеген мәңгүрттер түбегейлі есінен айырылған болса, қазіргілер оларға керісінше білімді, ғасыр мен техниканың, тіпті руханияттың озық жетістіктерін меңгерген, бірақ табиғат заңдылығына кереғар, өз анасын – ана тілін, ұлтын ашық түрде менсінбеуге көшкен, ғасыр рухсыздығы мен ұлтсыздандыру саясаты тудырған жаңа сипаттағы мәңгүрттер. Негізінен, билік тапсырмасы арқылы қозғалатын бұл топ біздің ұлттарымыз үшін анау көне мәңгүрттерден әлдеқайда қауіпті.

Өздеріңде жаңа бастама ретінде «америкалық ұлт»

ауқымында көтерілген «қазақстандық ұлттың» ертең «қырғызстандық ұлтқа» айнала салуы да әбден мүмкін. Ұлттарды тікелей жоюға алып баратын осы процеске терең үңілсек, онда республикамыздағы орыстар Пушкинімен, Лев Толстоймен, қазақтар Әбу Насыр әл-Фарабиімен, Абайымен, өзбектер Ұлықбегімен, Әлішер Науаимен, қырғыздар Манасымен, Шыңғыс Айтматовымен мақтана алмайтын жағдайға келмей ме?» («Жас алаш», 18.09.2008).

Ш. Айтматов: «Әдебиет дегеніміз – адамның адам туралы әңгімесі. Бұл әңгіменің шеті де шегі де жоқ», – деген екен. Сол сияқты Айтматов туралы әңгіме де ұзақ. Айтматов туралы шын әңгіме енді басталды. Алла жазса, Шыңғыс туралы, оның шығармалары хақында алда әлі талай-талай рет әңгіме ұзартарымыз анық... Әзірше сөзімізді ҚР Президенті Н. Назарбаевтың мына бір сөздерімен аяқтағымыз келеді: «Пәк махаббатты, адамгершілік пен отаншылдықты, қырғыз бен қазақтың биік таулары мен жазира даласын нәзік лиризм мен терең ойларға құрып, бөлмей-жармай жырлаған суреткердің кезінде ұлы Мұхтар Әуезовтен бата алғаны біз үшін зор мақтаныш еді.

Шыңғыс Төреқұлұлы жақында ғана Қазақстанға арнайы келіп, екеуіміз бүгінгі жаһандану дәуіріндегі ел мен жер тағдыры жөнінде, әдебиет пен мәдениет мәселелері төңірегінде ұзақ сұхбаттасып едік. Қазақ елі Шықанның асқаралы мерейтойын лайықты өткізуге бел шешіп кірісіп кеткен болатын. Амал не, ажал шіркін, ұлы тұлғамызды арамыздан қапыда алып кетті...

Жарты ғасырға жуық уақыт бойы әлемдік әдебиет додасынан өзінің дара үнімен дүбірлетіп тұрған Шыңғыс Айтматовты өмірден озды деуге қимаймыз. Оның адамгершілік пен жақсылыққа үндейтін, ұлы гуманистік идеяларға толы шығармалары, жарқын дидары әрдайым адамзатпен бірге жасай беретіндігіне ешбір күмән жоқ. Енді оның екінші – мәңгілік өмірі басталады» («Егемен Қазақстан», 13.06.2008).

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «МӘҢГҮРТТІК» МӘСЕЛЕСІ

«Мәңгүрт» атауы қазақта бұрыннан бар. Ақыл-есі, санасы кемдеу адамдарды мәңгүрт деген. Ұлттың ұлт болып дами беруі үшін халықтың ішінен мәңгүрттердің шықпауын бабаларымыз есте жоқ ескі замандардан ойластырған. Халқына, ұлтына қызмет еткен ұл-қыздарын ұлық тұтып, ардақтап, елінен, жерінен безгендерді қарабет қылып, кейінгі ұрпақтарға небір өсиет, аңыздар қалдырып отырған. Сондай аңыздың бірі Ә. Кекілбаевтың алпысыншы жылдары жазған «Күй» повесінде көрініс тапты. Кеңес империясының орыстандыру саясатының барысында жүзеге аса бастаған мәңгүрттікті зиялы қауым ішінде алғаш рет байқап, оның зардабын суреттеуі, жұртшылыққа ескертуі кейіннен қазақтың атақты жазушыларының бірі болған Әбіш шығармашылығының ойшылдық сыпатының бір қыры болса керек.

Кеңес империясы тұсында басқа халықтарды ұлтсыздандыру саясаты коммунизм құратын жаңа тұрпатты «совет халқын» жасауды ресми түрде мақсат тұтты. Шындығына келгенде, бұл дегеніміз, КСРО құрамына кірген 200-ден астам ұлтты орыстандыру болатын. Осындай саясаттың салдарынан империя ыдырағанда, 100-ден астам ұлт өзінің ана тілінен, рухани құндылықтарынан, ұлттық дәстүрлерінен, ұлттық болмысынан ажырап, ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатыпты. Мылтықсыз майданда қазақ халқы әуірім-тәңіріммен ұлт ретінде жойылып кетпегенімен де жоғалтқаны да аз болмапты.

Тәуелсіздігімізді алып, енді ұлттық даму жолына түсе-міз бе дегенімізде, ұлттық болмысымыздың біршама орыстанып кеткенін, оны қалпына келтіреміз бе деп, іске кірісе бастағанымызда, есімізді жия алмай, батыстан соққан жаһандандудың бет қаратпас дауылына ұшырап жатқан жайымыз бар.

Бүкіл әлемді шарпыған жаһандану екпінінің қарқындылығы соншалық – ұлттық болашағымызға қатер төндіре бастады. Теңіз жағалауында дүркін-дүркін соғып, жолындағыны жайпап тастайтын цунами сияқты, қоғамдық дауыл – жаһандану да әлемнің ұлттық құрылымын тоқтаусыз қиратып жатыр. «Ғаламдандудың мақсаты – халықты тарихынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бездіріп, дүниеге көзқарасын өзгертіп жіберу. Ғаламдану идеологтары жас қауымды тек қарнының тоқтығын, киімінің бүтіндігін ойлайтын мәңгүрт етуді көздейді» (Р. Бердібай).

«Мәңгүрт» дегеніміз не? Жалпы қазақша «мәңгүрт» сөзі қырғызша «манг», «ман-гыроо», моңғолша «мангар», «мангуу», «мангар-т(а)», «мангуур(а)», тува тілінде «мангыр», «мангыы» деп айтылып, түркі халықтарының көпшілігінде «ақымақ», «есуас», «тегін ұмытқан», «зердесіз» деген мағынаны білдіреді. Кейіннен мәңгүрттер «дамып», оның дамыған бір түрі саналатын «көзқамандар» өмірге келді. Академик Рахманқұл Бердібай «мәңгүрт» пен «көзқаманды» төмендегіше айырыпты: «мәңгүрттік пен көзқамандық – бір-бірінен айырмасы үлкен екі түрлі құбылыс. Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәуегейден бетер білгір, тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратындар тәрізденеді. Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді қажет ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің қас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі, ең жаманы жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгүрттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер».

Тәуелсіз даму жолына түскен қазақ халқы өзінің ұлттық болмысын қалпына келтіру мақсатымен рухани жаңғыру міндетін алға қойды. Бұл жолдың бағыты «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» (Н. Назарбаев) болып отыр.

Көркем әдебиет – мүмкіндігі мол идеологиялық қару. Кезінде кеңес өкіметінің КСРО халықтарын мәңгүрттендіруге бағытталған саясатын озық ойлы зиялылар, соның ішінде ұлттық қаламгерлер қабылдай бермеді. Ұлттардың болашағына қауіп төндіре бастаған қатерлі саясатқа қарсы ашық күреске шығуға мүмкіндіктің жоқтығынан да жазушылар енді қаламның құдіретін пайдалана білді. Кеңестік идеологияның барынша салтанат құрып тұрған кездің өзінде-ақ қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов осы тақырыпқа батыл барып, шығармашылық, азаматтық ерлік жасады.

Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» (1980) романында қоғамдағы аса қауіпті құбылыстың бірі мәңгүрттік мәселесін, яғни адамзат баласы сана-сезімінің құлдырап, рухани катаклизмге ұшырай бастағандығын көтерді. Жазушы жарық дүниеге алып келген өз анасын атып өлтірген қазақ аңызындағы мәңгүрттік көрінісін суреттей отырып, осы бір жеке адамның басындағы трагедияның жаңа дәуірде бүтіндей бір ұлттың өзінің тілін, тегін, дінін ұмыта бастаған жалпы қоғамдық, ұлттық трагедияға айналып бара жатқанына жұртшылық назарын аударды.

Есіңізде болса, «Боранды Бекет» романы: «Тандыры кепкен өзектер мен тақыр жыралардан қу құлқынға талғау табу үшін зор шыдам керек. Біресе ін қазғыш мақұлықтың шиыр-шимай шалағай ізін кесіп, біресе саршұнақтың інін апыл-ғұпыл қазып, енді бірде жыраның тұмсығына тығылып қалған атжалман алаңқайға секіріп шықса мүлт жібермей бас салмақшы болып зарыға аңдып, кәкір-шүкір аулап ақсиган аш түлкі бүлкіл жортақпен алыстан көрінген темір жолға қасара жақындап келе жатты.

Даланы қақ жарып, ұзыннан-ұзақ бозамықтана жонданып жатқан шойын жол аш түлкіні әрі ынтықтырып, әрі үрейлендіргендей. Жерге жел ықтырған ащы кермек түтінін будақтатып, әудем жерді дүрсілдетіп, дүр сілкіндіріп иә шығысқа, иә батысқа қарай пойыздар зулап өтіп жатыр» (Ш. Айтматов. Боранды Бекет. Алматы, «Жалын», 1986, 7-бет), – деген жолармен басталатын.

Бұл жолдар – ХХ ғасырдың екінші жарымындағы экологияға ұшыраған қазақ даласының көрінісі. Ойлы оқырманды осы жолдардың өзі-ақ романның идеялық-көркемдік тереңіне қарай тарта түсетіндігін байқаймыз. Бір жағынан, экологияға ұшырап, «тандыры кепкен» қазақтың сары даласын, онда жортқан атжалман мен түлкіні көрсек, екінші жағынан сол даланың тыныштығын бұзып, даланы қақ жарып жатқан шойын жолды, онымен шығысқа, батысқа қарай зулап жатқан пойыздарды көреміз. «Даланы қақ жарып, ұзыннан-ұзақ бозамықтана жонданып жатқан шойын жол аш түлкіні әрі ынтықтырып, әрі үрейлендіргендей», – деген бір ғана сөйлемнің өзі оқырманын түпсіз ойларға жетелейді. Бұл жерде ғылым мен техниканың жетістігі саналатын темір жолдың қазақ даласына әкелген экологиялық зардабы анық көрінеді...

Романда экологияға ұрынып жатқан табиғаттың, адам баласының жай-күйін суреттей отырып, жалпы адамзаттың болашақ тағдыры туралы проблема көтерілген. Оқиға бас кейіпкер Едігенің темір жолда бірге істейтін досы Қазанғаптың дүниеден өтуінен өріс алады. Суық хабарды естіген Едігені көп ойландырған, толғандырған – қазаның өзі ғана емес, Қазанғаптай ұл да, қыз да өсірген ардагер азаматтың демі үзілер шақта

жанында аузына су тамызып, басын сүйеп, бетін жабар жан болмай, қаңыраған бос үйде жан тапсыруы.

« – Ақыр соңы сол болды бишараның. Қандай асыл еді десеңіші! Ақырында жүзін жабатын адам да болмай қалды қасында, – деп назаланды Үкібала жылап отырып. – Мұндай болар деп ойлап па едік! Ақырында, – деп барып «ит өліміндей болды» демекші еді, онсыз да түсінікті болған соң, соңғы сөзді аузынан шығармай жұтып қалды» (Ш. Айтматов. Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн) / Орыс тілінен аударған Ш. Мұртазаев. – Алматы: Жалын, 1986. – 11-бет). Едіге іштей егіліп, ер азаматтың «ит өлімімен» дүниеден өтуі күйзеліске түсіреді. Осы оқиға Едігенің роман бойындағы барлық қимыл-әрекеті мен ойына қозғаушы болады.

Едігенің еш кедергіге қарамай, өз досы Қазанғапты «Ана-Бейітке» жеткізуді мақсат етуі – оның адамгершілік сана-сезімінің табиғи көрінісі. Автордың бейнелеуінде өмірдің қазығы – Едігелер. Олар үшін өткен тарих, бүгінгі күн, болашақ – біртұтас. Бұлар – бірінен-бірі өрбіген, бірінсіз-бірі жоқ даму кезеңдері. Оны үзбейтін, өмір отын сөндірмейтін, тарихты жалғастыратын – осы Едіге секілді бүгінгі күннің абзал жандары. Қарапайым еңбек адамы Едігенің бір күні – ғасырға бергісіз. Едігенің бейнесі, оның бастан кешірген оқиғаларды еске алуы арқылы суреткер өткенді, бүгінді, болашақты біртұтас күйінде бере алған. Ұлттық сана-сезімі жоғары бас кейіпкер нағыз гуманист, адамгершілігі биік азамат бейнесінде көрінеді. Жазушының ойынша, адамзат қоғамын адам ретінде сақтап тұрған – Едігелер. Романда Едігеге қарама-қарсы сомдалған бейне – Қазанғаптың жалғыз ұлы Сәбитжан. Сәбитжан – рухани мәңгүрт жан.

Мәңгүрт ұғымын алпысыншы жылдары көркем әдебиетте бірінші болып бейнелеген – белгілі қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаев. Әбіштің мәңгүрті – Маңғыстаудағы көрші жатқан екі ел қазақтар мен түрікмендер арасындағы шапқыншылықтар кезіндегі қазақ тұтқындар. Қолға түскен тұтқындардың алдымен, шашын тықырлап алып, сол жалтыр басқа ақ тайлақтың жас терісін шешілместей етіп, кигізеді: «Әлі ылғалы бойындағы жып-

жылы тері жаңа ғана шашы алынған жалтыр басқа жабыса кетті. Тұтқын балалар мұның не екеніне түсіне алмай, айналасына әлі алақтап отыр. Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықситып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді» (Кекілбаев. Ә. Дала балладалары. 1-том. – Алматы, 2001. – 206-бет).

Әбіштің мәңгүрттері дұшпандардың қолымен зорлықпен жасалынып, азапталынады: «Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап, шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп, тырысып барады. Қаудырап кеуіп бара жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады... Алты тұтқын айдалада ауыз жаппай сарнап келеді.

Олар бір апта бойы осылай зар илеп, шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан бастың құйқасын тесіп, кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айырылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді» (сонда).

Ал Ш. Айтматов «мәңгүрт» ұғымына мүлдем жаңаша қырынан келген. Шыңғыстың – мәңгүрттері Әбіштің мәңгүрттері сияқты мәң, есуас, ақылы кем емес, керісінше, бұл өмірде білмейтін бәлесі, оқымаған нәрсесі жоқ, бірақ дүниетанымы басқа, өзін өзгелерден, өз ұлтынан жоғары қойып, артық санайтындар, өз ұлтынан жерінгендер. Оған қауіпті қоғамдық құбылыс ретінде ерекше мән беріп, күллі адамзат баласын шошындыратын, рухани дамуына тосқауыл болатын алапат күш ретінде танытты. Әбіштің есі дұрыс емес тұтқын мәңгүрті ата-бабасын біле тұра білгісі келмейтін, кешегісі мен бүгінгісі, болашағы туралы ойланбайтын, ойланса да білгісі келмейтін, менсінбейтін рухани мәңгүрттік жанында – айналайын. «Күйшідегі» мәңгүрттер біріншіден, санаулы ғана (алтау), екіншіден, оларды күштеп мәңгүрт қылса,

үшіншіден, мәңгүрттіктен мәңгүрттердің өздері ғана зардап шегеді. Ал қырғыз жазушысының шығармасында мәңгүрттіктің көрінісі жиілей бастап, зардабы оның өзіне ғана емес, өзгелерге, қоғамға тиіп, болашаққа қауіп төндіре бастағандығы бейнеленеді. Ең бастысы, жаңа заманның рухани мәңгүрттері қоғамның өз ішінде пайда болып, өсіп-өнуде. Бір қызығы – халық өзін өрге сүйрейтін ұлт көшбасшыларын дайындаумен бірге сол қоғамның ұлттық дамуына кедергі келтіретін мәңгүрттерді де шығарып жатыр.

Өткенді ұмытқан адам – мәңгүрт. Мәңгүрттік – адам санасындағы аса бір келеңсіз құбылыс. Бұл Едіге мен Қазанғаптың баласы Сәбитжанды салыстырудан анық көрінеді. Едіге – досына адал. Қазанғаптың өтініші бойынша, оны Ана-бейітке жерлемекші. Сәбитжан оған қарсы, қайдағы бір ертегі бейітке апару, ол үшін – ақылға сыйымсыз. Ол жерлеуді тездетіп, қалаға қайтуға асық. Әке өсиеті оны көп қинай қоймайды. Осы сәтте Едігенің көз алдына анасын атқан Мәңгүрт елестейді. Иә, Сәбитжандар – аңыздағы мәңгүрттің бүгінгі күнгі көрінісі.

Едіге Қазанғапты арулап көмгеннен кейін, Ана-бейітті тегістеп, оның орнына космодром салатынын естіп, оны қайткенде де сақтап қалу үшін көзі ашық, оқыған, қалада қызмет ететін оның ұлы Сәбитжаннан көмектесуді өтінеді. Оған Сәбитжан былай деп жауап қайтарады:

– Оның бәрі ерте-ерте, ертедегі, ешкі жүні бөртедегі ертеқой, Едеке, түсінсеңші. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал біз барып әлде бір зират туралы аңыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол? Олар үшін ол дегенің – тіфу! Әрі десе, бізді олай қарай өткізбейді де».

Әрине, Сәбитжан сөзінде шындық бар. Бірақ мәселе оның бұл іске жүрдім-бардым қарауында, өткен тарихқа немқұрайдылығында жатыр. Оқыған, сауатты Сәбитжанның санасы қарапайым Едігеден көп төмен. Бұл жерде өмірдегі кісілік пен білім қайшылығы көрінген. Бұрын Едіге Сәбитжанды қылықтарына қарап, жоғары оқу орнын бітірсе де онша дұрыс адам болмаған екен деген күдігі болса, енді Сәбитжан туралы пікірі

расқа айналды. «Мәңгүртсің сен! Нағыз мәңгүрттің өзісің! – деп, ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі ... жек көріп».

Едіге – досына адал. Қазанғаптың өтініші бойынша, оны Ана-Бейітке жерлемекші. Сәбитжан оған қарсы. Қайдағы бір ертегі бейітке апару – ол үшін ақылға сыйымсыз. Әке өсиеті оны көп қинай қоймады. Осы сәтте Едігенің көз алдына анасын атқан мәңгүрт елестейді. Ол мәңгүртпен Сәбитжанның дүниетанымын салыстырып, қатты қапаланады.

Әкесін өтініші бойынша, алыстағы ата-баба зираты Ана-Бейітке жерлеу ұйғарымына қарсы болған Сәбитжанға ұзынтұра Еділбай сәтін тауып, оңашада:

«– Ал Сәбитжан әңгіме былай: бұл жарық дүниеде әкеңнің Боранды Едіге сияқты досы барына шүкір деп, құдайға мың да бір құлдық қыл, білдің бе? Марқұмды ақ жуып, арулап қоюға кесір етпе, білдің бе? Ал асығады екенсің, жолың әне, біз сені ұстамаймыз. Сен үшін әкеңнің мүрдесіне бір уыс топырақты мен-ақ сала саламын.

Әке менікі, не істеуді өзім білемін, – деп, Сәбитжан қоқиланып келе жатыр ед, Еділбай, оны шорт үзіп:

– Әке сенікі-ау, ал сен өзің кім екенінді біле алмай сандалып тұрсың ғой!» (сонда, 32-бет).

Романда Сәбитжаннан басқа кейіпкерлердің іс-қимылдарынан да мәңгүрттіктің белгілерін байқауға болады. Өз қара бастарының қамын күйттейтін кейбіреулер романның әр жерінде шаң беріп отырады. Қазанғаптың қазасын естіген диспетчер Шәймерден көңіл айтудың ырымын жасайды. Бұның көңіл айтқан түрін көріп, Едіге қатты налиды: «Әй, мисыз хайуан-ай, – деді ішінен, – қаза жөнінде дұрыс айта алмайды».

Шәймерден – өлікті сыйлаудың не екенін білмейтін мәңгүрт. Жұмысын ауыстыруды сұраған Едігеге: «– Оу, айналайын, Едеке, сен әлгі нетіп, менің басымды қатырма нетіп. Өлсе - өлді, нетіп. Менің сені алмастыра қоятын адамдарым жоқ. Өліктің жанында нетіп отырамын дегенің не, Едеке? Сен жанында отырғаннан өлген адам тірілмейді ғой, деп ойлаймын, нетіп...» (сонда, 18-бет).

Диспетчер Шәймерден, ұзынтұра Еділбай, Таңсықбаев секіл-

ді безбүйректерге Едіге сынды ер былайша үн қатады: «Бұл жұрт не болып барады. Бұлар үшін өлімнен басқаның бәрі қадірлі. Бұлар өлімді сыйламаса, тіршіліктің қадірін қайдан білсін? Бұлар қалай, не үшін өмір сүріп жүр өзі? Өмірдің мәні не сонда бұлар үшін?». Едігенің: «Бұл жұрт не болып барады?» – деген бір ауыз сөзі күллі адам баласына қарай ағынан жарыла айтылып, бүгінгі қоғам туралы ойлануға шақырып тұрғандай.

Кезінде сырлас досы болған Әбутәліп мұғалімді халық аузындағы аңыздарды жинағаны үшін жау атандырғандар да – Сәбитжан секілді мәңгүрттер. Мәңгүрт ұлының қолынан қаза тапқан Найман-Ана туралы аңызды жиып-тергені үшін жазғыру – мәңгүрттіктің нағыз көрінісі. Құттыбаев Әбутәліпті тексеруге келгендер халық санасындағы ғажап аңызды тыңдағысы келмейді.

Романда ғылыми-техникалық прогресс пен рухани даму арасындағы қайшылық барынша көркем көрінген. Білім-ғылымның жетістіктері адамзат болашағына қызмет атқара бастады. Адам баласы ғасырлар бойы жиған-тергенінің, көргенінің, білгенінің барлығын тек жасампаздыққа, гуманистік мұраттарға сай жұмсаса, мәңгүрт туралы ұғым да, аңыздар да болмас еді. Білім мен адамгершілік қасиеттер алшақтығы болмаса, Сәбитжан секілді бозөкпелер де жер басып жүрмес еді.

Жалпы, мәңгүрттік екі түрлі болады. Біріншісі – жаугершілік замандағы мәңгүрттік. Мұнда адамды күшпен, зорлықпен адами ойлау-зердесінен айырып, жазалап, құлақкесті құл қылады. Екінші бір түрі – қазіргі жаһандану заманындағы рухани мәңгүрттік. Сәбитжан мен аңыздағы мәңгүрт – осының айғағы. Бірінде мәңгүрттік күшпен орындалса, екіншісі айла-амал арқылы халықтың ділін, дінін, тілін ұмыттырып, нағыз мәңгүртке айналдырған. Екеуінде де мәңгүрт осыны жүзеге асырып отырғандарға құл болады. III. Айтматов өз заманының қыспағына қарамастан, сөз құдіретін түсінетін халқына адамзат тағдырындағы аса қауіпті өзекті мәселені көркемдікпен жеткізе білген.

Шыңғыстың «Кассандро таңбасы» жарыққа шыққаннан

кейін роман жайлы түрлі көзқарастар да ортаға түсті. Шығарманы өте жоғары бағалаумен бірге «осы қалай екен» деген бағыттағы пікірлер де көрінді. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде Ә. Мендеке мынадай пікір білдірді:

«...Ойы да – тұңғыық. Тереңнен алып, түпкірлеп танытатын жалпыадамзаттық, жалпыәлемдік проблемалары да жұтынып тұр. Сурет те мол (мәселен, мұхиттың төсінде бірінің артынан бірі жылжи жүзіп бара жатқан киттерді көк жүзіндегі тырналарға теңеуі – қандай үйлесімді, өтімді!). Романдағы оқиғалар да ширатқан қыл шылбырындай шиыршық атады. Бірақ бәрібір... бірдеме жетпейтін сияқты. Әлдене...

Әрі ойлап, бері ойлап, әрі оқып, бері оқып, ақыры тапқан да сияқтандым. Ұлттық топырақ, Ұлттық иіс, Ұлттық тұщыным жетпейді екен. Қырғыздың «Манасынан», Шыңғыс Айтматовтың өзінің «Қош, Гүлсарысынан», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбетінен», «Ақ кемесінен», «Ғасырдан да ұзақ күнінен» есіп тұратын және сол арқылы жаныңа жылулық дарытып, сезіміне – сүйесін, сараңа – демесін бола алатын ұлттық исінім мен ұлттық түйсінім жетпейді екен...

Не нәрсенің де өзегі болады: жердің өзегі, жанның өзегі, тәннің өзегі және, т.т. Жалпы адамзаттық, жалпыәлемдік, халықаралық, құрлықаралық игіліктердің өзегі – ұлттық құндылықтар. Демек, ұлттықтан ешуақытта ажырауға да, алыстауға да, кетуге де болмайды» («Қазақ әдебиеті», 26.05.2000).

Бұған қарама-қарсы Р. Рахманалиевтің пікіріне де назар аударайық:

«Шыңғыстың романын оқып шыққаннан соң, менің көз алдыма мынадай сурет елестеді. Басында айыр қалпағы бар қырғыздың бір шоң ақсақалы, тек қырғыз халқының ғана емес, исі түркінің бар игі қасиетін бойына жинақтаған әулие қарт биіктен Еуропа мен Американың өркениетіне әбден барлап қарап алып, сонан кейін: «Ау, туғандар-ау, бұларың не? Өздерің орнатқан өркениет өздеріңнің түбіңе жететін болыпты ғой? Мейірімді тазаны тақыр жұтатып, қатыгездік атаулыны ашыған қамырдай асқындырып, минут сайын мың бір бәлені өрбітіп-

өршітіп отырған мұндай өркениет кімге керек? Кімге дәрі? Аулақ! Аулақ! Ұрпағым мен нәсілімнен аулақ!» деп жаны түршіге айтып тұрғандай боп керінеді. Менің көз алдыма елестеген осы сурет-романның қосалқы көмбесі, қосалқы дауысы» («Әлем әдебиеті», 2008, №2).

Біздіңше, романның екі жақ қырынан келген екі пікір де – дұрыс. Бұл жерде Ә. Меңдеке әдебиет – өнер, өнер міндетті түрде ұлттық сыпатта болады, сондықтан да онда ұлттық болмыстың бейнеленуі заңдылық тұрғысынан келсе, Р. Рахманалиев мәселеге жазушы халықтың көзі, құлағы, сезімі жағынан келіп, адамзаттың болашағына қауіп төндіре бастаған ғасыр алапатын өнер тілімен ескертіп жатқандығына, яғни романда көтерілген әлеуметтік мәселеге баса назар аударып жатқан сияқты.

Романда адамзат қоғамы үшін аса маңызды үлкен мәселе көтерілген. Ол – ғылымның жалпы қоғамға, халыққа қызмет етіп, дұрыс жолда дамуы. Өкінішке орай, ғылым мен техниканың жетістіктерін түрлі айла-амалдармен халықты бағынышты ұстау, керек десеңіз, күш қолданып, қырып-жою құралына айналдыруы да өмір шындығына айналып отыр. Тіпті ғылымның осылайша теріс бағытта дамуы жер бетіндегі тіршілік атаулыға қауіп төндіре бастады. Міне, осы сияқты жалпы әлемдік қауіпті проблемаларды дер кезінде көп болып шешуге Шыңғыс өткен ғасырдың өзінде-ақ шақырған.

Шындығында да, бұл роман жазушы ғана емес, «Адамзаттың Айтматовы атанған қоғам қайраткері, ұлы қырғыз Шыңғыстың қоғамдық дамудың батыстық үлгісіне берген бағасы іспеттес. Романның бас кейіпкерінде Отан жоқ; ұлтсыз. Оның тұрағы – ғарыш; космостық орбита станциясында өмір сүретін ғарышкер ғалым. Ұзақ жылдар бойы жасанды адамдарды дүниеге әкелуді зерттеген ғалым Жер-Анаға қайтудан үзілді-кесілді бас тартады. Өз кінәсінен арылып-тазару үшін осылайша ғарыш тақуасына айналады. Сондықтан да оны мазалаған мәселе – ауыл-үйдің әңгімесі емес, жұмыр жердің, адамзаттың тағдыры.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Ш. Айтматовтың «Кассандра таңбасы» романындағы көркем шындықтың ойлы көзді оқырманға айтары көп. Адамның адам болып қалуы үшін қазіргі

заман ұсынып отырған адам экологиясын, табиғат экологиясын дұрыс шешудің өмірлік маңызы артып отыр. Шыңғыс бұл романында өркениет, ұлтсыздану, космополитизм мәселелеріне ғылым мен техниканың дамуы призмасынан көз жіберіп, адамзат қоғамы қайда барады, бұл бағыт апарып орға жықпай ма, адамзат қоғамы дұрыс жолда дамуы үшін не істеуіміз керек деген сауалдар төңірегінде ой қозғайды. Қалай болса да адамзат баласын адами болмысынан айырылып қалмауға шақырады.

Романның бас кейіпкері Филофей (өз есімі Андрей Крылцов) жөргектегі сәби кезінен жетім балалар үйінде тәрбиеленген; өзінің әке-шешесінің кім екенін білмейді. Өмір бойы «Менің әкем кім, шешем қайда екен?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Өзінің кім екенін білгісі келеді. Романның соңғы бөлігіндегі Филофейдің күнделігінде жазушының негізгі идеялары ашық көрінеді. Ғалым өзінің тағдырын жасанды жолмен әкелген адамдарының тағдырымен ұқсас екендігін біледі:

«Ведь фактически я и был иксродом, пусть и естественно рожденным, но именно таким, без рода, без племени, несгибаемым, невозмутимым, если не сказать – бессердечным в своих поступках, прославившим жестким специалистом своего дела, человеком, не распылявшим своих способностей и времени ни на что другое, кроме целенаправленной деятельности. Судя по всему, партийных идеологов именно это и устраивало, именно такими им хотелось видеть настоящих иксродов. Я был подобием иксрода по воле судьбы. Хоть и не говорилось об этом в открытую, но я неволью представал в качестве живого примера, в некотором роде прообразом... Я понимал это...» [Ч. Айтматов. Тавро Кассандры. Москва, ЭКСМО, 1995, 199-б.].

Жасанды жолмен дүниеге келгендерді белгілі тегі, ата-анасы жоқ болғандықтан «Икстектілер» деп атайды. Ал «икстектілер» не үшін жасалуда, неге аса қажет болып отыр? Бұған жауап күнделікте төмендегіше беріліпті:

«Но все дело в том, что рождающих в результате этого человек назовем его иксрод – личность анонимная, это ничейный, искусственно выведенный субъект, я так понимаю... Ведь феномен иксродов удивительно много обещающий в политическом

плане. Это будет именно та пробивная сила, которая, в отличие от нас, без оглядки, без страха и сомнений будет бороться за победу коммунизма во всем мире. Семья и прочие родственные отношения как архаичные институты старого мира насилия будут сброшены на свалку истории именно иксродами» [сонда, 196-бет].

«Разговор наш был абсолютно прямым, откровенным, без всяких условностей. Он утверждал, что наступят времена, когда инкубаторство не только станет легальным, но более того, этот тип леторождения окажется наиболее предпочтительным. И тогда понятия «Мать», «Отец» вообще уйдут в область преданий или будут иметь чисто условное значение» [сонда, 203-бет].

Бұл жерде автор адамзат қоғамының дұрыс жолда дамуы үшін табиғаттың заңдарын, адамзаттық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығына назар аударады.

Шығармадан келтірілген бұл мысалдар «Боранды бекет» романындағы «мәнгүрт» те, «Кассандро таңбасы» романындағы «икстектілер» де, «Құз басындағы аңшының зары» кітабында сөз болған «зомбилер» де адамзат баласы жасай алмайтын, жүрегі дауалап, қолы бармайтын қандай істі болмасын тексіздіктен, туыс-бауырды білмейтіндіктен, жалғыздықтан, адамға тән отбасы, ата-ана, бауыр жайында ой-сезімдердің болмауынан селт етпестен іске асыра алатындығын көрсетеді. Жазушы бұл романында да тексіздіктің қандай апат әкелетіні туралы бұрынғы «Ақ кеме», «Боранды бекет» шығармаларында көрсеткенінен де әрі тереңдетіп, кеңінен айтып отыр.

Ш. Айтматовтың халық назарын аударып отырған келеңсіз құбылыстардың өріс алғаны соншалық – ол бір елдің немесе бір аймақтың ауқымынан әлдеқашан шығып кеткен; ол проблемаларды шешуге бір, не болмаса бірнеше мемлекеттің қайрат қылуға шамасы келмейді; сондықтан да оны бүкіл адамзаттың қатысуымен ауыздықтай алады. Жаһандану барысында қауіп-қатердің терроризм, есірткі бизнесі, миграция, экология сияқты жаңа түрлері пайда болып, әлемдік сыпат ала бастады. Ең бастысы ғаламдасу барысында халықаралық қатынастар ушыға түсіп, жер-жерлерде соғыс ошақтары лапылдай бастады.

Жаһанданудың бет алысының қауіпті бола бастағаны соншалық – әлем қазір үшінші дүниежүзілік соғыстың сәл-ақ алдында тұр.

Әлемді қаулаған өрттей жапырып келе жатқан жаһандануға ұлттың, ұлттық тілдің, ұлттық құндылықтардың, діннің, жан-жақты дамыған адамның, қоғамның керегі жоқ. Оған керегі – тілін, ділін, дінін білмейтін, рухынан айырылған, ұлттық тамыры жоқ мәнгүрт, тобыр. Қазіргі қазақ қауымының да қас жауы осы мәнгүрттер, яғни іштен шыққан шұбар жыландар болып отыр. Шыңғыстың ұлылығы осы бір алапаттың әлемге қауіп төндіретінін өткен ғасырдың өзінде-ақ көрегендікпен көре біліп, адамзат баласын ескертуінде жатыр.

Шыңғыс Айтматовтың күллі шығармасының идеялық өзегі, айтар өсиеті «Мәнгүрт болмандар!» болғандығына көзіңіз жетеді. «Боранды бекет» романының «Едіге бір бүйірден ақ құс көргендей болды. Бұл баяғыда өзінің мәнгүрт ұлының садағының оғы тиіп, түйеден құлап бара жатқанда, Найман-Ананың ақ жаулығынан пайда болған ақ құс еді... Әлгі құс Едігемен қатарласа ұшып бара жатып, ақыр заманның арқыраған, күркіреген күшті даусының арасынан айқайлап:

– Кімнің баласысың? Атың кім сенің? Өзіңнің атыңды есіңе түсір! Сенің әкең – Дөненбай, Дөненбай, Дөненбай, Дөненбай, Дөненбай... – деп, шырылдап бара жатты» (Ш. Айтматов. Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн). Орыс тілінен аударған Ш. Мұртазаев. Алматы, «Жалын», 1986, 300-бет) –деген символикалық мағынасы терең сөзбен салынған көркем көрініспен аяқталуының өзі ойлы оқырманды өмірдің мәні жайлы терең ойларға жетелейтіні анық.

Иә, Шыңғыс Айтматовтың қай шығармасын оқысаңыз да Найман –Ананың ақ жаулығынан пайда болған ақ құс:

– Атың кім сенің? Әкеңнің атын ұмытпа! Анаңның атын ұмытпа! Еліңді ұмытпа! Жеріңді ұмытпа! Мәнгүрттіктен сақтаныңдар! Өйткені дүниені бүлдіретіндер де, бұзатындар да – мәнгүрттер. Сен адамсың. Сен адам болып қалуға тиіссің – деп, бебеулеп, құлағыңа құя беретін сияқты.



Шыңғыс Айтматовпен бірге

«АДАМЗАТТЫҢ АЙТМАТОВЫ»

ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ

АДАМ ЭКОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қырғыз Алатауынан бой көтерген осы бір есімнің ХХ ғасырдың орта шенінен бастап адамзат руханиятының тал бесігін тербетіп тұрғанына да жарты ғасырдан асып барады. Осы уақыттар ішінде әдебиетке қаншама қаламгерлер келіп, оның қаншамасы үн-түнсіз, аты шықпай кетіп жатыр десеңізші. Солардың ішінде қанша уақыт өтсе де қазақтар «Адамзаттың Айтматовы» атаған аз қырғыздың арасынан шыққан Шыңғыстың жарық жұлдызы өркениет әлемінде уақыт өткен сайын жарқырай түсуде. Ш. Айтматовтың туындылары 170-тей тілге аударылып, әлемнің барлық түкпіріне тарады. Кітаптарының басылымы мыңнан асып, тиражы 70 миллион дана болып жарық көрді. Шығармашылықта мұндай биіктерге шығу әлемдік әдебиеттің не бір алыптарының маңдайына жазыла бермеген. Мұның басты себебі не? Біз Шыңғыс Айтматов феноменінің сыры неде деген сауалдарға жауапты оның шығармаларының өзінен іздедік.

Ш. Айтматов әдебиетке өткен ғасырдың орта шенінде келді. Ол әдебиеттің есігін жай ғана аша салған жоқ. Алғашқы тырнақалды туындыларымен-ақ, «Мен – Шыңғыс Айтматовпын. Менің қалам сілтесім де, айтар ойым да, жүрер жолым да өзгеше», – деп, айқайлай келді. Социалистік реализмнің қатып қалған қағидаларымен қаруланып, болашақ коммунизмде өмір сүретінімізді жырлайтын әдебиетті оқып үйренген қалың оқырман өмірдің шын бет-пердесін ашуға ұмтылған жас жазушыны алғашында бірден қабылдай бермеді. Тырнақалды туындысы «Әшім» 1952 жылы 24 жасында жарық көрген Айтматовтың атын шығарып, атағын асырған М. Әуезовтің алғы сөзімен «Новый мир» журналында жарық көрген «Жәмила» (1958) повесі болды.

«Жәмиланың» жарық көруі қырғыз ғана емес, сол кездегі КСРО-ның кеңестік әдебиетіне де жаңа есімнің келгенін жария етті. Повесть жарық көрген соң ол әртүрлі ыңғайда айтылған қызу пікірлердің өзегіне айналды.

Әдебиет сөз өнері болса, оның ұлттық сыпаты да анық. Ш. Айтматовқа сын айтушылар оның шығармаларында бір жағынан, қырғыз халқының тұрмыс-тіршілігі, ұлттық дәстүрлері өз деңгейінде көріне бермейтіндігін, екінші жағынан, кеңестік қоғамда «келешегі жоқ» келеңсіз жақтарының да көрініп қалып отыратындығын алға тартты. Шындығында да Шыңғыстың шығармалары сол кезде әдебиетті бағалаудың негізгі өлшемі ретінде талап етіліп отырған социалистік реализмнің қалыптасқан қалпына сия да бермейтін еді. Коммунистік идеология рухында тәрбиеленген оқырман қауым да әдебиеттегі жаңа сөзді бірден қабылдай алмады.

Кеңестік кезеңде қазақ әдебиетінде С. Мұқановтардың, қырғыз әдебиетінде Аалы Токомбаевтардың дәуірі жүрді. Халық бұларды алақанына салып, құрметтеді. Қырғызстанда Токомбаевпен болған әдеби жиындар үлкен аншлаппен өтетін. Ал Ш. Айтматовпен кездесуге, тіпті, университетте әдебиетті оқып жүрген студенттердің өзі аз келетін. Өйткені ол кезде әдебиет туралы түсініктің, оған қойылатын талаптың мүлде басқаша болуымен бірге әдебиеттегі тың жаңалықты түсінуге оқырман қауым да дайын емес еді.

Ш. Айтматов – жастайынан екінші дүниежүзілік соғыстың елдегі қиыншылықтарын көріп өскен ұрпақтың өкілі. Сондықтан да оның алғашқы шығармаларында сол бір өзі басынан өткерген қиын кездердегі қырғыз аулының тұрмыс-тіршілігі, соғыс салған ауыртпалықтарды қайыспай көтеріп шыққан қарапайым еңбек адамдарының ерлікке толы жасампаз тұлғасы шынайы көрініс тапты. Жазушының әр жылдарда жазылған «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957), «Жәмила» (1958) «Шынарым менің, шырайлым менің» (1960), «Алғашқы ұстаз» (1962), «Құс жолы» (1963), «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ертегіден соң» (1970), «Ақ кеме» (1970), «Ерте қайтқан тырналар» (1975), т.б.

секілді шығармаларында соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру дәуіріндегі қырғыздардың өмірі көркем бейнеленді.

Адамның бойында оның бақытты өмір сүруі жолындағы күресіне қажетті небір тылсым қасиеттер бар. Соның бірі – дарындылық. Ғалымдардың анықтауынша, дарындылық ерекше адамдардың бойында он пайыздай да оны ары қарай дамытып, дұрыс бағытта тәрбиелей алса, шексіз мүмкіндіктерге жол ашылады екен. Мұндай жағдайға жетудің бір ғана жолы бар; ол – еңбек ету, осы жолда үздіксіз іздену. Жас кезінен-ақ алдына жазушы болуды үлкен мақсат етіп қойған Шыңғыс осы жолда көп ізденді; сөйтіп, өзінің жазушылық жолын таба алды. «Мен көп оқыдым, көп іздендім. Тіпті 1970 жылдары Латын Америкасының әдебиеті дүркіреп шыққан кезде, сол авторлардың шығармаларының Мәскеу баспаларынан орыс тілінде басылып шығуын күте алмай, өз жанымнан ақша төлеп, испанша жетік білетін бір жігітке Г. Маркестің романын аудартып оқығаным бар... Шығыс, Батыс... Бәрімен де таныспын. Бірақ әркез менің үстелімнің үстінен табылатын, маған рух беретін, күш-жігер беретін, мені адастырмайтын бір дүние бар. Ол не дейсіз ғой? Ол – «Манас». Қырғыз халқының «Манасы». Қырғыздың ұлы эпосы!» (Ш. Айтматов. Екі түрлі асылым бар. «Парасат», 1997, №8).

Тағы бірде ол: «Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов», – дейді. Бұл айтқандарынан жазушының шығармашылық барысында, алдымен, ұлттық, түркілік құндылықтарды жоғары қойып, содан кейін барып әлемдік әдебиеттің айдынына құлаш ұрғанын көреміз.

Шындығында да Шыңғыс шығармашылығының алғашқы ізденіс кезеңінде оның жұмыс үстелінің үстінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық», Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» мен «Адам тағдыры», Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» сияқты

әлемге әйгілі кітаптар жатты. Ал қырғыздың атақты «Манас» эпосы Ш. Айтматовтың өмір бойы жанынан тастамайтын, қолынан түспейтін рухани талисманына айналды. Ш. Айтматов үшін «Манас» қырғыз, қырғыздық рух, тіл, діл, салт-дәстүр, философия, ұлт, саясат, болашақ ұғымдарымен мағынасы бірдей болды. «Манасқа» арқа сүйеген, табан тіреген, темірқазығы қылған Шыңғыс алдымен, «қырғыздың Айтматовы» болып, соңынан тынымсыз еңбегінің арқасында барып, әлемдік айдынға құлаш ұрып, «Адамзаттың Айтматовына» айналды.

Шыңғыс шығармаларының әлемнің түкпір-түкпірінде кеңінен таралуына онда ұлттық және әлемдік адами құндылықтардың шынайы үйлесім тауып, көркем бейнеленуі себеп болса керек. Әлемдік әдебиеттің өріне арқасын өз ұлтына сүйеген, табанын туған жерінің қасиетті топырағына нық тіреп тұрған, жалпы-адамзаттық құндылықтармен қарулана алған сөз зергерлері ғана шыға алады; мерейі үстем болады. Шығармаларында жер бетінде өмір сүріп жатқан күллі адам баласын ертеңіміз қалай болады деп, толғандырып отырған жалпыадамзаттық проблемаларды бірлесе отырып шешуге шақырған Шыңғыс Айтматов осындай қасиеттерінің арқасында ХХ-ХХІ ғасыр әдебиеті көшбасшыларының бірі болды.

Жалпы, ұлттық пен әлемдік құндылықтар екі бөлек нәрсе емес. Керісінше, екеуі – бірін-бірі толықтырып тұратын бір нәрсенің екі жағы; әлемдік құндылықтар өміршең ұлттық құндылықтардан тұрады да ұлттық құндылықтар әлемдік құндылықтардың жекелеген, басқа да ұлттарға жат емес құрамдас бір бөлігі. Бұл жерде ұлттық атаулының жалпыадамзаттыққа қайшы келмейтіндігін баса айтқан жөн. Ал енді бір ұлттың басқа ұлттардан артықшылығын насихаттайтын жерлерде мұның аяғы әсіреұлтшылдыққа апарып соқтыратыны түсінікті болса керек. Шыңғыс, міне, осындай әсіреұлтшылдықтан сақтандырады: «Бір қарағанда, оғаштау көрінгенімен, басқа да бірқатар нәрселер, мысалға: өткенді мансұқ ету немесе бұрмалау мен жан-жағын қытай қорғанымен қоршауға мәжбүр боп отырған себебі – бір халықтың барлық басқа халықтан артықшылығы жайлы ойдан

шығарылған өтірікті тек осылай ғана сақтауға болатыны белгілі – шірешек шовинизм де қосақтаса жүреді» (Айтматов Ш. Боранды бекет. – Алматы: Жалын, 1986. – 5-бет).

Ш. Айтматов шығармашылығының алғашқы кезеңінде қырғыз ұлтының өзіндік тұрмыс-тіршілігін бейнелеу көбірек орын алса, жетпісінші жылдардан бастап, бұл біртіндеп-біртіндеп әлемдік ауқым ала бастады. Өйткені жекелеген ұлттардың алдында тұрған мәселелердің дұрыс шешім табуы бұл проблеманың жалпыадамзаттық сыпатын ескермейінше мүмкін еместұғын.

Қазақ пен қырғыз ежелден ауылы аралас, қойы қоралас ел болатын. Сондықтан да Шыңғыс шығармаларының ұлттық топырақтан шығып, жалпыадамзаттық өріске шығуына қазақтың даласы негізгі саты болды. Оны қазақтың даласына, сол арқылы үлкен әдебиетке қолынан жетектеп, ертіп әкелген ұлы Мұхтар Әуезов болатын. Жазушының ұстазы ретінде Мұхтар Әуезовті «Манаспен» қатар құрметтеп атайтыны да сол себептен болса керек.

Ғалымдардың анықтауынша, Айтматов шығармаларындағы оқиғалардың 70 пайыздайы қазақ даласында өтеді, немесе қазақ тақырыбына қатысы бар. «Жәмиладан» бастап, жазушының даңқын шығарған «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Боранды бекет» (Ғасырдан да ұзақ күн) сияқты шығармаларындағы көркем бейнелердің ұлттық болмысы, рухы мен мінезі қырғызбен бірге қазаққа да өте жақын. Бұлай болуының тағы бір себебі жазушының өзі де қазақ ауылымен іргелес, қоныстас жерде туып, ортақ өзен Таластың суын таласа ішіп, бірге өскендіктен де болса керек.

Шыңғыс шығармаларын қазақ оқырмандары төл туындысындай ыстық қабылдады. Оның әрбір жаңа туындысы дүниеге келісімен-ақ қазақша сөйлеп жатты. Қазақ даласы Айтматовың көркем әдебиет керуенін зор қошаметпен қарсы алды. «Бетпепет», «Алғашқы ұстаз», «Ботагөз», «Шынарым менің, шырайлым менің», «Құс жолы», «Қош бол, Гүлсары», «Қызыл алма», «Ақ кеме», «Жәмила», «Боранды бекет», «Жан пида», т.б. жайлы қазақ баспасөзі бетінде жарияланған сыни материалдарда Шыңғыс шығармаларына ыстық лебіздер білдіріліп жатты. Шыңғыстың

танылуы, «Адамзаттың Айтматовы» аталуы, алдымен, Қазақстаннан басталды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – жырлайды. Ал адамзаттың барлығын бауырым деп, сүю кез келген адамның қолынан келе бермейтіндігі түсінікті болса керек. Мұндай ұлылық өзінің ата-анасын, бауырларын, ұлтын сүйе білген саналы азаматтардың ғана қолынан келе алады. Ш. Айтматов та алдымен, өз ұлтының патриоты болып, содан кейін барып, қырғыз ұлтының болашағы жер бетінде тіршілік жасап жатқан басқа да халықтардың тағдырымен тікелей байланысты екендігіне көзі жетіп, жалпыадамзаттық проблемаларды бірлесе отырып шешу мәселесін көтереді.

Ұлылық өзінің ана тілін білуден, сол тілде жасалынған рухани құндылықтарды бойына сіңіре білуден бастау алады. Ш. Айтматовтың айқындауынша: «тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл – оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы, ең соңында тіл – ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі. Қырғыздар, бәлкім, сондықтан да өздерінің ана тілін «ене тіл» дейтін болар. Халық өз тілінде өзін таниды және өзін көрсетеді...

Біз өзіміздің ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтаймыз, бағалаймыз, дамытамыз, қолданамыз...

Біз өзіміздің ана тілімізді сақтап қалғанда ғана, ұлттық мәдениетіміз сол дара бітім-бедерінде, өзіндік кескін келбетінде қалып, дами береді.

...біз «Манас» эпосын ақырғы деміміз біткенге шейін қорғаймыз!».

Осы бір жолдар жазушының азаматтық, шығармашылық болмысының өмірлік бағытын айқындай түскен. Өз ұлтының қадір-қасиетін бойына сіңіріп, жан дүниесімен түйсінген азамат қана бүкіл әлемде болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, дұрыс қорытындылар жасай алады. Шыңғыстың шығармаларын оқи отырып, Қырғыз Алатауынан бой көтеріп, Гималайдағы Эверест сияқты әдебиеттегі «Айтматов шыңына», «Адамзаттың

Айтматовына» айналған жазушының ұлылығын мойындамасқа лажыңыз жоқ. Ш. Айтматов әлем өркениетінің қақ төріне қырғыз руханиятының ақ ордасын апарып тікті; ол үйге ақ қалпақты қырғыздармен бірге кіріп-шығып жатқан басқа халық өкілдері де жүр.

Қырғыз жазушысы Ш. Айтматовты ең алдымен, ұлттық тіл тағдыры ойлантады. «...тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні» болғандықтан да жер бетіндегі халықтардың жай-күйі оның тіліне тікелей байланысты. Өйткені бәрі тілден басталады: «Бұл жолы да әуелі Сөз пайда болды. Сол бір мәңгі өлмейтін сюжеттегідей. Содан кейін болған жәйттердің бәрі де сол айтылғанның салдарытұғын» (Ш. Айтматов. Тау құлаған. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2017 – 284-бет; «И на сей раз – в начале было Слово. Как когда то. Как в том бессмертном Сюжете. И все, что произошло затем, явилось следствием Сказонного»). Ч. Айтматов. Тавро Кассандры. Москва, ЭКСМО, 1995, 5-бет). Иә, біздің бүгінгі таңда көріп, басымыздан өткеріп жатқан жағдайлардың барлығы да – осы уақытқа дейін айтылған сөздердің салдары. Сөз дұрыс болса, өмір де дұрыс болады. Сөз бұзылған жерде, қоғамдық өмір де бұзылып, адамдар азғындайды, ұлтқа іріткі түседі; ең соңында ана тілінде жасалынған ұлттық рухани құндылықтарынан айырылған ел бүлініп, мәңгүртке айналады; мұның аяғы тыныштықтың жоғалып, ақыр-соңында өмір сүруге қауіпті жағдайдың тууына алып келеді.

Шыңғысты адамзат баласының болашақ тағдыры, адам қайткенде, адам боп қала алады (қараңыз: Қайткенде адам қалады адам болып. «Егемен Қазақстан», 26.04.2003) деген ойлар мазалайды. Адам өзін адам ретінде сақтап қалу үшін өмір бойы еңбек етуі, яғни, өзі, тілі, ұлты үшін күресіп, ұлттық тамырын тереңге жібере алса ғана мақсатына жете алады. Бұған жер бетінде қарсы тұрған күш – зұлымдық. «Адамзат баласы зұлымдықтың төбе шашынды тік тұрғызар нешеме түрін ойлап шығарған ғой. Тек мына қасіретке (мәңгүрттікке. Д.Ы.) тең келері болмас.

Тоталитарлық жүйе тұсында тұтас қоғамға, соның ішінде саған да, маған да, бәріміздің ақыл-ойымызға, түсінігімізге идео-

логиялық шіре салды. Мұның өзі бір режимге бағындырып, бұғаулап ұстау мақсатында жүзеге асып жатты.

Бірде Мәскеуге пойызбен бара жаттым. Қызылорда облысының үстінен өткен кезімізде радио Байқоңырдан ғарыш кемесі ұшқанын хабарлады. Пойыз терезесінен күңсіп жатқан адырлы далаға қарап тұрып, ұзақ ойға берілдім. «Боранды бекет» романын жазу идеясы осы сәтте ойыма оралған. Өзге планеталарда да ақылды тіршілік иесі бар деп жүрміз, ғайыптан жер планетасы лоардың ғарыш құрсауына тап болса ше деген күдік көкейіме кептеліп, тыншу берер болмады. Жас кезде естіген мәңгүрттік хикаясы қиялымда қайта сәулеленді. Өткен замандарда қара күш иесі адамның басын құрсауға алып, ақыл-ойын өшірген. Ал енді қарама-қарсы идеологияны алға тұтып, өзара текетіреске түскен екі жүйе космосқа шығып, бір-біріне қыр көрсетіп, жер шарына шіре салса, не болмақ? Жеке пенде басындағы қасірет трансформацияланып, бізді түгелдей шырмап, матап алмай ма? Өртүрлі көлемде болғанмен трагедия ортақ. Адамзат баласына төнуі мүмкін осындай қасірет-қайғыдан алдын-ала сақтандырғым келді» (Ш. Айтматов, М. Шаханов. Ғасыр айрығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары), 2008, 140-бет).

Романда жазушының кейіпкерлері көбіне еңбек адамдары болып келеді. «Боранды бекет» романының бас кейіпкері Едіге – «Ол өзі өмір сүріп отырған дәуірге терең тамыр жіберген адам, оның болмысының мәні де сонда – ол өз заманының ұлы» (Айтматов Ш. Боранды бекет. – Алматы: Жалын, 1986. – 3-бет).

Жазушының пайымдауынша, «XX ғасырдың соңындағы ең қасіретті қайшылық, сірә, адам ойының шексіздігі мен империализм туындатып отырған саяси, идеологиялық, нәсілдік кедергілер кесірінен бұны іске асыра алмау арасындағы қайшылық шығар.

Бейбіт өмір сүруді үйренбесе, адамзат жер бетінен мәңгіге жоғалады. Адамзаттың бейбіт те бақытты өміріне төнген ең қауіптің бірі өзара сенбестік, секемшілдік, текетірес, бақастық болып табылады.

Адамдар бір-біріне кешірімді бола алады, бірақ бір ыңғайда ойлау, сөйте тұра адам кейпінен айырылмай, адамшылық

қасиеттерін сақтап қалу, олардың қолынан келмейді. Адамды өзіндік даралығынан айыруға деген құштарлық атам заманнан күні бүгінге дейін империялық, империалистік, гегемонистік мақсат-мүдделерге серік боп келеді.

Өткенін білмейтін, жер бетіндегі орнын жаңадан анықтауға мәжбүр адам, өз халқы мен басқа да халықтардың тарихи тәжірибесінен айырылған адам тарихи перспективалардан мақұрым қалады, күнделікті тіршілігінен басқа ештеңені білмейді» (сонда, 4-бет). Осы бір жолдарда Ш. Айтматов шығармашылығының негізгі кредосы, кілті жатқандай.

Иә, бұл жолдар өткен ғасырдың сексенінші жылдары жазылған. Жазушы өз шығармаларында сол кездің өзінде-ақ батыстан бастау алып, бүкіл әлемге құлаш ұра бастаған жаһандануға назар аударады. Батыстың бүкіл әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстау мақсатымен қоғамдық дамудың өркениетке апарар жолы жаһандануды өз мүддесіне қарай бұрып, жер бетінде тіршілік жасап жатқан барлық ұлттар мен халықтарды тобырға, ол үшін тілінен, ділінен, дінінен айырылған мәңгіртке айналдыруға кіріскенінен сақтандырады.

Өмір қалың орман секілді. Ну орманның ішінде білігімен бірге қажетті тәжірибе жинақтаған адам ғана жол тауып жүре алатындығы сияқты өмір сүру де оңайға түспейді. Өз жолын тауып, бақытты өмір сүру адамзат ғұмырының басты мақсаты болумен бірге оған жету адам үшін – қиынның қиыны да. Өйткені жақсылығы мен жамандығы қатар жүретін, байқамаса, ой-шұқыры көп қазіргі заманда тура жолды тауып, адам сияқты өмір сүрудің өзі көпшілік үшін қол жетпес арманға айналған. Қайшылықтары барынша ушыққан мына заманда адам болып қалудың өзі үлкен әлеуметтік проблемаға айналып бара жатыр. Қазіргі дәуір адамзат баласының адам болып қалу үшін күнделікті күресімен сыпатталады.

Шыңғыстың шығармаларында аласапыран жаһандану заманында адамзат баласының қоғамдық дамуда қай жолмен жүру керектігі нұсқалады. Ол жол – ұлттық жол. Жер бетіндегі халықтардың ғасырлар бойғы дамуы барысында әр өңірдің,

халықтың өзіндік өзгешеліктеріне орай таңдаған, тәжірибе жинақтаған, сыннан өткен ұлттық даму жолы. Осы жолмен жүрген халық қана өзінің адами, ұлттық, жалпыадамзаттық болмысын сақтап, өркендей алады. Ол үшін әр ұлт өзінің тілін, сол тілде жинақтаған ұлттық құндылықтарын, ділін, дінін сақтай білуі керек. Олай болмаған күнде халық өзінің адами, ұлттық болмысынан айырылған тобырға айналып, өзінің ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатады. Осы бір ойлар жазушының күллі шығармашылығының, әсіресе «Ақ кеме», «Боранды бекет», «Кассандра таңбасы» секілді туындыларының идеялық өзегіне айналған.

Шыңғыстың «Ақ кемесі» шыққанда, сол кездегі социалистік реализмге негізделген әдебиеттің теориясы мен сыны шығарманы түсіндіруге, талдауға әзір емес-ті. Мұның өзі әдебиеттегі жаңа сөзге айналған шығарма жайлы қызу пікірталасқа ұласты. Әсіресе, оқиғаның баланың өлімімен аяқталуы оқырманды қатты алаңдатты. Кейбіреулер романда баланың ақ кемеге барамын деп, суға кетуін социалистік құрылысқа жабылған жала деп, қабылдады. Енді біреулер әдебиеттің басты міндеттерінің бірі адамды ізгілікке тәрбиелеу болса, мұндағы бала өлімі қатыгездік деп, сынады. Бірақ бұл жерде жазушының алға қойған мақсатының өзгешелігі, бұдан да күрделілігі ескеріле бермеді.

Өмірде жақсылық пен жамандық әрдәйім қатар жүреді. Гуманизм өз бастауын қатыгездіктен, зұлымдықтан алады. Зұлымдық жоқ жерде ізгілік те, адамгершілік те жоқ. Баланың балыққа айналып, ақ кеменің капитаны әкесіне жетем деген мақсаты – зұлымдыққа қарсы қарекет. Ол өлген жоқ, алдына әділдікке жетемін деп, мақсат қойған; соған ғұмырын арнаған. Бірақ мұны бала түсініп, санасына салып отырған жоқ. Бала өз түсінігімен шындыққа бет алған. Оның ойынша, бұл дүниеде зұлымдықты жоятын – әділеттілік, ал әділеттілік деген – әке. Өмірге ұрық себуші – әке, демек, сол ғұмырды сақтаушы да – әке. «Ақ кемедегі» баланың бар мақсаты – сол әкеге жетіп, оған мына әділетсіздікті айту.

Шығыс халықтарында, оның ішінде қазақ, қырғыздар үшін де әке – әділеттіліктің символы, әке – әділеттіліктің синонимі.

Әкеге қарап, ұл өсер. Ұлттық дәстүр бойынша, әке жолын қуған ұл – бақытты. Бала да солай ұққан. Осы ой оны балыққа айналып, алыстан көрінген ақ кемедегі әкесіне жетуге ынтық еткен. Әкеге жету үшін жан қию керек пе? Міне, бұл жерде енді оқырман ойланады. Бұл дұрыс па, бұрыс па деген сауалдарға жауап іздейді.

Бала жалпы өлім дегенді біледі, ол да барша жан иелері сияқты қауіптен қорғанады, сақтанады. Ал оның осы түсінігін әділеттілік жолында балыққа айналып, әкеге жету идеясы жеңіп кеткен. Неліктен Оразқұл сияқты надандар баланы шектен асқан іске итермелейді. Бұған жауаптар көп болуы әбден мүмкін. Өмірден шындық, әділеттілік іздеп, бала жүрегі аласұрады. Қырғыз өмірінің символы іспеттес Бұғы-Ананы Оразқұлдар атып алып, тойғанына мәз болды. Осындай жағдайда өмірден түңіле бастаған жаны таза бала оны тапқандай да болады. Ол – әкесі. Олай болса, қалай болғанда да әкесіне тез жету керек... Жас ұрпақ өкілі баланың бүгінгі заман адамдарының келеңсіз іс-әрекеттерінен жерініп, әділеттілік іздеп, дұрыс жол деп, әкенің, оның ар жағында бабалар жүріп өткен дәстүрлі даңғылға бет алуы көп нәрсені аңғартса керек.

Роман жазылған кез – КСРО империясының барынша дүрілдеп тұрған тұсы болатын. Жер бетінде адамнан күшті еш нәрсе жоқ, «Адамға табын, Жер енді» деп ұрандатқан халық бермесіне қоймай, табиғатты «бағындыру» дәуірі науқаны күшейе түскен. Ал шындығына келгенде, адам табиғатты бағындыруы керек емес, керісінше, табиғаттың ортақ заңы бойынша өмір сүруі керек-тұғын. Яғни адам өзі өмір сүріп жатқан ортаны сақтауға міндетті еді. Қоғамда адам мүддесі қалай қорғалса, табиғатты қорғау да бірден бір заң болатын. Адамзат қоғамы мен табиғаттың арасындағы тығыз байланыс турасында Батыс ғалымдары «... адамның табиғатқа үстемдігінің өзі адамның адамға үстемдігінің нақты жағдайынан туындайды»; «...біздің қоршаған ортамен үйлесімсіздігімізді жоймас бұрын алдымен, элеуметтік теңсіздік пен езгінің проблемаларын шешіп алу керек» (Майкл Райан, Джули Ривкин. Әдебиет теориясы. Антология. 4-том. – Алматы, 2019), – деп, жазыпты.

Жазушы 1976 жылы орыстың «Неделя» апталығына берген

сұхбатында «Әйтсе де барлық іс табиғатқа залал келмейтін жолмен жасалса екен. Біз адамдар табиғатқа деген құрметімізді лайлап алмау үшін не істеуіміз керек? Мені ойландыратын сұрақ осы» («Қазақ әдебиеті», 02.11.2018) – деген екен. Ойлана оқыған оқырманды «Ақ кеме» осы бағытта алыс қиырларға жетелейді. Өркениеттің, алға дамудың символы іспеттес ақ кемелер айдын көлде жүзіп жүргенімен де қарапайым өмірде, табиғатта қаншама трагедиялық жағдайлар орын алып жатыр десеңізші. Қоғам неге біркелкі дамымайды? Ғылым-техника дамығанымен де оның қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартудың орнына керісінше, құлдыратып жатқаны несі? Адамдар неге азғындап бара жатыр? Осыдан ширек ғасыр бұрын Шыңғысты толғандырған проблемалар арада қаншама уақыттар өткенімен бүгінгі күні де өзектілігін жоймай, барынша өткірлене түсуі кімкімді болса да ойландырмай қоймайды.

Ғылым мен техниканың дамуы адамзат баласының бақытты өмір сүруіне көмектесіп, қоғам дамуын жетілдіре түсуі тиіс. Бірақ өмірде керісінше болып жатыр. Мұның себебі неде? Қазір әлемдік ауқымда жүріп жатқан жаһандануды халықаралық ықпалды ұйымдардың әлемді билеу мақсатында өз мүддесіне орай барынша пайдаланып жатқандығы айтылып та, жазылып та жатыр. Әлемдік саясаттың, байлықтың тізгінін қолына ұстаған масондық топтардың осындай жүгенсіз әрекеттерінің салдарынан қазір адамзат қоғамы, табиғат орны толмас зиян шегуде. Бұл мәселенің ушыққаны соншалық, қазір жер бетіндегі тіршілік атаулы апат алдында тұр.

Қазір сарапшылар мен ғалымдар адамзат қоғамына ядролық соғыс, биологиялық және химиялық қару, пандемия (эпидемиялар, бактериялар, т.б.), жасанды интеллекттің бас көтеруі, ауа райының өзгеруі, экологиялық жүйе коллапсы (кенеттен өзгеруі), топан су, жойқын жанартаулардың (вулканны) атқылауы, Жердің астероидтармен соғысып қалуы сияқты алапат қауіптер төніп тұрғандығын ескертуде («Комсомольская правда», 21-28.11.2018). Осы тоғыз түрлі қауіптің соңғысынан басқасының барлығы да адам ақыл-ойының, ғылым мен техника жетістіктерін

орнымен пайдаланбаудың салдарынан туындап отырғаны белгілі. Шыңғыс шығармаларында осы бір зәру проблема көркемдік құралдарымен күн тәртібіне қойылады. «Ақ кемедегі» Ыстық көл айдынында жарқыраған ақ кеме ғылыми-техникалық прогрестің көрінісі болса, соған жетемін деген жас баланың суға кетуі, оны осындай әрекеттерге итермелеген жағдайлар ғылым-техника дамуының теріс салдары екендігі де шынайы көрініс тапқан.

Әлемдік адамзаттық қоғамда адам өмірінде табиғаттың алатын орнына ерекше мән беріліп, оны қорғау барынша өріс алып келеді. Қоршаған ортаны қорғаушылар қозғалысы табиғаттың жаратылысында артық, не кем жаратылған ештеңе жоқ; сондықтан да оның бір бөлшегі болып табылатын адамның құқы, өмірі қалай қорғалса, сол адам өмір сүретін орта – табиғат та солай қорғалуы тиіс деп қарайды. Сондықтан да адам мүддесі бірден-бір заңды мүдде емес, сол сияқты жер бетінің фаунасы мен флорасы, рельефі де заңды түрде қорғалуы тиіс; адам өз денсаулығына, өз үйіне қалай қараса, өзі өмір сүретін қоршаған ортаны, сол ортаның «денсаулығын» да солай сақтауға міндетті. Демек, жер бетіндегі қыбырлаған жәндік-мақұлықтардан бастап, өмір сүруге құқылы. Қоғамдық өмірде адам құқықтары қалай қорғалса, табиғатта да солай болуы тиіс.

Ш. Айтматов суреттеген қасқырлар тағдыры ізгілік болмысын тереңдете түскен. Қасқырдың жыртқыштық әрекет жасауы табиғат үшін өрескел емес. Өйткені қасқыр қасқырша өмір сүру үшін жаралған; сондықтан да қасқырдың қасқырлық әрекеттерінің барлығы да – табиғи, табиғаттағы үйлесімділік. Ал осы қасқырларды қасқырлық қасиеттен айыру әділдік пе? Романдағы қасқырларға жаның ашиды. Қасқырға аяушылық білдіру – бұрын-соңды көркем әдебиетте кездесе бермеген тың түсінік.

Еттің жылдық жоспарын орындау үшін басшылар ақбөкендерді атып алып, етке өткізуді ұйғарады. Бұған қарсы болған Авдийдің қол-аяғын байлап, ағаштан крест жасап, оны соған таңып тастайды. Шаруашылықты осылайша жүргізу барысында Мойынқұмнан қасқырлар жер ауып кетеді; ақбөкендер де «жоғалады». Ет «жоспарын» орындаудан басталған науқанның аяғы осылайша адам айтқысыз трагедияға әкеліп соғады.

«Ит қауып алды; қасқыр малға шабуыл жасады», – деп, оларды атып тастауға болмайды. Өйткені ит бөтендерді қабу үшін, қасқыр малға шабу үшін жаратылған. Бұлардың табиғатта тепе-теңдікті сақтап, атқаратын өзіндік функциялары бар: ит «жеті қазынаның» бірі ретінде адамды, үйді, малды қорғайды; қасқыр малға шауып, олардың ауыруларын жемтік етіп, санитарлық, профилактикалық тазалаулар жүргізеді. Сол сияқты табиғатта жердің үстінде, астында қыбырлаған тіршілік иелерінің барлығының да Табиғат-Ананың алдында оны сақтап қалу үшін атқаратын өз міндеттері бар екендігі барлық уақыттарда да есте болғаны жөн. Оларды бүгінгі күннің қажеттілігі үшін құрту емес, керісінше, ертеңгі күннің қамы үшін сақтап, керек десеңіз, өз «міндеттерін» ойдағыдай атқаруы үшін барлық жағдайды жасауымыз керек.

Батыс әдебиеттанушылары көркем әдебиеттегі табиғат жайлы бірсыпыра зерттеулер жүргізіп, құнды пікірлер айтқан:

«Мәдениетті – табиғаттан, ойды – материядан бөлу мүмкін емес»;

«Материя тұрғысынан қарағанда, адамдардың басқа мақұлықтардан соншалықты елеулі айырмашылығы жоқ сияқты»;

«Біз үшін мәдениет пен табиғатты тұтас алып қарастыру – жаңа материализм мен биомәдениетке тың көзқарастың бір нәтижесі» (қараңыз: Майкл Райан, Джули Ривкин. «Әдебиет теориясы» антологиясы. 4-том. – Алматы, 2019).

Адам өмірі мен табиғат бір-бірімен осылайша тығыз байланысты болғандықтан да осы мәселелердің көркем әдебиетте шынайы көрініс табуы да – маңызды. Кеңестік дәуірде өмірге келген шығармалардың көпшілігінде адамның табиғатты бағындыруы әсіре суреттеліп, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік мәселесі өз дәрежесінде шешімін таппай келгендігі белгілі. Міне, осы бір келеңсіз дәстүрді кеңес әдебиетінде алғаш рет бұзып, табиғат экологиясын сақтауға шақырғандардың бірі Ш. Айтматов болды. «Ақ кеме» романында көтерілген негізгі мәселенің бірі жаңа қоғам орнатамыз деп, Ыстықкөлдiң табиғатын талқандап жатқан коммунизм құрылысшыларының іс-

әрекеттерін жиіркенішпен суреттейді. Ыстықкөлдің жағасында ну болып өсіп тұрған қалың қарағайларды қирата кесіп, құрылысқа пайдалану, аңдарды, оның үшінде қырғыздар үшін қасиетті саналатын бұғыларды атып алып, құрту, өндіріс қалдықтарын тастау салдарынан көл суының лайлануы сияқты әншейінде қарапайым адам онша мән бере бермейтін жағдайлар алдымен жер жаннаты Ыстықкөлге, оның флорасы мен фаунасына, ең соңында осы маңда өмір сүріп жатқан адамдардың өміріне қауіп төндіре бастаған...

Кезінде Шыңғыс шығармаларында барынша көтеріліп, жұртшылық назарын аударған табиғат экологиясы мәселесі кезінде жеткілікті дәрежеде мән берілмегендіктен де бұл күндері адамзат баласы әлемдік апаттың сәл-ақ алдында тұр. Осы мәселеге орай, жақында әлеуметтік желіден мынадай мазмұндағы жазбаны оқығандығымызды да айта кетейік. «Ғарыштан келген ескерту» деген тақырыптағы жазбада: «Семей тұрғыны үйінің ауласынан өзге ғаламшарлықтар атынан бүкіл адамзатқа бағытталған қоқан-лоққы ескерту жазылған жазба тауып алған. Жазбада адамдардың табиғат пен экологияға немғұрайлы қарағандары үшін олар аяз бен циклон салдарынан өлетіндері жазылған: «Біз, өзге ғаламдықтар, ағаштарды кесіп, бүкіл жерге қоқыс шашып, ит пен құстарды өлтіргендері үшін Жер тұрғындарын жазалаймыз. Бұл үшін өз денсаулықтарыңмен жауап бересіңдер. Біз ғарыш арқылы сендерден кек аламыз. Сендерге ең сұрапыл циклондар мен суықты жібереміз. Көмірлерің жетпейді. Суықта батареяларың жарылып кетеді». Жазбаға психикалық ауытқуы бар адам жазуы мүмкін деген түсініктеме беріліпті.

«Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбетте» балалық сана одан әрі қарастырылған. Теңізде адасқан жалғыз қайық өмір теңізінде адасқан адамзат тағдырын еске алады. Қайық үстіндегі ересектер адасқандарына әбден көзі жеткенде, бірінен соң бірі теңізге секіреді. Сондағы мақсаттары – болашақта ұрпақтың жалғасуы үшін балықшы-аңшы баланың аман қалуы. Бұл жерде адамзат баласының өзін-өзі сақтап қалу инстинкті қарапайым адамдардың қиын-қыстау кездегі әрекеттері арқылы табиғи көрінеді. Егер бала аман қалмаса, ұрпақ үзіледі.

Осы тақырыпты Ш. Айтматов «Боранды бекет» атты романында жалғастырды. Негізгі қиындық шығарманың көркем идеясын ашу үшін жазушы қолданған көркем тәсілде. Жазушы өмір ағымын Сарыөзек метафорасы арқылы берген. Ол романға жазған алғы сөзінде былай деді: «Метафоралар біздің заманымызда тек ғылыми-техникалық жетістіктердің күні кеше фантастика саналатын салаларға баса-көктеп кіргендігінен ғана қажет болып отырған жоқ, сонымен бірге және негізінен өзіміз өмір сүріп отырған экономикалық, саяси, идеологиялық тәсілдік қайшылықтар қыспаққа алып отырған әлемнің өзі фантастикалық екенінде айрықша қажет болып отыр». Бұл жолдарда оқырманның өзін сынайтын терең ойлар жатыр.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сақара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады.

Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді.

Ал пойыздар шығыстан батысқа, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...» (Айтматов Ш. Боранды бекет. – Алматы: Жалын, 1986, 25, 78, 111, 123, 258, 276, т.б. беттер).

Осы жолдар шығарманың өн бойында қайталанып отыратындықтан да оқырман назарын өзіне аударып, ойлантпай қоймайды. «Боранды бекеттің» композициялық құрылымына өзгеше бір көрік беріп тұрған осы жолдар шығарманың көркемдік-идеялық локомотиві іспеттес. Романның осы жолдардың сәл қысқарған, өзгешелеу

«Пойыздар бұл өлкеде бұрынғыша батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай жүйткіп жатты...

Ал темір жолдың қос қапталын ала бұл өлкеде Сарыарқаның кіндік тұсы – Сарыөзектің ұлы даласы құлазып жатты» (сонда, 301-бет) түрінде аяқталуы да көп нәрсені меңзеп тұр.

Шыңғыс шығармаларының өзіндік бір ерекшелігі – аңыздық

сарындардың көркемдік құрал ретінде кеңінен қолданылуы. Бұл алғаш рет «Ана – Жер-Анадағы» Жер-Ана бейнесінен аңғарылған болатын. Кейіннен Жер-Ана бейнесі, Ана-бұғы, Ана-балық, Ана-бейіт (Найман-Ана) сияқты образдар өмірге келді. Сөйтіп, түрлі аңыздар мен әпсәналар, ертегілер шындықты көркем бейнелеудің жаңа, тың тәсілі «Ақ кеме», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет» шығармаларында негізгі шығармашылық әдіс ретінде жарқырай көрінді.

Тақырыбы жағынан үндес, бірін-бірі толықтырып тұрған «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекетте» Ана-бұғы, Әйел-балық туралы аңыздар шығармаға арқау болған. Кейіпкерлер де ұқсас: екеуінде де Ата мен Немере. «Ақ кемедегі» Момын шал өте жуас, көнбіс адам болса, «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбеттегі» Орган шал – керісінше, ақылды, іскер адам. Момын – Ана-бұғы, ал Орган болса, Әйел-балық туралы аңызға қалтқысыз сенеді. Осы сенім олардың адамшылық, ізгілік қасиеттерінің өлшеміне айналған. Олар үшін аңыз – айтыла салған бос қиял емес, халықтың рухани байлығы, ұғымы, санасы және тарихы. Аңыз жазушыға бүгінгі күннің, демек, замандас бейнесін жасау үшін қажет. Ол жазушы талғамына еркіндік берген.

Бұл турасында жазушы «Боранды Бекеттің» алғы сөзінде былай деп жазады: «Бұрынғы шығармаларымдағыдай бұл жолы да мен өткен ұрпақтардың бізге мұра етіп қалдырған тәжірибесі ретінде аңыздар мен ертегілерді, хикаяларды тірек етіп отырмын. Сонымен қатар жазушылық тәжірибемде тұңғыш рет фантастикалық сюжетті пайдаланып отырмын. Алдыңғысы да, соңғысы да мен үшін меншікті мақсат емес, тек қана ой амалы, шындықты тану мен түсіндіру жолдарының бірі ғана.

Әрине, жерден тыс цивилизациямен арадағы байланысты сыпаттауға қатысты оқиғалар мен осы байланысқа орай болатын басқа да оқиғалардың бәрі де шындыққа үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын нәрселер. Сарыөзек пен Невада космодромдары да өмірде жоқ. Екі бөлек дүниені, екі бөлек системаны мен бұл жерде тарихи шындықтан тыс, шартты түрде, ойын шарты ретінде ғана алып отырмын. Барша «космологиялық» хикаяны мен жер

бетіндегі адамдарға қатер төндіріп тұрған ситуацияны әсірелеу арқылы жандандыра көрсету мақсатында ойдан шығардым» (Боранды Бекет. 5-бет), – деп, жазыпты.

«Боранды бекетте» аңыз фантастикаға ұласқан. Жеке адам туралы сөз еткенде, жазушы аңызбен шектелсе, адамзат баласы жөніндегі толғаныс фантастиканы қажет еткен. Суреткер аңыз бен қиялды шебер қолдана отырып, адамзаттың болашақ тағдыры туралы проблема көтерген. Әлемнен басқа да цивилизация ошағы табылады. Күн системасынан тыс галактика Орман тас планетасында да адамдар өмір сүреді екен. Жазушы осы фантастикалық идеяға мәңгүрт туралы аңыз арқылы келген.

Сарыөзек пен ғарышта, яғни қазақтың шөл даласы мен зымырандар заулаған ғарышта – осы екі кеңістікте бір күнде екі үлкен оқиға болды. Бірі – теміржолшы Едігенің досы Қазанғайтың дүниеден қайтуы, оның Ана-бейітке жерленуі болса, екіншісі – Күн системасынан тыс әлем кеңістігінде өмір сүретін өркениеттің ашылуы. Былай қарағанда, екеуінің бір-біріне қатысы жоқ сияқты, бірақ жазушы осы екеуін бір проблемаға әкеледі. Ол – әлемдік метаморфоза. Әңгіме – өркениет тағдыры. Өркениет тек ғылыми-техникалық дамумен ғана анықталмайды, оның адамзаттық мазмұнын мансұқ етуге болмайды.

«Боранды Бекет» романында көтерілетін негізгі проблема – мәңгүрттік мәселесі. Қоғамның, ғылым мен техниканың дамуы адам баласын аса қауіпті әлеуметтік құбылыс жаппай мәңгүрттікке алып бара жатқан жоқ па, бұдан шығар қандай жол бар деген сауалдар бүгінгі күндері барынша өткірлене түсуде.

Мәңгүрт туралы миф шығарманың басынан соңына дейін бір үзілмейді. Ол барлық оқиға желілеріне астар болып отырған. Аңызда ақыл-есінен айырылған жауынгер мәңгүртке айналып, алыстан іздеп, аңсап келген анасын атып өлтіреді. Адам үшін Ана – адамды, күллі адамзатты дүниеге әкелуші ғана емес, зор адамгершілікті білдіретін, барлық халыққа ортақ қасиетті ұғым да. Анаға қарсы шығу, қол көтеру деген адамның табиғатына жат, керек десеңіз, ол – азғындықтың белгісі. Сондықтан да адамдардың мәңгүрттене бастауы – аса қауіпті құбылыс.

Қазіргі жаһандану дәуірінде бүкіл адамзат баласын санадан айыру, белгілі болған істі белгісіздікке айналдыру, қоғамдық, техникалық сананы шектеу сияқты әрекеттердің бел алып бара жатқандығына Шыңғыс осыдан жарты ғасыр бұрын жұртшылық назарын аударыпты.

«Боранды бекет» романында осы уақытқа шейін байқалмай, байқалса да әңгіме өзегіне айналмай келе жатқан тағы бір үлкен саяси, ұлттық мәселе бар. Ол – жер мәселесі. Романда отаршылдық саясаттың салдарындағы қазақ жерінің тарихи тағдыры көркемдік тұрғыдан көрініс тапқан. Осы бір аса нәзік те күрделі мәселені роман шыққан дер кезінде қазақ жерінің тарихын зерттеп, шығармалар жазған белгілі қазақ жазушысы Сапабек Әсіпов аңғарып, мақала да жазған екен. Бірақ та түрлі себептермен осы уақытқа дейін жарыққа шықпай келген мақаланы жуырда «Айқын» газеті (26.01.2019) жариялады. «Ештен де кеш жақсы» деп, ендігі сөзді Сапекене берейік. Мәселе түсінікті болуы үшін мақаланың мәтінін толығырақ беруге мәжбүрміз:

«1989 жыл. Маусым. Мәскеу. Съездер сарайы. КСРО халық депутаттарының құрылтайы қызу жүріп жатқан кез. Айдың үшінші жұлдызы. Ұмытпасам, кешкі мәжілісте кезекті шешендердің бірі болып Шыңғыс Айтматов мінберге көтерілді. Ол орыстың ұлы елі құраған ерікті елдердің мәңгілік одағында жүргізіліп келе жатқан лениндік ұлт саясатындағы бұрмалаушылықты айта келіп, Қазақстанға тоқталды. Өзі – қырғыз елінен сайланған депутат. Орта Азияда туысқан екі елден басқа тағы үш республика – Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан бар. Бұларды былай қойғанда, өз елінде шешілмеген түйін, құрылтайға шағар мұң жоқтай, қазақ мәселесін көтергені қалай деп, көрермен қауым елең ете қалды.

Олардың ойынша, әрбір халық өз жері, өз Отаны – өз үйінің төрінде өмір сүруі тиіс. Ал қазақ байғұс төрін өзге ұлт өкілдеріне беріп, босағаға шығып қалды. Бәрінің байырғы Отаны – өз үйі, елең төсектері бар ғой. Көңіліне жақпаса, «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп тартып отырады. Немістер мен кәрістердің әрқайсысында екі-екіден мемлекет бар. Олардың

әрқайсысы таңдағанына баруға құқылы. Қазақ босағада жаутан көз күн кешуге қашанғы шыдайды?! Бірақ өзінің атақонысынан мұраға қалған байырғы қазақ жерінен басқа барар жер, басар тауы жоқ. Сондықтан олар өз жерінде өзіне тиісті орнын алуы – шарт.

Ұлы азаматтың қазақ мүддесін қорғап, отаршылдықты айыптаған ащы сөзі, төртінші маусым күні «Известия» газетінде жарияланды. Ал «Социалистік Қазақстанда» басылған нұсқада ұлттың намысына тиетін тұстары сызылып тасталды. Дегенмен теледидардан Шыңғыстың өзін көріп, сөзін тыңдаған қазақ атаулы бір сілкініп, әрқилы ойға қалды. Парасатты азаматтардың бір бөлігі қазақ өзін-өзі билеу тізгінінен айырылып, тәуелділік күй кешкелі қашан?! Тәрдегілердің аузына қарап, «босағада тұру», солар тапсырған шаруаны орындауға қарай тұра жүгіру, құлдық жұмысына жегілу ғой. Шыңғыс соны айтты деп пайымдады.

Енді бір тобы әңгіме билік туралы болса, бұл айтып отырғаның кешегі патша заманындағы Қазан революциясына дейінгі қазақ жағдайына тура келеді. Сол кезде қазақ азаматтарына ел бастайтын көсем, сөз бастайтын шешен, қол бастайтын батыр болып тусаң да, болыстықтан жоғары лауазым тимеді. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар бойынша генерал-губернаторлық, облыстық кеңселерде қазаққа тілмаштықтан бөтен орын бұйырмады. Уездерде Құдайдан қорқып, алыс-жақын көршілерден ұялғандықтан, «түземдіктерге» арналған бір орын – уез бастығының кіші көмекшілігі ғана қалдырылды. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының дүмпуінен дүниеге келген Мемлекеттік думаға депутат сайлау құқығы бірде беріліп, бірде ескерусіз қалды. Патшалық заманда сондай болғаны – шындық. Ал Компартия мен Кеңес өкіметін қазақты билік басына жолатпады деп кінәлай беру қисынсыз деп, тағы бір топ өре тұра келді.

Сонау 1918 жылдың басында Әліби Жангелдинді Далалық қазақ өлкесінің төтенше комиссарлығына тағайындап, Кеңес өкіметі үлкен бетбұрыс көрсетті емес пе?! Біріншіден, Ұлы даланы қазақ жері, мекені деп ресми таныды. Екіншіден, сол ұлттың революционер өкіліне төтенше билік тізгінін ұстатты.

Кейін сол Әлекеңнің ұсынысы бойынша, 1919 жылы Далалық қазақ өлкесін басқару жөнінде революциялық комитет құрылды. Оның жеті адамдық құрамына төрт қазақ: Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамедияр Тұңғашин, Сейтқали Меңдешов кірді. Қазревком төрағалығына поляк Станислав Песковский тағайындалды. Қазақтардың қызғаншақтық, алауыздық қырсығынан Әліби Жангелдиннің «құлап қалғанына» тоқталмасам да болады. Мұнда орталықтың кінәсі жоқ. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметі қазақ елінің сонау ХІХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарында хандық өкімет жойылуына, алпысыншы жылдарда аға сұлтандық пен сұлтан правительдіктердің таратылуына байланысты айырылған билігін қалпына келтіру жолында біршама жұмыс тындырды. Қазақстан басында автономиялы, кейінірек одақтас республика болды. Байырғы тұрғындары басым аудандар мен облыстарды басқару қазақтарға тапсырылып, биліктің екі тізгін, бір шылбыры солардың қолына ұстатылды. Бөтен ұлттар шашырандылары көпшілік болып келетін әкімшілік бөліктерде бірінші басшының оң қолы дерлік орынбасарлық қандастарымызға тиісті болды. Республикалық деңгейде автономиялы өкіметтің жоғары органы – Орталық атқару комитетінің, кейін Жоғарғы кеңес президиумының төрағалығы, Халық комиссарлары кеңесінің төрағалығы, Орталық партия комитетінің екінші хатшылығы креслоларына кәдімгі қазақтар отырды. Министрліктер мен ведомстволардың көпшілігінде билік тізгіні бөтен біреулер емес, қазақтың қолында болды. Ұлт терезесін басқалармен теңестіру процесі өкімет өмірінде айқын көріне бастады. Жұмабай Шаяхметов пен Дінмұхаммед Қонаев Қазақстан партия ұйымын басқарған жылдары еліміздің абырой-беделі өз заманының талабына сай деңгейге көтерілді. Қазақ мемлекеттігі қалыптастырылуымен қатар, айтарлықтай нығайтылып, болашақ тәуелсіздік негізі қаланып жатты. Демек, Компартия мен Кеңес өкіметін қазақты мемлекеттік биліктің мыс, күміс, алтын тақтарына отырғызбады, тізгінді былай қойып, шылбырын да ұстатпады деп кінәлау тарихқа қиянат, ар алдында ұят болады.

Ұлттық мәселенің бәрін бірдей өздері шеше алмаса да, «былай болғаны дұрыс» деп жағаласып, орынды пікір, ұсыныстарын өткізе білгенінің өзі неге тұрады. Еліміз өмірінде мұның жақсы мысалдары санап тауысқысыз.

Осыған байланысты бір сұрақ:

– Ендеше Шыңғыс сабаз қазақты босағадан төрге шығару керек деп несіне «арамтер» болып жүр?

– Ол қазақта билік жоқтығын емес, жер жоқтығын айтты емес пе?

– Айтылмағанды айтты деуге жолыңыз болсын. Шыңғыстың сол сөзінде жер атымен жоқ қой.

– Сөз бар да, оны дұрыс түсіну бар. «Боранды бекетте» Қазанғаттың мәйітін қоятын жер табылмай, сүйекшілер әуресарсаңға түскенін, Тасшайнар мен Ақбораны Мойынқұмға сыймай, беталды кеткенін қайда қоясыз. Босағаға тұрғызып қойды дегенін отаршылдар қазақты жерсіз қалдырды деп түсінген жөн емес пе?! Ақылсыздарға дауа жоқ. Қауашығында бірдемесі барлар ойланып қалды...

Сондықтан да қазақты босағадан төрге оздыру – шөл және шөлейт дала қырсықтарынан құтқарып, құнарлы аймақтарға көшіріп, қоныстандыру болып шығады. Шыңғыс аузымызға салған ұлағатты сөз мағынасы осы болатын» (С. Әсіпов. Шыңғыс Айтматов «шайнап берген» проблема. «Айқын», 26.01.2019).

Бұл сөздерге біздің алып-қосарымыз жоқ. Айтарымыз: екі халық-қазақ, қырғыз тел емген Таластың топырағынан жаралып, Алатаудың шындарымен таласып, әлемдік өркениеттің биігіне шыққан, «Адамзаттың Айтматовына» айналған Шыңғыстың шығармаларында қазақ, оның ішінде жер, мәңгүрттік сияқты келеңсіз мәселелердің ылғи да көтеріліп отыруы үлкен жүрек иесінің бауырлас халықтарға деген жүрек лүпіліндей әсер етеді.

«Жанпида» романында мәңгүрт мәселесі тереңдей түскен. Қоғамдық дамудың қас жауы – мәңгүрттік. Мәңгүрттерге кінә тағу қиын. Өйткені бір қарағанда, олардың сөзі де, ісі де бәрі де дұрыс сияқты көрінеді. Олар барлық уақытта – сақ; ылғи да билік атынан сөйлеп, өздерін сүттен ақ санайды. Мәңгүрт – социализм

кезінде қалыптасқан бюрократ. Бюрократ – мәнгүрттің бір көріну формасы. Қоғамда бюрократтардың, яғни мәнгүрттердің пайда болуының басты себебі – социалистік қоғамда соңғы кездерде қалыптаса бастаған барлық саладағы тоқыраушылық, түрлі қайшылықтардың өріс алуы салдарынан қоғамдық өмірде таза адамның дұрыс еңбек етіп, қалыпты адал өмір сүруінің қиындап бара жатуы. Бұл – ащы шындық. Осындай қиыншылықтарды қолдан жасап жүрген парторг Қошқарбаевтар іс басында тұрғанда, бұл мәселе шешілмейді. Өйткені Қошқарбаев – «Боранды бекеттегі» Сәбитжанның «туысы» – мәнгүрт.

Ш. Айтматовты өз заманының ойшылы ретінде адамзат қоғамының бүгіні, ертеңі мәселелері қатты толғандырады. Оның бүкіл шығармашылығы осы бір мәңгілік сауалдарға жауап беру мақсатында жазылғандай. Қазір бүкіл әлемді толғандырып отырған табиғат экологиясын, адам экологиясын жазушы өткен ғасырдың өзінде-ақ көтеріп, өлмес шығармаларын жазды. «Өлмес шығармалар жазды» деп отырғанымыз, сол кезде Шыңғыс көтерген проблемалар дер кезінде шешімін таппағандықтан да бүгінгі күндері өткірлене түсіп, тіпті жер бетіндегі тіршілік атаулыға қауіп төндіре бастады...

Әдетте, ғылымның дамуы адамдардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсартып, адамзат қоғамының жетіле түсуіне барлық мүмкіндіктерді қарастырады. Озық технологиялы елдер – дамыған елдер де, ғылымы мешеу елдер – дамудың соңында қалғандар. Бір сөзбен айтқанда, қоғамның дамуы ғылым арқылы ғана жүзеге асады.

Десек те бұл жерде де ойланатын мәселелер баршылық. Байқамаса, ғылым дамуының пайдасымен бірге тигізер зияны да ұшан-теңіз, тіпті, қаншалықты табыс әкеліп жатса, күнделікті тіршілікте байқала бермейтін соншалықты кері әсері де бар екен. Сондықтан да ғылымның жетістіктерін пайдалану барысында ойланып, пайдасы мен залалын саралап барып, кіріспесе, күтпеген жерден орны толмас зардаптарға апарып соқтыруы әбден мүмкін. Кезінде заттың атомдық құрылымын ашқан Кюри, Эйнштейн, жарылғыш затты (динамит) тапқан Нобель сияқты

ұлы ғалымдар ашқан ұлы жаңалықтарының адамзат баласына әкелер апатын сезініп, ұзақ уақыттар бойы жарияламаған деген де сөз бар. Осыны ойлаған Эйнштейн өмірінің соңында жүйке ауруына шалдыққан, ал Нобель өзі ашқан жаңалықты өндіріске енгізуден түскен пайданың белгілі бір пайызын бейбітшілікті қорғау жолында, ғылыми ізденістерде елеулі жетістіктерге жеткен әлем ғалымдарына сыйлық ретінде («Нобель сыйлығы») беруді өсиет етіп қалдырған.

* * *

Ғылымның да ойланбаса, от бастыратын қауіпті жақтарының бар екендігін Ш. Айтматов «Кассандра таңбасы» романы арқылы өткен ғасырдың өзінде-ақ барынша ескерткен болатын. Романның негізгі идеясы – адамды адам етіп келе жатқан табиғи болмысын сақтап қалу, осы жолда адамзат баласының небір қауіп-қатерлермен бетпе-бет келетіндігін, тіршілікте табиғаттың заңдылығы сақталынбаса, мұның өзі ғаламдық апатқа апарып соқтыратындығын ескерту.

Романның мазмұны – қысқа. Күпия орталықта жасанды интеллект жасаумен айналысқан атақты генетик ғалым ғылыми ізденістерін кейін ғарыш айлағында жалғастырады. Бұл саладағы тамаша жетістіктері адамның ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи болмысын өзгертіп, адамзат қоғамын әлемдік апатқа алып баратындығын сезініп, оған көзі жеткен ғалымның кейінгі өмірі трагедияға айналады. Ғарыш айлағынан жермен тікелей байланысқа шығып, оның адамзат қоғамын жақсартуға бағытталған ұсыныстарын жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдардың қабылдамағанын көрген ғалым үстіне скафандр киіп, бар ғылыми еңбектерін өзімен бірге алып, ғарышқа секіріп кетеді.

«Кассандра таңбасының» композициялық құрылымы, сюжеттік желісі, баяндау тәсілі өзгеше өрілген. Романның басындағы драматизм соңына дейін бір бәсеңсімей, керісінше шиыршық атып, оқырманын өзіне тартып отырады. Ғылым мен техниканың дамығаны соншалық, жер бетіндегі тіршілік атаулының тағдыры

ғарыш бекетінде тұратын бір ғана зерттеушінің қолында тұр. Бейбіт өмірдің тыныштығын бұзып, қайғы-қасірет әкелетін Кассандра таңбасымен белгілі болатын «бұзық» нәрестелерді ана құрсағында жатқанда, лазермен жоюды ұсынған Филофей ең соңында өзінің бұл жаңалығының адамзат баласының болашағына қаншалықты қауіп төндіретіндігін бар жан-дүниесімен сезінген ол өзін құрдымға тастап жібереді.

Ш. Айтматов романының негізгі идеясы – адамзат баласының басына төніп келе жатқан апаттан сақтандыру. Кейде жазушыны пайғамбар, көріпкел деп жатуымыздың себебі де суреткерлеріміздің әдетте жай адам байқай бермейтін құбылыстарды дер кезінде жүрек лүпілімен сезіне, көкірек көзімен көре біліп, жаһанға жар салып, ескерте білуінде болса керек. «Кассандра таңбасын» оқығанда, біз «Адамзаттың Айтматовына» айналған жазушының осындай көріпкелдік қасиеттерін толық сезінгендей болдық. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында, яғни осыдан жарты ғасыр бұрын жұртшылық назарын аударған жазушының ескертпелері бүгінгі күндері барынша өткірленіп, күн тәртібіне қойылып тұр.

Шыны керек, романды алғашында оқырман қауым салқын қабылдады. Шыңғыстың жаңа шыққан әрбір шығармасын іздеп жүріп оқитын біз де жазушы фантастикаға қалам сермеген екен ғой дегендей, алып бара жатқан онша ешнәрсені көре алмағандай болып едік. Сөйтсек, біз әлемдік әдебиеттегі жаңа сөзді түсіне алмаған екенбіз.

Оның басты себебі, бұл шығармасында Ш. Айтматов әлі де жалпыадамзаттық проблема ретінде байқалмаған, байқалса да күн тәртібіне қойылмаған ХХ ғасырдың екінші жартысында ақ ғылым мен техника дамуының прогресшілдік рөлімен қатар байқамаса, қауіпі де бар екендігін көрегендікпен сезініп, оны төніп келе жатқан әлемдік метаморфоза ретінде батыл көтере білуі болса керек.

Ол кез жер бетінде адамнан күшті жоқ, «Адамға табын, жер, енді» деп, табиғатты бағындыру, табиғаттың бермесін тартып алу, әлемнің екіге (капитализм, социализм) жарылып, әлемдік билікке, байлыққа таласып, жатқан дәуірі болатын.

Адам өмірінің бар мақсаты баю, сол арқылы өмірдің қызығын көріп қалу ұстанымы алға шыққан замандарда Жер-Анаға орны толмастай зиянкестіктер жасалды. Жазушының суреттеуінше, барынша «жараланған» Жер-Анаға аса қатерлі қауіп төніп тұр. Ол – Кассандра таңбасы. Бұл жердегі Кассандра таңбасы – ақырзаман белгісі.

Жазушының суреткерлік қиялында Жерге, онда өмір сүріп жатқан адамдарға зұлымдықты әкелуші – өзге емес, сол адамның өзі. Зұлымдық ананың құрсағында пайда болып, шаранамен бірге жарық дүниеге келіп, өмірге зұлымдық себетінін ананың маңдайында пайда болатын таңбадан анықтауға болады. Ана құрсағында пайда болған эмбрион алты-жеті жұмада өзінің кім болатыны туралы белгіні маңдайдағы қара дақ арқылы білдіреді. Енді сол маңдайында қара таңбасы бар ананың құрсағындағы зұлымдық эмбрионының көзін жоюға бола ма? Оны жойса, бұл әділеттілік пе, әлде зұлымдық па? Өмірге жаңадан келген сәби періште емес пе?!

Өзінің зұлым болатынын әу баста білдірген, бірақ біз еш шара қолданбағандықтан Кассандра таңбасы бар әйел дүниеге болашақ зұлым сәбиді өмірге әкелді делік. Содан кейін не болмақ? Егер ол дұрыс тәрбие көрмей, білім алмай өссе, әрі кеткенде, бірер жеңіл қылмыс жасап түрмеге түсер. Ал егер ол дұрыс отбасында дүниеге келіп, тәрбие, білім, ғылым алып, оларды бойларына әбден сіндіріп, зұлымдықтың жолын жалғастырса, не істеу керек? Жазушының шығармашылық қиялы осылайша шарықтап, оқырманын шешімі қиын алыс қиырларға жетелейді.

Шығармашылық қиялдың өмір шындығына сәйкес келе бермейтін, бірақ та білім-ғылымның, ақыл мен түйсіктің бастауымен ашылатын өз шындығы болады. Ал Шыңғыс шығармасында суреттеп отырған жағдай өткен ғасырда ойға келсе де, ақылға сыймастай оқиға еді. Ш. Айтматовтың романында көтерілген осы бір мәселелер, суреттелген оқиғалар бүгінгі күндері өмір шындығына айналып отыр. Бұл жерде Ш. Айтматовтың суреткерлік көрегендігі, алдағыны болжай білген шығармашылық шеберлігі жарқырай көрінеді. Жазушы ғылым мен техниканың

жетістіктерінен барынша хабардар болып, оның даму бағыттарын қиял көзімен көріп, шебер суреттей білген.

Ғылым мен техника дамуының адамзат баласын апатқа апара бара жатқандығын негізгі идея қылып алған романның басты көркемдік шешімі – табиғат заңымен өмір сүру, оған қиянат жасамау, табиғаттың тепе-теңдігін, үйлесімділік заңдылықтарын сақтау мен қорғау. Жазушының негізгі идеясы романның бас кейіпкері шешесі тастап кетіп, балалар үйінде тәрбиеленген Филофейдің (шын аты-жөні – Андрей Крыльцов) Рим Папасына жазған хатында барынша ашыла түскен.

Бұл өмірден түңіліп, ғарыш тақуасына айналған Филофейдің Рим Папасына жазған жолдауындағы «Ізгіліктің және сонымен бірге немесе оған кереғар түрде қоса берілген Зұлымдықтың қуатын ешкім өзгерте алмайды. Олар – өзара тең. Бірақ адам баласына сана берілген, оның бойында мәңгіліктің шексіз қозғалысы бар, егер адамзат аман қалғысы келсе, егер өркениеттің шыңына шықпақ болса, онда өз бойындағы Зұлымдықты жеңе білуге тиіс» (Ш. Айтматов. Тау құлаған. Алматы, 2017, 307-бет), – деген жолдардан жазушы көтеріп отырған мәселенің қаншалықты маңызды екендігі анық көрінеді.

Жазушының суреттеуіндегі өмірге зұлымдық әкелетін шараналардың өзі өздерінің бүліншілік әкелетіндігін біліп, жарық дүниеге келгісі келмей, онысын Кассандра таңбалары арқылы білдіреді:

«Мен – Кассандра шаранамын! Мен, Кассандра – шарана, біраз уақыт бойы өзім туралы ескертіп отырамын, мен, Кассандра – шарана, жарық дүниені көргім келмейді, көргім келмейді, көргім келмейді... Мен – Кассандра шаранамын!» (сонда, 297-бет). «...бұрын-соңды болып көрмеген жаңа сұмдыққа тап болдық: анасының құрсағында жатқан шараналар бізден көмек сұрайды, енді бұл туралы ойланбау мүмкін емес» (сонда, 301-бет).

Не істеу керек? Кассандра шарананы өлтірсек, адамға өмірді Құдайдың өзі беріп, өзі алатындығы белгілі; өлтірмесек, «Алдымыздан ойымызға да кіріп шықпаған терең құз тап болды. Әлемге кесілген мерзім тақап қалыпты» (сонда).

- Өмірде Зұлымдықтың көбеюі салдарынан
- «- аштық,
 - кедейлер тұратын ескі-құсқы үйлер,
 - неше түрлі аурулар, соның ішінде СПИД,
 - соғыс, экономикалық дағдарыстар,
 - әлеуметтік толқулар,
 - қылмыстың өршуі,
 - есірткі және есірткі мафиясы,
 - ұлтаралық қырқыстар,
 - нәсілшілдік,
 - экологиялық және энергетикалық апаттар,
 - ядролық сынақтар,
 - қара құрдим, т.б., т.с.с.» көбейе түсуде (сонда, 315-бет).

III. Айтматовтың көрегенділігі осы бір жолдардан анық көрінеді. Бүгінгі таңда адамзат баласы тап болып отырған:

1. Ядролық соғыс;
2. Биологиялық және химиялық қару;
3. Ауа райының өзгеруі;
4. Экологиялық жүйеде күтпеген өзгерістердің болуы;
5. Пандемия (эпидемиялар, бактериялар, т.б.);
6. Жердің астероидтармен соғысып қалуы;
7. Жанартаулардың (вулкандардың) алапат атқылауы;
8. Жер бетін топан су басуы;
9. Жасанды интеллекттердің бас көтеруі («Комсомольская правда», 21-28.11.2018) секілді ғаламдық қауіп-қатерлерді жазушының осыдан жарты ғасыр бұрын көре, сезе біліп, одан сақтандырып, жар салуының өзі не тұрады.

Бір таңқаларлығы – «Осының бәрі – адамдардың өз қолымен жасалған кесепаттар. Ұрпақ ауысқан сайын адамдардың қолынан шыққан апаттардың ауқымы ұлғайып барады. Бұған бәріміздің де қатысымыз бар. Міне, ақыр аяғында, Құдіреттің өзі бізді құрдимға құлап, біржола жоғалып тынудан құтқармақ болып, Кассандра таңбасы арқылы ескерту жасап отыр».

Енді не істеуіміз керек дегенде, романның бас кейіпкері мынадай тұжырымға келеді: «...енді бұлай өмір сүре беруге болмайды, азып-тозудың әбден шегіне жеттік!»

Болашағымыздың жарқын болуы үшін әр адам өзінен бастап, бәріміз бірге, бүкіл адамзат қауымы жұмыла отырып, өз бойымыздағы азғындықтан арылуымыз керек. Әлде бұл қиял ма екен? Тағы да қиял ма? Жоқ, бұл кезекті қиял емес. Бұл – тірі рухтың тірі қалуының амалы, басқа жол жоқ... « (сонда, 316-бет). «Басқа жол жоқ» – деп, ұсынылып отырған қандай жол? Сөйтсек, ол жол – ананың құрсағында жатқан шарананың өмірге зұлымдық әкелетіні белгілі болып, онысын кассандра таңбасы арқылы білдіре бастаған кезде-ақ лазер сәулесі арқылы жойып жіберу. Бар мәселе осы жерде жатқан сияқты.

Романды оқи отырып, оның кейіпкерлерімен бірге қазіргі өмір, адамзат баласының болашағы жайлы не бір терең ойларға шомасыз:

«Адам баласына ой-сананың иесі болу тәрізді шексіз артықшылық берілген, сол арқылы ғаламдық міндет жүктеліп отыр, егер біз өз-өзімізді жетілдіруге, Жаратқанның берген игілігін орнымен пайдаланып, толық игеруге қабілетсіз болып шықсақ, онда өзінің жаралғандағы мақсатын ақтай алмайтын арамтамақ, түкке тұрғысыз мақұлық болғанымыз» (сонда, 327-бет).

«Мысалы жанартау қаншама қорқынышты болғанымен, ол да атқылап барып басылады ғой. Ал адамдардың зұлымдығы ешқашан толастар емес. Міне, мәселе қайда жатыр! Бар өміріміз осы: ізгілік қашан да тапшы, зұлымдық қашан да жетіп артылады, тасып-төгіледі де жатады. Енді ойлап көр, жер бетінде өзіміз тоқтата алмайтын әлдебір қылмыстар қашан да жасалып жатады, кісі өлтіріп, азаптап, өзгелерді басып-жаншып, өз-өзімізді аярлықпен алдап, сол былықтарды ақтап алу үшін жанымыздың қалтарыс-қуыстары мен санамыздың қараңғы түкпірлерінен дәлел-дәйек іздеп, әуреленіп жүргенде, киттер бізге қарай жан ұшырып, жүзіп келе жатады. Өйткені ғаламдық сана біздің кесірімізден күйреп түсіп, өзін-өзі жойып, біржола келмекке кетемін деп, қорқытып тұр. Тілсіз хайуандар мұны ақырзаман деп, түсінеді.

...түсінесің бе, ғаламдық сананың бір бөлігі болып саналатын адамзаттың осындай, осындай апатқа апарып ұрындырар азғын-

дыққа құштарлығы неден екен? Ғаламдық сана туралы, мәңгіліктің бір қыры өзімізге сеніп тапсырылғаны туралы ойлаймыз ба, осы? Әй, қайдам. Біздің ортамызда, өз арамызда ізгіліктің мұқалып, жұқарып, азғындап кететін сәттері болады, зұлымдық пен қорқыныштың лебі ғаламды шарпып, ғарыштық әділетті кіршік шала бастайды, меніңше, осындай бір әділет болуға тиіс, тұрмыстың үйлесімі бұзылып, мәңгілік жарасымға нұқсан келген кезде киттердің де төзімі таусылып, шыдамы бітеді де, жаппай жағалауға қарай жүзе жөнеледі, адамдардың азғындығынан жаны қиналған жазықсыз жануарлар өз еркімен жағаға шығып қалады, өстіп олар өз-өзін өлімге қияды» (329-330 беттер).

«Қазіргі кезең – тобырдың көшеде шағым айтып, талап қоятын, жеке бастың міндетін әкімшілік жүйеге жүктей салатын уақыт екенін ұмытпауымыз керек...

Қазіргі адам бір нәрсені түсінбей қалса болды, өзін емес, ең алдымен, жүйені кінәлап шыға келетін мақұлыққа айналып кетті» (сонда, 341-бет).

«...адамзат өз тарихында, ұрпақтан ұрпақ ауысқан сайын бір-бірін және өздері өмір сүріп отырған әлемді жүйелі түрде азап. ұтап келген, осының салдарынан өзінің даму жолында талай нәрседен айырылып қалды; тарихи жетістіктерге жету жолында көптеген нәрсені біржола жоғалтып тынды... Өмірі таусылып бітпейтін неше түрлі соғыстар, солардың арасында даңқты деп, аталып жүргендері де бар, барлық төңкерістер мен бүліктер, көтерілістер, қылмыстар, билеушілердің қаталдығы, ілімдер мен идеологиялардың дара билікке ұмтылуы – өмір мен қансорғышша талап келген жәйттердің бәрі халықтарды бір-бірін жек көруге әкеп тіреді, адамдарды ашкөздікке баулыды... Сонда былай болып шығады; тұрмыстың ағынына алданып жүріп, ешкім толық сене қоймаған ақырзаман туралы аңыз нақты шындыққа айналып отыр» (366-367 беттер).

«Тобыр деген – көпшілік, сен айтқандай, олар таптап кетуі де мүмкін, бірақ қоғамдық өмірдің тірегі де солар. Бұдан қашып құтыла алмайсың! Адам деген сол, өмірдің өзі соларға негізделген. Тұрмыстың, тіптен өмірдің өзінің даму заңдылығында қайшылыққа толы ерекшелік бар, бұл – мәңгілік қасірет:

ойшылдар қоғамның заңдарын ашады, сол үшін қоғам олардан сырт айналып, безініп шыға келеді, кейіннен өздері сол заңдарды басшылыққа алады. Ақиқатты түсіну үшін әуелі оның өзін жоққа шығарады» (402-бет).

«Өкінішке қарай, пәленің бәрі біздің, адамдардың, саналы тіршілік иелерінің өмірді ылғи бұрмалай беретініміз үшін жауап беруден қалайда қашып құтылуға тырысуымыздан, бұл үшін толып жатқан сылтау тауып, ізгілік пен зұлымдықты ажыратып жатпастан және одан еш қорықпастан, қайткенде де жауапкершіліктен бой тасалауға жанталаса ұмтылуымыздан шығып жатқанын ешкім түсінгісі келмейді...

Жер бетіндегі адамдардан басқа зұлымдық иесі жоқ. Бірақ әркім де оны өзінен емес, өзгеден көреді, өз бойында, өз тобында, табында, ұлтында, мемлекетінде, одан әрі нәсілінде, дінінде, идеологиясында зұлымдық деген жоқ, ада... Сөйтіп, өмірдің өзі зұлымдықпен ұласып кете береді...

Тоқта! Бұдан әрі барар жол жоқ! Бұдан әрі тұқым-тектің бұзылуы мен азып-тозу ғана қалады! Осының бәрі адамзатты құртып тынады, барған сайын құлдырап бара жатырмыз, технологиямыз жетілген сайын адасуымыз бен арсыздығымыз, ізгілікті табанға салып таптау күшейе түсуде» (сонда, 404-бет).

Адамзат баласының қоғамдық өмірінде болып жатқан осындай құбылыстар жайлы ойланғанда, роман кейіпкерінің бірі Джесси көз жасына тұншығып:

«– Тобырдың топастығынан жаным жаншылып, жиіркенгенім соншалық, бейне бір сен екеуміз түгі қалмай өртеніп кеткен орманның арасында жүрген секілді сезініп тұрмын. Түп-түгел өрт жалмаған ағаштардың діңі, бұтағы, жапырағы – бәрі өртеніп кеткен, орманның орнында тек қап-қара болып күйіп кеткен қу медиен дала жатыр, одан басқа ештеңе жоқ, бәрі өлген, бәрі қап-қара күйік. Енді не болады? Енді не болады? Әйтеуір, бірдеңе болатын шығар!» (сонда, 404-бет) – дейді.

«Кассандра таңбасы» романының негізгі кейіпкерлері – барлығы дерлік, оқыған, өмірдің ұңғылы мен шұңғылын көп көрген, ертеңгі күннің қалай боларына алаңдаулы көзі ашық, сауатты

адамдар. Сондықтан да олар қоғамда жүріп жатқан келеңсіз құбылыстарға көз жіберіп, жан жүрегімен сезіне де күйіне де біледі.

Романда кейіпкерлер көп емес. Бас кейіпкерінің бірі Роберт Борк өмір туралы былайша ойланады: «Бұл кезде Борк адамның өз тектестерінің арасында өмір сүруінің қаншалықты қиын екендігі туралы, туғаннан өлгенге дейін адам баласының осы қиындықты жену үшін арпалысатыны туралы, тіршіліктің басты мәнін ұғыну үшін әрекет етіп, ал адамзат әу бастан ізгі болып жаралмаған, ондай қайда, бұл үшін адам рухы тынбастан еңбек етуге тиіс, әр жолы өмірге келген сайын нақ осыған – қол жетпес асыл мұратқа – ұмтылуды қайтадан басынан бастауға мәжбүр болатыны туралы жазып отырған. Адамның барша ой-арманы, іс-әрекеті тек осы мақсатқа ғана арналуға тиіс. Сонда ғана ол адам деген атқа лайықты болмақ» (352-бет);

«Кассандра таңбасы» өздерінің саясат құмар мақсатына жетуге жанталасқан кейбір шешендердің бізді сендіруге тырысқанындай масқара да, қорлық та емес, ол – апат дабылы, адамдар бұрын білмей келген, аса ауқымды тұрғыдан алғанда, байқала бермейтін, сондықтан адамзат үшін қатерлі болып табылатын элеуметтік-биологиялық сыпаттағы сұрапыл апат туралы кенеттен берілген әлсіз ғана дабыл белгісі. Филофей ашқан жаңалық біздің санамыздың тұқым-тек деңгейінде бұзыла бастағанын, оның қанша ұрпақ ауысса да әлемдік рухтың мұраттарына кереғар түрде өмір сүріп келе жатқан адамның өзінің кінәсынан бұзылып отырғанын көрсетіп берді...

Өмір сүруге деген ұмтылыстың сарқылуы – әлемдік өркениеттің өшуі деген сөз. Ақырзаман дегеніміз де – осы. Басқаша айтсақ, ақырзаман біздің бойымызда екен» (сонда, 406-407 беттер).

Романның бас кейіпкері Филофейді тыңдайық: «Мен адамдарға зиянымды тигізу туралы ойыма да алған емеспін. Бірақ іс жүзінде бәрі де басқаша болып шықты. Ізгі мақсат зұлымдыққа айналып кетті. Бұған шамамыз жетпейді екен. Бірақ мен өзім ашқан жаңалықтан, кассандра-шараналар туралы құбылыстан бас тартпаймын; ақырзаманның түп-тамыры өз бойымызда, іс-

әрекетіміз бен ой-санамызда үздіксіз жиналып, қордаланып қалған зұлымдықта жатқанын, осының барлығы адам баласының тұқым-тегіне әсер етіп, дағдарысты жақындата түсетінін барша адам білуге тиіс. Әйтпесе, кеш қалуымыз ықтимал...» (485-486 беттер).

«Кассандра таңбасы – кемшілік те масқара да емес. Мүлдем олай емес. ...бұл – кассандра-шараналардың бізге өз бойымызда пәлен ұрпақтан бері жалғасып келе жатқан, әбден қордаланып қалған зұлымдық туралы ескертуі. Ақырзаман біздің өз бойымызда жатыр – міне, бұл таңбаның бізге білдіріп тұрғаны – осы» (487-бет).

Романның соңында биолог ғалым Крыльцовтың КСРО кезінде СОКП Орталық Комитетінің тапсырмасымен арнаулы жабық лабораторияда құпия зерттеулер жүргізіп, «жаңа тұрпаттағы адам» жасау проблемаларымен айналысқандығы жөнінде баяндалған. Ол үшін «адам табиғатына тереңдеп ену, атап айтқанда, адамның жеке тұлғасын – шыққан тегін, қоғамдағы орны мен міндетін түбірімен өзгерту; демек, болашақта қолдан жасалған түпкі негіз бойынша бүкіл адамзаттың өзін де біржола өзгерту» (516-бет) мақсаттары алға қойылады. Олар, яғни «тексіз тұлға, оның ата-анасы жоқ, қолдан жасалған субъект» «кіршіксіз таза төңкерісшілдер» болады; «мұнда туысқандық және басқа сияқты тар ауқымды кедергілер мен аландаушылық деген болмайды. Балалар өмірге жасанды жолмен тексіз болып келеді және тиісінше тәрбиеленеді», «олардың басты артықшылығы ата-анасыз жаралған бұл адамдар отбасы, неше түрлі туысқандық және әулеттік байланыстар, ақсақалдық және басқа салт-дәстүрлер дегеннен ада болады, мұның өзі ғасырлар бойы еңсемізді езіп келе жатқан көнерген мұраттардың ауыр салмағынан арылуға апарып тірейді. Саяси тұрғыдан алғанда, бұл – күмәнсіз таза жеңіс. Икстектер ұжымшылдық және интернационалистік рухтағы адамдардың үлгісіне айналады. Олар коммунистік итернационалдың екпінді күші болады. Батыс әлеміне шешуші соққы беретін де солар» (519-бет).

Барлық жағдайы жасалып, өз өкіметінің осындай, яғни бола-

шақ «коммунизм құрылысшыларын», өмірдің адамды шаршатып, басын ауыртатын көптеген «ауруларынан» таза бақытты адамын жасау сияқты аса «маңызды іспен» айналысып жатқан ғалым өз өмірі жайлы да ойланады. Роман кейіпкері өзінің тағдыры жасанды жолмен өмірге әкелген адамдарының тағдырымен ұқсас екендігін байқайды. «Іс жүзінде мен де сондай истек едім ғой, бар айырмашылығым – табиғи жолмен өмірге келгенім ғана, әйтпесе менде де туған-туыс дегенді білмейтін, өз міндетін солқылдамай, шүбәланбай, тіптен мейірімсіздікпен атқара беретін, өз ісінің катал шебері атанған, бойындағы бар қабілеті мен бар уақытын мақсатына жету үшін ғана пайдаланатын адам болатынмын. Шамасы партияның идеологтарына да осындай адам керек болған шығар, олар истектерді осы тұрғыдан көргісі келді. Тағдырымның арқасында мен де сол истектер сияқты болатынмын» (522-бет).

Романды оқи отырып, Ш. Айтматовтың өмірде жаңадан туындап жатқан құбылыстарды, өз заманының толғандырған проблемаларын ой елегінен өткізіп, дұрыс қорытындылар жасай алған кемеңгерлігі, өзінің ойға түйгендерін суреткердің шарықтаған шығармашылық қиялымен кемел көркем туындыға айналдырған жан-жақты дарын иесі екендігі тәнті етеді. Шыңғыстың бүкіл дерлік саналы ғұмыры дүние жүзінде адамзат баласын бақытты өмір сүретін коммунизм орнатуды мақсат еткен социализм дәуіріндегі КСРО-да өтті. Ең бастысы адамды адам қанау атаулы жоқ, адамдардың бәрі тең құқылы коммунистік қоғам орнату саясатының ар жағында бүкіл әлемге билік жүргізу сияқты аса қауіпті саясаттың жасырын жүргізіліп жатқандығын сөз өнерінің құдіретімен оқырманға ескертеді.

Романды оқи отырып, социализм кезіндегі кадр таңдау мәселесінде ылғи да балалар үйінде тәрбиеленіп, жетім өскендердің бағы жанып отырғандығы еске түседі. Мысалы, төменгі, орта буын басшылық өкілдерін былай қойғанның өзінде, Орта Азиядағы 5 республиканың (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан) ішінде екеуінің (Өзбекстан мен Түркіменстан) басшыларының (И. Кәрімов, Түркіменбашы) кезінде жетімханада тәрбиеленгені белгілі. Туған-туысы, елі-жері

жоқ жетім өскендер өмірдің қиындығын көп көріп, ысылады; рушылдық, жершілдік сияқты биліктің әділ жүруіне кедергі келтіретін «былықтардан» бойы аулақ, таза болады дегендей, жақсы жақтарына қоғамдық өмірде басымдық берілетін. Десек те басшыларға қойылатын осындай басты талаптардың тасасында жасырынып жатқан жалпы адамзат қоғамының болашағына қатер төндіретін аса қауіпті нәрселер де бар екен. Қарапайым халық онша байқай бермейтін қатерлі қауіпті «халықтың көзі, құлағы, сезімі» бола білген жазушы сол кездің өзінде-ақ байқап, күллі адамзат баласын сақтандырыпты. Шынғысты тыңдайық:

«Бірден-бірге кәсіпқой бала туушылардың ата-тек дегеннен туғаннан ада балаларды өмірге әкелуін жаппай жолға қойып, икстектерді интератта тәрбиелеуді ұйымдастыру арқылы бала туу мәселесін біржола шешіп, халықтың барлық күш-жігері мен уақытын түгелдей өнімді еңбек етуге, басқа да көкейкесті міндеттерді орындауға, ең алдымен, әрине, болмай қоймайтын әлемдік төңкеріске арнауына жағдай жасауы керек, коммунистер осы мақсатынан ешқашан бас тартпақ емес. Икстектер әлемдік тарихқа нүкте қояды, сөйтіп, жаңа дәуір басталады...

Егер шешуші сөзді атом бомбасы айтуға тиіс болса, соны нақ осы икстектер жүзеге асырады. Оның жоғалтатын ештеңесі жоқ, оны ешкіммен ештеңе байланыстырып тұрған жоқ, ол тексіз жаратылған, оның Отаны – өзін шишадан шығарған Жүйе. Тетікті басар кезде оның қолы қалтырамақ емес. Бар гәп кімнің тәрбиелеп шығарған иктегі бірінші болып ядролық соққы береді – сонда жатыр!» (сонда, 527-бет).

Бұл жерде жазушы тексіздіктің адамзат қоғамына қандай апат әкелетінін, оның мәнін тереңдетіп, жұртшылық назарын аударып, адамзатқа ескерту айтып отыр. Шығыс халықтарында, оның ішінде қазақ, қырғыздарда тектілікке ерекше мән береді. Болашақ ұрпағының мықты болуы үшін текті жерден қыз алады; тектілер ел билейді. Осындай адамзат баласының ертеңі үшін аса маңызды мәселені көтеріп, шығарманың сюжетін құруда үлкен қызмет етіп тұрған «жасанды жолмен адам әкелу» оқиғасы жетпісінші жылдардағы суреткерлік қиял нәтижесі болса, бүгінгі

заманның нақтылы шындығына айналып отыр. Ғылым мен техника барынша дамыған қазіргі кезде «жасанды интеллекттің» адамның басқаруынан шығып кетіп, бүкіл адамзат баласын жойып жіберу қаупі бар екендігі де айтыла бастады; қоршаған ортаның, адам болмысының экология салдарынан бұзыла түсуі жер бетіндегі тіршіліктің сыпатын мүлдем өзгертіп жіберді: тіпті адамдардың физиологиялық болмысы өзгергендігі соншалық, олардың ұрпақ қалдыру мүмкіндігі шектеле түсуде; сондықтан да олар қолдан ұрықтандыруға, донорлық тәсілмен бала сүюге мәжбүр болуда; бір жыныстылардың некелесуі көбеюде. Адамның бақытты өмір сүруіне қызмет етуі тиіс ғылым мен техника дамуы барысында осындай келеңсіз құбылыстардың да туындайтынын ойшылдықпен сезініп, суреткерлік қиялмен шебер бейнелеп, болашақ ұрпақты сақтана білуге шақырған жазушының ұлылығына еріксіз бас иесіз.

Енді электронды ақпарат құралдарында жарық көрген мына бір материалдарға назар аударайық.

Әлемде алдағы уақыттарда болатын елеулі оқиғаларды, өзгерістерді дәл болжап айтуымен осыдан бес ғасыр бұрын атағы шыққан Нострадамус адамзат баласын алдағы уақыттарда үлкен сынақтар күтіп тұрғанын ескертіп, сақтандырады. Ең бастысы қауіп төндіріп тұрған апаттарды болдырмаудың тетігі адамдардың өз қолында екендігін де еске сала кетіпті: «Пророк указывает на две основные опасности. Первая опасность будет исходить от родного единственного дома для землян. Множество природных катаклизмов станут проявлением возмущения Земли на действия людей, ухудшающих её состояние. Забота о планете, чистоте вод, воздуха, почвы и прочих компонентов, поможет снизить уровень угрозы возможной «войны».

Планета способна нанести смертельные для человечества «удары». В арсенале Земли вулканы и землетрясения, цунами и затопления, температурный зной и пожары, и прочие грозные средства уничтожения.

Вторая опасность связана с антиобщественными амбициями правителей, мировых воротил финансов, и иных лиц, ненавидящих

людей по расовым, религиозным, социальным и прочим мотивам. Нострадамусом даётся предупреждение о появлении в будущем году самого опасного оружия и возможном его применении. Оружие применится в странах с мусульманским населением, к которым относятся регионы Ближнего Востока, Средней и Юго-Восточной Азии.

О возможном начале мировой войны с Востока упоминала в своих пророчествах и Ванга. Только сами люди могут позаботиться о своём существовании и не допустить катастрофы цивилизации.

Исследователи и эксперты наследия французского прорицателя обращают внимание на то, что Мишель постоянно предупреждал о необходимости постоянного внимания к религиозным отношениям. В средние века часто велись войны из религиозных побуждений»;

«Еуропа: ұрпағы жоқ ұлт лидерлері Еуропалық лидерлердің көбісінде бала жоқ. Мұның себебі неде?

Ангела Меркель, Эммануэль Макрон, Тереза Мэй үшеуін не байланыстыратынын білесіз бе? Иә, ең алдымен, үш басшының да фамилиясының бас әрпі М-дан басталады. Үшеуі де Еуропадағы ірі мемлекеттерді басқарады. Бұдан өзге?

Үш басшының да артынан қалар, ізін жалғастырар ұрпағы жоқ. Бұл үшеуі ұрпақсыз басшылардан жалғыз емес, Голландия лидері Марк Рютте, итальяндық Паоло Джентилони, швейцариялық Симонетта Соммаруга, швециялық Стефан Левен, Люксембург басшысы Ксавье Беттель, шотландиялық Николя Стуржеон әрі Еурокомиссия басшысы Жан-Клод Юнкер де аталмыш тізімге кіреді.

Бәрінің бірдей балалы болмауының астарында бір мән жатуы мүмкін бе, әлде кездейсоқтық па?

Халықаралық каббалистика академиясының негізін қалаушы Михаэль Лайтманның сөзінше, ондай адамдар болашақты ойламайды, тек бүгінгі күнмен өмір сүреді. Қолындағы билік оларға жеткілікті.

«Қолында кішкентай сәбіі бар әйелді көз алдыңызға елестетіп

көріңізші? Ана үшін сәбиінен артық ештеңе жоқ. Сәбиін аман-есен өсіріп-жетілдіру үшін қолынан келгенінің бәрін істейді. Тек сәбиінің жағдайы жақсы болса екен дейді. Себебі сәбиі – оның бүкіл әлемі, болашағы. Ал мемлекеттің басында отырған мына адамдардың әлемге, болашаққа деген сезімдері жоқ. Тербетіп отырған балалары жоқ. Масқара!» – деді Михаэль Лайтман.

Айтуынша, әлемді кімнің басқарып отырғаны белгісіз.

«Билік басына баласы жоқ адамдар келеді де, халық үшін шешім қабылдайды. Еуропаның бүгінгі жағдайына қараңыз-даршы? Өз шаңырағын мигранттарға қалай бере салуға болады?».

Михаэль Лайтманның ойынша, басшылар өз ұясын сезіне алмайды, себебі онда жылулық жоқ.

«Олар өздерін ғана жақсы сезінеді, ал басқаны ойламайды. Олардың балалары жоқ, сол себепті ертеңгі күнге аландамайды. Тораға сәйкес, отбасы мен баласы жоқ адам әлемді басқара алмайды, ақылды болып та жарытпайды. Ондайлар әлемді сезінбейді» – деп, Лайтман журналистерге сұхбат берген еді.

Еуропада ЕО өзі қаржыландырған зерттеу баяндамасы жарық көрген. Тақырыбы – «Балаң болмаса, мәселе де жоқ!». Сол себепті Еуропада балалы болмау дегенге үреймен қарамайды.

Сарапшылардың дерегінше, Ангела Меркельдің балалы болмауы қалыпты, бұл да – өзі басқарып отырған елдің бір көрінісі.

Неміс әйелдерінің көбі дерлік бала тумауды жөн санапты. Өрі олардың 40 пайызы – жоғары білім алғандар. Қорғаныс министрі Урсула фон дер Ляйеннің мәлімдеуінше, егер туу өсімі байқалмаса, Германия түбінде жойылады.

Institut National d'études démographiques жүргізген зерттеуге сәйкес, 1970 жылғы еуропалық әйелдердің төрттен бір бөлігі баласыз қалып кетуі мүмкін. Тереза Мэйдің Англиясының да кейпі осыған ұқсайды.

Ұлттың өсуі үшін әр әйелде кемінде 2 баладан болуы – шарт. Алайда Еуропаның бұл көрсеткішке қол жеткізуі екіталай.

Егер осылай жалғасатын болса, БҰҰ дерегіне сәйкес, алдағы 40 жылда Еуропа халқы 100 миллион адамға азаяды.

Бір Германияның өзінде халық саны 20 миллионға кемиді» («Қамшы», [15.12.2018](#)).

Адамзат қоғамының көшін бастап келе жатқан Еуропаның ХХІ ғасырдағы демографиялық жай-күйі осылайша көрініс тапса, осындай жағдайдың боларын осыдан жарты ғасыр бұрын жазушы шығармашылық түйсігімен көре білгендігі көрінеді. Романның бас кейіпкері төмендегіше толғанады:

«Көкейімнен әлдебір күдік те бас көтергендей болды: егер бұл сан ұрпақтардан бері жалғасып келе жатқан адамзаттың пәлен ғасырлық өмір тәжірибесіне қарсы, өздері ауыр да сүреңсіз өмір сүріп келе жатса да бақытты күн кешу біздің қолымыздан келмесе болашақта балаларымыз, немерелеріміз қол жеткізер деп, мыңдаған жылдардан бері сеніп келе жатқан ата-бабаларының үміт-арманына негізделген қияли арманының жүзеге асуына көмектеседі деп, ұрпақ ауысқан сайын әлдебір кереметке үміт артқан, кемелдікке жетуге дәмесін үзбеген адам баласының ізгілік пен жарқындыққа ұмтылуына қарсы қастандық болып шықса ше?

Иstekтер тарих тегершігінің айналуын тоқтатып, Әке мен Ана болу бақытына, осынау жарық дүниедегі сан ұрпақтың тәжірибесін одан әрі жалғастыра беруге біржола тиым салатын болады. ...Бұрын-сонды адам баласы естіп-көрмек түгіл, есірік қиялында да елестетіп көрмеген жағдай тұмақ: Адам Ата мен Хауа Анамыз жұмақтан қуылса, енді жалпы Әке мен Ана деген түсініктің өзі түп-тамырымен жойылмақ, алғашқыда Жаратқан Құдай аспан астын күңіретіп, мәңгілік қарғыс айтса, бұл жолы бәрі де тып-тыныш істеледі – ата-ананың міндеті деген ұғым келмеске кетіп, шыныдағы шараналар топырлап дүниге келіп жатпақ, сонда ата-ана атаулы да өз-өзінен құрып бітеді» (сонда).

«Кассандра таңбасын» оқи отырып, ұлы жазушының болашақ ұрпақтардың тағдырына аландаулы екендігін байқаймыз. Суреткерді қоғамдық даму барысында адамзат қоғамы неліктен жетіле түсіп, адамдар бақытты болмайды, керісінше ғаламдық апаттың арандай ашылған аузының алдында қорғансыз күй кешеді деген сауал ойландырады. Осыған жауапты ол осы романы арқылы

берген. Адамзат баласының құрдымға қарай құлдырап бара жатуының басты себебі – қоғамдық дамудың көш басында елдің, жердің, халықтың қамын ойлайтын, сол мүддеге қызмет ететін текті жерден шыққан, елге танылған азаматтардың емес, тек өзінің, айналасының ғана қамын ойлаған тексіздердің отыруы.

Шындығында да қазіргі жаһандану заманында ұлтқа, халыққа, мемлекетке қызмет етуді басты мұрат етіп ұстанатын рухани құндылықтардан гөрі материалдық байлықтың алдыңғы қатарға шығуы қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік, жеке бастың, белгілі бір топтың мүддесіне орай жемқорлықтың өріс алуына жағдай жасады. Биліктің тұтқасын ұлтжанды, мемлекетшіл азаматтар ұстаған елдерде ғылым мен техниканың жетістіктері халық игілігіне қызмет етіп, тамаша табыстарға жетіп жатқандығын өмір көрсетіп отыр. Сонда қоғамның, табиғаттың бүлініп жатқанына ғылым мен техниканың дамуы емес, керісінше соны өздерінің тар мүддесіне орай пайдаланып жатқан, халықпен байланысын үзген тексіздердің әрекеті екендігіне көзіңіз жетеді.

Ш. Айтматов шығармаларын оқи отырып, онда бейнеленетін ізгілік пен зұлымдықты бір-бірінен ажыратып алу өте қиын. Өмірде таза күйінде кездесетін нәрсе – жоқтың қасы. Өйткені, шынайы өмірде бәрі бір-бірімен араласып, байланысып, өзгеріп жатады жатады. Шыңғыстың шығармашылық шеберлігі соншалық, өмірдің шым-шытырық шытырман көрінісін сол күйінде бейнелей біледі. Бар болмысымен бейнеленген кейіпкерлерді, ұсынылған идеяларды анықтап, бағалау оқырманның өзіне ұсынылады.

Жазушы шығармаларының идеялық бағыттары, кейбір кейіпкерлері жайлы пікірталастар күні-бүгінге дейін ұласып келеді. Бұл пікірталас бүгін де, ертең де тоқтамайды. Өйткені, осыдан жарты ғасырдай уақыт бұрын Шыңғысты ойландырған мәселелер бүгінгі күні де өміріміздің ең бір өзекті проблемасына айналып отыр. Адамзат қоғамының тура жолда дамуы бүгін де, ертеңгі күні де күн тәртібінен түспейтіні анық. Оған жауап іздеген ұрпақтардың оның бірсыпыра дұрыс шешімдерін жазушы шығармаларынан табары анық. Өзінің авторлық, идеялық ұстанымы, шығармашылығында көтерген мәселелер хақында жазушы жарты ғасыр өткен соң (2004) төмендегідей ойлар білдіріпті:

«Бүгін әлемнің өзі күрделіленіп кетті, біз ойлағаннан да басқа тұрғыда шиеленісіп барады. Қалай болған күнде де адам өз жаратылысына сәйкес ең әуелі өзінің кіндік қаны тамған жерін, елін, өлкесін ойлайды, содан соң барып жалпы дүние туралы ақыл екшесе керек... Шындығында біз адамзат дәуірінің өте бір шиеленіскен шегіне келдік. Тарихтың өзгермелі, құбылмалы небір мысалдарын білсек те, сол тарихты жаратқан адам қашанда алдыңғы орында тұратыны белгілі. Бір жолғы сұхбатымда «Біз дүниені, дүние бізді өзгертті» дегенім бар еді. Шындығында өмірдің парадоксы осында. Кейде адам өз қолымен жасағанды өз мойнымен көтереді. Жаһандандудың өзі адам ақылының туындысы болса да, сол адамның алдына күрделі сауалдарын тартып отырған жоқ па. Қайткен күнде де жаһандану процесі – бұл ғаламат нәрсе, күллі дүниені қамтыған шексіз процесс. Шекспирден тартып Достоевскийге дейін рух шырақшылары «Адамдағы адамгершілікті іздеген». Біз адам жан-дүниесіндегі асыл қасиеттерді, адамдықты сақтап қала алғанда ғана жаһандану процесі пенде тіршілігінің алдына келешек туралы күмәнді сауалын тастамайтын болады. Менің ойымша бүгінгі суреткер, көркем интеллектуал міндеті адам табиғатындағы рухани ізгілікті сақтап қалуда. Баяғыда бізге сұмдық болып көрінетін оқиғалар сонау алыста жүріп жатқан болса, енді қасымызға келіп, тура тұмсығымыздың астында ғаламдық оқиғалар театры ойнап жатыр. Олар анау Ауғанстан, Ирак, НАТО-ның құлаш жаюы, діни экстремизм, қытай факторы, терроризм. Дүние шыр айналып, жаңа бұрылыстарға бетбұрыс жасады. Қазір бізді тек ұлттық мәселелер ғана жарға тақап отырған жоқ, әлемдегі шынайы картинаның екпіні де түрлі ойларға салады. Өзімізше мемлекетпіз, еркінбіз дегенімізбен біздің ой-санамызға бас имеген, бірақ өзімен еріксіз есептесуге мәжбүр еткен мәселелер алдыңғы қатарға шықты. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, алдымызда толып жатқан қиын жағдайлар болуы мүмкін. Біз әлемге әрдайым әлемдік биіктіктен қарауға міндеттіміз. Біздің әлемдік интеграцияда орнымыз, алған бағытымыз болуы керек. Ал енді бүгінгідей күрделі кезеңде ұлттық тар шеңбердегі мәселелерді ғана шешумен айналысу, бұл

– өзінді өзін бұрышқа тақаумен тең деген сөз. Қайтадан «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» хикаятымдағы «Біз, адамдар бәріміз бір қайықтамыз, алдымызда ұлы мұхит» деген терең ойды қайталағым келеді. Қайткен күнде де осынау адамзат қайығын бүгінгі шат-шәлекей заманның толқыны иіріміне салып әкетпесе екен дейміз. Мына қым-қуыт жағдай мемлекетті басқа соқпаққа бұрып жібермей ме? Біз қалайда өзіміздің тарихи, мәдени дінімізден, ұлттық ділімізден танбауымыз керек...

Дұрыс, басқалардан үйренбейінше дами алмаймыз, бірақ үйренгеннің өзінде де олардың тәжірибесі бізге дайын рецепт бола алмайды...

Әлемдік тәжірибе – біздің жолымызды ашатын тәжірибе. Иә, жол бар, жолды өзіміз таңдауымыз керек. Қазіргі даму «селі», технопрогресс – ұлттық ерекшеліктерді жойып бара жатқан қауіпті тенденция. Прогрестің көлеңкелі жағы да бар. Адам дүниесінің артықшылығы оның көп дауыстылығында, түрлілігінде, түрлі тіл мен ұлттардың болмысында. Адам өмірін біркелкі ету деген – оның жеке тұлғалық ерекшелігін жоюмен тең. Бір мәдениеттің гегемониясы ешуақытта әлемнің үйлесімін сақтап тұра алмайды. Мен жазушы және жалпы адам ретінде әлемдік мәдениеттің біркелкі болуына қарсымын. Айтайын дегенім, рухани өмірде ғана емес, мемлекеттік модельдің өзінде де ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалуымыз керек. Әрине, демократиялық мемлекеттердің негізгі идеясы да көп түрлілік пен қарама-қарсылықты мақсат етеді. Әлем бірізді, жүйелі дамыса – сол нағыз даму жолы болады!.. Даму барысында өркениетке қосылатын жолды, өзімізді өзіміз жоғалтып алмайтын жолды таңдап алуымыз керек. Ең бастысы, өзіміздің ерекшеліктерді сақтап, сол арқылы әлемнің даму бағытына бейімделе білуіміз керек. Сол кезде өз жолымыздан, бағытымыздан адаспайтын боламыз...» («Егемен Қазақстан», 28.12.2018).

Бұл жолдарды оқи отырып, социализм заманында өмір сүрген жазушының жаһандану дәуіріндегі қоғам дамуы барысында адамзаттың болашағына қауіп төндіруі мүмкін қатерлерді көре білген көрегенділігі мен оларды қолға ұстатқандай көрсетіп, көркем бейнелей алған шығармашылық шеберлігі таң қалды-

рады. Негізінен, ғылыми-техникалық прогреске арқа сүйейтін жаһандану үдерісін толығырақ бейнелеу үшін қоғамдық ғылымдармен қоса жаратылыстану ілімінен де жан-жақты хабардар, энциклопедиялық білім иесі болғандығы көрінеді.

Нағыз көркем туындының айтар ойы тереңде, философиялық астарлы келеді. Шыңғыстың шығармаларының идеясы да, өмірлік философиясы да айқайлап, «мен мұңдалап» жатпайды. Жақсы шығарма жазу суреткерге сын болса, оны түсініп, оқу – оқырманға да сын. Өйткені, оқырман Шыңғыстың шығармаларын сын көзімен қарап оқитын болса, өз кезегінде ол да оқырманының жалпы білімі мен өмірлік тәжірибесін, азаматтық өресі мен болмысын сын тезіне салады. Сондықтан да Шыңғыстың шығармалары жүгіртіп оқуға келе бермейді; оқырманының ойларын қозғап, сан тарапқа жүгіртеді...

Жаһандану дәуіріндегі адамзат қоғамының ең бір толғақты мәселелерін көтерген Айтматов шығармаларының қай заманда болса да ескірмей, жасай беретін себебі де осы болса керек. Шыңғыс шығармаларының шындығына жан-жақты білім, өмір тәжірибелеріне негізделген парасатты ақылыңмен ғана жете аласың. Көркем шығарма – сонысымен де құнды.

«ХАЛЫҚ ӨЗ ТІЛІНДЕ ӨЗІН ТАНИДЫ ЖӘНЕ ӨЗІН КӨРСЕТЕДІ»

(Шыңғыс Айтматов тіл туралы)

ЮНЕСКО-ның анықтауынша, әлемде 6 500-7 000-дей тіл бар болса, әр екі аптада бір тіл, сонда бір жылда 24 тіл, яғни 24 ұлт «өліп» жатады екен. Жойылып кету қаупі қазір әлем тілдерінің 90 пайызының басына төніп тұр. Тілдердің бұлайша жойылып жатуының басты себебі – әлемдік ауқымда жүріп жатқан жаһандану үдерісі. Тілдердің орта жасы 1 500 жыл дейді; осы жасқа тілдердің көпшілігі жете алмайды. Өмір дегеніміз күрес болса, сол қатал күрестің барысындағы «тіл шапқыншылығының» салдарынан әлсіз, өзін қорғай алмаған тілдер саптан шығып жатады.

Жаһандану бірден пайда бола салған жоқ. Адамзат қоғамының дамуы барысындағы мәдени, экономикалық қарым-қатынастардың өмірді алға сүйрегені белгілі. Десек те күшті елдердің отаршылдық саясатының өріс ала бастауы салдарынан жаһандану әлемдік ауқымда басқыншылық сыпат ала бастады да мұның өзі аз санды ұлттардың жұтылып кетуіне алып келіп жатты.

Мұның айқын мысалын XX ғасырдағы Ресей империясының тарихынан айқын көруге болады. Ресми мәліметтер бойынша, 1924 жылы КСРО құрылғанда, Ресейдің құрамында 200-ден астам ұлт болған. 1991 жылы империя құлағанда, содан 100-дей қалған да жүзден астамы жойылып, яғни орыс тіліне «жұтылып» кеткен. Мұның барлығы, әрине, жоспарлы түрде, «көстілділік», «орыс тілі – өмірге көзінді ашатын тіл», «жалпыхалықтық тіл», «ортақ тіл», «совет халқы» деген сияқты тезистерді ұлттық саясаттың өзегіне айналдыру барысында жүзеге асты. Мұндай жағдайды біз өз көзімізбен көріп, басымыздан өткізгеніміз үшін айтып отырмын.

Кеңес өкіметінің «совет халқын» қалыптастыру саясатынан әсіресе түркітөктес аз ұлттар көп зиян шекті. Қарайым, шор сияқты көптеген халықтар ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатты. Қазір қарапайым тілі күнделікті тіршілікте мүлдем қолданылмайды, ал шор тілінде санаулы ғана, онда да ауылда тұратын жасы келген адамдар сөйлейді. Орыс империясы тұра бергенде, осындай күйді басқа ұлттар да басынан кешіреті анық еді. Алла жар болып, 1991 жылы империяның шаңырағы ортасына опырылып түсіп, жойылуға бет алып бара жатқан ұлттар тәуелсіздігін алып, тілдерін сақтап қалуға мүмкіндіктер туды.

КСРО-ның кезінде тілдері, сонымен бірге ұлттық иммунитеті әлсіреп, құрдымға бет алған ұлттар осындай жағдайға көніп отыра берген жоқ. Халықтың көзі, құлағы, сөзі саналатын ұлтжанды зиялы қауым мұны дер кезінде сезініп, талай рет дабыл қаққаны, сол үшін де жазықсыз жазалауларға ұшырағаны белгілі. Бұл жағынан келгенде, көрші жатқан қазақ-қырғыздың тарихи тағдыры ұқсас.

Саналы ғұмыры негізінен, кеңестік кезеңде, социалистік реализм салтанат құрып тұрған кезде өткен Ш. Айтматовтың бүкіл шығармашылығының негізгі арқауы ұлт, адамзат тағдыры деуге болады. Оның бұл мәселені әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған шығармаларында алғаш рет көркем бейнелеп, ұлы істер атқарумен бірге халықаралық, одақтық түрлі жиындарда, ақпарат құралдары бетінде ешкімге жалтақтамай, ойын ашық айтып, нағыз ұлт жанашыры ретінде танылған кездері де аз емес.

Жазушының ұғымынша, тіл дегеніміз – ұлт, ұлт дегеніміз – тіл. Тілдің жоғалып кетуі мүмкін, көптеген тіл жоғалып та кетті. Оларды тірілту – екіталай. Сондықтан да мәселеге осы тұрғыдан келіп, бір де бір тілдің, яғни ұлттың жойылуына жол бермеуіміз керек. Өйткені әрбір тіл – адамзат ұлылығының жемісі, жалпыадамзаттық маңызға ие ортақ құндылық. Тілдің жоғалуы, сонымен бірге ұлттың өлуі жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігін жоғалту болып табылады («Каждый язык – творение человеческого гения, каждый язык – ценность общезначимого порядка. Мы не вправе пренебрегать никаким языком, какому

бы он не находился бы. Отмирание и затем исчезновение языка, не имеющего письменности, следует рассматривать как утрату общей культуре человечества». Ч. Айтматов. В соавторстве с землей и водой... Фрунзе, 1978, 108-бет; «Языки могут исчезать, многие исчезли, но вряд ли они будут возникать. То время, когда языки возникали, очевидно, безвозвратно миновало. Надо беречь те, что есть. Это общечеловеческое достояние... Поэтому национальное никак нельзя противопоставлять интернациональному» Ч. Айтматов. Собр. соч. в трех томах. Том третий. Москва, 1984, 283, 287 беттер).

Ана тілі – анаң, керек десең ұлттың анасы. Сені ұлттық топырақта өмірге әкелген, саған сол ұлттың ең басты байлығы – тілін сыйлаған ұлтқа, оның «жаны» тіліне қызмет ету – сенің бұл өмірдегі азаматтық парызың дейді жазушы.

Оқырманның жүрегін жаулап алып, эстетикалық ләззатқа бөлейтін шынайы шығарма – әрине, сол ұлттың ана тілінде ғана жасалынады («Подлинно художественное произведение, которое бы нашло отзвук в сердцах соотечественников и которое доставило бы им эстетическое наслаждение, может появиться, разумеется, прежде всего на родном языке нации». Сонда, 109-бет).

КСРО-да орын алған қостілділік туралы айта келіп, жазушы сол кез мәдениетінде қалыптасқан объективтік, субъективтік жағдайларға байланысты өз шығармаларын алдымен, ана тілінде жазып, содан кейін орыс тіліне өзі аударып, жариялайтынын да жасырмай айтыпты. Қостілді жете меңгерген жазушы аудару барысында шығарманың ширай түсетіндігін, өзінің осы бір ауыр жұмыстан шаршамай, керісінше, рахаттанатынын да ортаға жайып салыпты.

Қаламгер шығармаларын, негізінен, орыс тілінде жазғанымен де сол кезде билік тарапынан ашық, жасырын жүргізіліп жатқан орыстандыру саясатына барынша қарсы болғандығы оның 1987 жылы КСРО Жоғарғы Советінің кезекті сессиясында ашына сөйлеген сөзінен анық көрінеді. Советтер Одағында жалпы-халықтық тіл – орыс тілінде сөйлейтін совет халқы пайда

болды деп, барынша насихатталып жатқан кезде Ш. Айтматов шын жағдайдың мүлдем олай емес екенін халықтық биліктің ең жоғарғы органы болып табылатын алқалы жиында жайып салды. Жиынның стенографиялық жазбаларымен танысқанда, Шыңғыстың Орта Азия республикаларындағы ұлтаралық қарым-қатынастарда қалыптасып отырған шырылдаған шындықты жария етуін депутаттардың көпшілігі жылы қабылдап, дүркін-дүркін қол соғып отырғанымен де президиумда отырған басшылыққа онша жақсы әсер етпегендігін сессия мәжілісінің төрағасы Лукьяновтың сөзді қайта-қайта бөле беруінен де байқауға болады. Шешен алдымен, бүкілодақтық ауқымда жүріп жатқан «қайта құру» бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды сын көзімен шола келіп, ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне тоқталады:

«Вслед за экономикой, вторая наиострейшая проблема – это наши национальные взаимоотношения. Хорошо, что создана комиссия по Тбилиси – в любом случае должна быть выработана законная гарантия защиты народа нашей страны от насилия. В целом я разделяю идею полноценного социалистического суверенитета союзных республик, ...этого статус федеративности превращается в фикцию. Однако совершенствование суверенитета, на мой взгляд, следует вести методично, продуманно, последовательно, путем за основоположений, а не эмоций, и не спешить одним заходом поставить все точки над «ы». Слишком дорого то, что есть, и слишком ответственно то, чего мы хотим».

Ш. Айтматов өз пікірлерін одақтас республикалардағы ұлттық тіл мәселелерінің жай-күйін көтеру арқылы нақтылай түскен:

«Проблемы национальных языков наиболее близки мне, и я хочу на них также коротко остановиться. Речь идет о концепции государственных языков в республиках и о том, чтобы придать этому процессу законное основание. Правильно, надо обдумать общую модель. Считаю, что федеративность государства должна интегрировать и федеративность языков страны в том смысле, что языки коренных народов союзных республик должны функционировать в качестве государственных. Опять же и в этом деле должны соблюдаться, как мне представляется, разумная

последовательность, разумная, убедительная согласованность. Короче говоря, национальным языкам республик, длительное время игнорируемым на местах, должен быть представлен режим наибольшего лингвистического благоприятствования, с тем чтобы, возродясь, они заняли свое законное место. Вопрос этот весьма сложный, в частности в Средней Азии. Многим нашим согражданам, не привыкшим в официальной среде к присутствию языка коренных народов, это кажется противопоставлением русскому языку. Давайте разберемся в этом.

Гений русского языка сполна послужил всем нам, и впредь я не представляю себе жизнь вне этого нашего общего духовного богатства. Русский язык в этом смысле незыблем и универсален. Ему ничто не грозит в пределах всей страны. Но он, в силу своей исторической распространенности, не должен вытеснять другие, рядом существующие языки коренных народов. В этой связи необходимо осознать, что каждый народ до тех пор народ, пока он владеет собственным языком, и в этом – его культурная суверенность. И как только по тем или иным причинам он лишается возможности применять и культивировать свой язык, он перестает быть тем, кем он был и должен быть.

Отсюда вытекает задача гармонизации языков, главным образом на основе концепции двуязычия с преимуществом в режиме наибольшего благоприятствования для языков коренных народов, наделенных государственным правом. Пока что не все мы готовы к восприятию этой истины. Надо идти на компромисс, на диалог, на взаимосближение, и все должно решаться здесь на взаимовыгодной и взаимоуважающей основе».

Бұл кез Қазақстандағы 1986 жыл оқиғаларын, қазақ халқын Одақтық деңгейде ұлтшылдықпен айыптау науқанының барынша қарқынды жүріп жатқан шағы болатын. Міне, осындай жағдайда биік мінберден бауырлас қазаққа араша түсіп, өзінің ұлттық құқын талап еткен тұтас бір халықты ұлтшылдықпен айыптаудың қате екендігін қасқайып тұрып айтудың өзі ерлік еді:

«К сожалению, средства массовой информации не всегда способствуют этому процессу, особенно центральная пресса.

Стало чуть ли не модой обвинять в национализме и местничестве любого гражданина, ратующего за свои естественные национальные нужды, и в то же время поощрять нигилизм, отрицание своего народа как народа, обвинять нормальных, патриотически настроенных людей в национализме. Эти выступления в печати (хотя того или нет их авторы) искусственно разжигают на местах, там, где люди спокойно жили и спокойно могли бы воспринимать общие заботы и проблемы друг друга, нежелательные, негативные чувства. Когда дело касается национальных вопросов, печать и телевидение должны семь раз отмерить, прежде чем один раз отрезать. «Комсомольская правда», например, самым серьезным образом писала, что события в Алма-Ате были вызваны чуть ли не тем, что еще много молодежи обучается в отдельных школах на своем родном языке. Как это понять и как это назвать?

Суверенные права социалистической республики не должны обходить и Казахстана. Не следует делать из этой республики исключение из правил, ибо казахский народ – один из древнейших этносов этого края – не повинен в том, что стране нужен был хлеб и необходимо было осуществить многомиллионное переселение из европейской части на целинные земли, что отрицательно сказалось на процентном соотношении прибывшего и коренного населения. А теперь при каждом удобном случае коренной народ ставят в угол и напоминают ему его место. (Аплодисменты).

Закон, Конституция должны охранять культурную самобытность каждого народа, учитывая, что коренные народы, например Средней Азии, в том числе и казахский, не имеют собственных этнических аналогов за пределами своих регионов, чтобы полагать теоретически, что если не здесь, то где-то в другом месте, за рубежом, сохранятся язык и культура данной нации» («Известия», 04.06.1987).

Жазушы 1989 жылы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында өткен бүкілодақтық ғылыми конференцияда сөз сөйледі. Жиында орыс тілінде ұзақ сөйлеген Шыңғыс сол кезде «Комсомольская правда» газетінде Қырғызстандағы тіл мәселесіне орай жазылған бір мақаланың теріс пікірлері төңірегінде ой өрбітіп, ұлы орыс-

шылдық саясаттың кейбір қырларын батыл сынға алады. Ол алдымен сол кезде мемлекеттік саясат ретінде басшылыққа алынып отырған «түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет», «қостілділік», ұлттық тілдердің дамуына партия мен үкіметтің ерекше мән беріп отырғандығы жайлы айта келіп, газет бетінде көтерілген Қырғызстанда орыс тілі дамымай отыр деген сыңар-жақ пікірді жоққа шығарады. Ол: «Сол газет бетіндегі материалда қырғыз тілінің мәселелері жөнінде менсінбеген және қорлаған сөздер айтылып қана қоймайды, оған қоса ана тілімізді екінші қатардағы нәрсе, сондықтан оның қажеті де шамалы дегендей және республикада қырғыз тілінің дамуына орыс тілі кедергі келтіріп отыр деген пікір таралған дейтін түкке тұрғысыз ұшқары тұжырымдар бар», – деп жазған «Комсомольская правда» газеті өз бетінде нигилистік сыпаттағы пікірлерге орын беруі арқылы қырғыз тілін кемсітіп қана қойған жоқ, сонымен бірге оны былғанған деп, масқаралауға дейін барған» шовинистік пікірлеріне барынша тойтарыс береді: «Біздің ана тілімізді еріккеннің ермегі етуге, жойып жіберуге «Комсомольская правда» газетіне ешкімнің өкілдік бермегенін айтпай-ақ қоялық. Оның үстіне біздің халық екендігімізді, тіпті Азия аймағындағы қалаңыз, мейлі қаламаңыз, көп ғасырлық тарихы бар іргелі жұрт екендігімізді, қалай десеңіз де, одақтас республика екендігімізді ұмытуға болмайды». Газет «...осынысымен ұлттық мүдделерімізді интернационализмге жасанды түрде қойған, ұлттық нигилизмнің жетегінде кеткен...». (Ш. Айтматов. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. «Жалын», 1989, №6, 11-бет).

Шыңғыстың айтуынша, «Қырғыз халқының саны қазір екі миллионнан асып жығылады және қырғыздардың барлығы да орыс тілін біледі». Шын мәніндегі жағдай керісінше: дәл осы кезде (1989 жыл) Фрунзе қаласында қырғыз тілінде бір ғана мектеп, бір ғана балабақша болған. Қырғызстанда орыс тілінің емес, қырғыз тілінің проблемасы бар. Сондықтан да республикадағы қырғыз тілінің жағдайының қырғыздарды алаңдатуы – заңды.

Ш. Айтматовтың айқындауынша: «тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл

– оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы, ең соңында тіл – ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі. Қырғыздар, бәлкім, сондықтан да өздерінің ана тілін «ене тіл» дейтін болар. Халық өз тілінде өзін таниды және өзін көрсетеді» (сонда). Сондықтан да «Біз өзіміздің ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтаймыз, бағалаймыз, дамытамыз, қолданамыз...» Бұл мәселеде «...шектен тыс интернационалист атын бүркемеленіп, аттандап шығып, бұл процеске әдейі кедергі жасаудың, бас жарып, көз шығарудың қажеті жоқ» (сонда, 12-бет).

Жазушы сол кезде кеңес идеологтары ұсынған күнделікті тіршілікте әр адамның ұлтына қарамастан, сөйлеу тілін таңдауына құқы бар деген ұстанымның да жалған, сын көтермейтіндігін аяусыз сынға алады: «Сөз ұлттық тілдер жайында болып жатқанда, біз бұл мәселеге тым еркінсіп, тым атүсті қарап жүрген сияқтымыз... Мәселен, мен үшін ана тілді ықтиярмен таңдап алу мәселесі қорлаумен, кекесін мысқылмен бара-бар. Әйтпесе, о заман да бұ заман ана тілдің аты ана тіл емес пе?! Сүйекпен бітіп, қанмен жаралған нәрсені қалайша таңдап алуға болады? Әрине, біреуді біреудің зорлай алмайтыны түсінікті, бірақ ұлттың сана-сезімін оның өз тарихынан бөліп алуға, онан қалса ана тілінен бас тартуға шақырғандарды құптаудың, қолдаудың да керегі жоқ. Бұл қалай әділдік болсын, мұның өзі түптеп келгенде, өз ата-анасынан бас тартуға келіп саяды ғой» (сонда).

Шыңғыс ұлттық тілдер бойынша, билік тарапынан осындай сырты жылтырақ, іші арам саясат жүргізіліп жатқандығы салдарынан қырғыз тілінің шетқақпай күй кешіп отырғанын ашық көтереді. Бұл ретте жаңадан ашылып жатқан мектептердің барлығы да орыс тілді екенін, Фрунзе қаласында қырғыз тілінде оқытатын бір ғана мектеп барлығын айта келіп, «ешбір жерде бірде бір қырғыз тіліндегі балалар бақшасы болған да, не ашылған да емес» деп, жан сыздатар ащы шындықты жайып салады. Ұлттың болашақ тағдырын шешетін балабақшасы мен мектебі болса, жазушы осыған айрықша мән беріп, газеттің осы мәселедегі сыңаржақ бағытын барынша сынға алады: «Газеттің

пікірінше, қырғыз тілінде балалар бақшаларын ашудың не керегі бар – мұның өзі балалардың арасын ажыратып жібермей ме, сонан соң олар қалайша интернационалист болады? ...Ғажап логика!» (сонда).

Тіл мәселесінде қалыптасқан осындай ахуалды «...мұның ар жағында қоғамдық жұртшылықты тек алдап адастыру ғана емес, одан да зор қара ниет жатыр» деуі отаршылдық саясаттың барынша салтанат құрып тұрған сол кезде басқа ешкім айта алмайтын, тек Шыңғыстай ұлтын шын сүйген азаматтың ғана ғана қолынан келетін жалпы қырғыздың жан айқайындай естіледі.

Тек «Комсомольская правда» ғана емес, мәскеулік газеттердің барлығы дерлік соңғы кездерде Орта Азия республикалары жайлы жазылған материалдарында қара күйе жағуды модаға айналдырып бара жатқандығын, «Мұның бір себебі, менің пайымдауымша, ұлтшылдыққа қарсы күресуде жатыр» деп, бұл ретте интернационализмді қалқан қылып ұстайтындығын да айтып салыпты.

Ш. Айтматов тіл мәселесіне ұлттың заңды құқы тұрғысынан келіп, өміршең, толымды пікірлер айтқан: «Көппіз бе, азбыз ба – гәп онда емес, гәп – біз тіршілік кешіп отырған туған жер қырғыз деген іргелі елдің бірден-бір шоғырланған орталығы, бірден-бір эпицентрі. Міне, осы жерде ғана бізге барлық мүмкіндіктер бар. Тек осы жерде, басқа жерде емес. Халықтың санын процентке теліп, соған қарап іс шешкен тұста да мұны ұмытпау қажет. Біздің ұлттық мәдениетіміздің мұқтаждықтары жайында сөз болған кезде, сіздерден басқа да ұлттар бар ғой деген мәндегі сауалдарды қарсы қоймағанмен, әйтеуір көлденең тартатын адамдар да кездесіп қалады. Рас, біз олармен 100 жылдан астам уақыт бойына тату-тәтті бірлікте, ынтымақта болып келеміз. Тек достықтан басқа ешқандай дау-жанжал шығарған емеспіз. Бірақ олардың да тілі сақталып, мәдениеті сақталып отырған, сол халықтың басым дені шоғырланған, қуатты, бірден-бір эпицентрі бар. Немістердің арқасында бір емес, екі Германия тұрса, өзбектерге – балалар бақшаларымен және мектептерімен толық қамтамасыз етілген көрші Өзбекстан бар, дұнғандардың

арқасында бүткіл қытай тұрса, корейлердің де екі Кореясы бар. Әрине, бұдан аз ұлттардың мәдени ошақтары болмасын деген жаңсақ пікір тумауға тиіс.

Ал егер қырғыз мәдениеті осы өз жерінде дамымаса, орнықпаса, басқа еш жерде дами да, орныға да алмайды. Міне, осы аздаған айырмашылықты ұдайы ескеріп отыру шарт» (сонда, 16-бет). Ұлы жазушының бұл айтқандары кейіннен ұлттық аймақтардағы ұлттық мәдениеттің заңды құқына айналды.

Ұлы жазушының тіл туралы ойлары «Біз өзіміздің ана тілімізді сақтап қалғанда ғана, ұлттық мәдениетіміз сол дара бітімбедерінде, өзіндік кескін келбетінде қалып, дами береді» тұрғыда түйінделіп, «...біз «Манас» эпосын ақырғы деміміз біткенге шейін қорғаймыз!» деген символдық мағынасы терең толғаммен тұжырымдалған. Осы бір жолдардың өзінен-ақ жазушы, қоғам қайраткері Ш. Айтматовтың өз халқының адал азаматы ретіндегі ұлттық болмысы жарқырай көрінеді.

Жазушының ұлттық тіл туралы ойлары оның кейіндеу берген (2004) бір сұхбатында толық көрініс тапқан. Бұл жолдарды оқи отырып, шығармаларының денін орыс тілінде жазғанына қарамастан, тілін, ұлтын, елін бар жан-тәнімен сүйген, қырғыз халқының атын әлемге танытқан озық ойлы нағыз азамат, кезінде «шындығын айтайын, тіліміз үшін басымды беруге де дайын едім» деген шын патриот екендігіне көзіңіз жетеді:

«Тіл жөніндегі сөз ең әуелі ұлт жөніндегі сөз дей аламыз. Қай ұлт болмасын оның мәңгілік өмірі тілінде. Қырғыз тілі қырғыз баласына ананың сүтімен дарыған деп қабылданатыны белгілі. Тілге қиянат жасау – ұлтқа қиянат жасаумен тең деп бағалануы керек. Мына біз тілімізді мемлекеттік тіл деп жарияладық, қырғыз тілі мемлекеттік тіл деп жар салып жатамыз. Өттең, заң жүзінде ғана осындай. Іс жүзінде қалай?! Қай жерге барма – бәрі орыс тілінде. Біз орыс тілін көпір, байланыс құралы ретінде пайдаланғанымыз лазым. Ал енді қырғыз тілі бұл түпкілікті елдің тілі, бұл тіл өз шаңырағында дамымаса, қайда дамиды? Коммунистік жүйенің тұсында, әміршілдік-әкімшілік режимнің өкімі жүріп тұрғанда ана тіліміздің проблемасын алғашқылардың

бірі болып көтергенмін. Ол кезде тіл туралы сөз айту ұлтшылдық болып саналатын. Маған сол кезде кейбір басылымдар ұлтшыл деген атақ жапсырып, ұлттық тілді сақтап қалу туралы ойларымды істікке шаншығанын бәрі біледі. Ұлттық тіл мәселесін жазушы ретінде мен көтеріп шықпасам, басқа кім көтермек?! Шындығын айтайын, тіліміз үшін басымды беруге де дайын едім. Тіл мәселесі қазір де өзектілігін жойған жоқ. Әлі де күн тәртібінде. Тілді сақтап қалудың, оны одан әрі дамытудың бірден-бір факторы ұлттық тіл – мемлекеттік саясаттың негізгі атрибуты ретінде өз елінің ресми өмірінде жаңаша қолданылуы керек деп ойлаймын. Біз ұлттық тілімізге ыңғайлы ортаны қалыптастырмай тұрып оны дамыта алмаймыз. Тіл саясаты балалар бақшасынан Жогорку Кеңештерге дейін, өкіметтік жиын, протоколдарға дейін жүргізілуі керек. Ұлттық тіліміз – қаншама ғасырлардан бері ата-бабаларымыздан бізге қалдырылған ен байлық, ұлы дәулет. Демек біздің міндет оны кейінгі ұрпаққа жеткізу. Егер біз тілімізді кие тұтып, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе алмасақ, тіл ғана емес, тұтастай ұлт жоғалып кетеді. Тіл алдындағы жауапкершілік қатардағы бұқарадан тартып, жоғарғы билік өкілдеріне, Президентке дейін бірдей. Егер бұл жауапкершілікті сезінбесек, онда жақсылық жоқ. Рас, ұлттық тілдің ғана шеңберінде шектеліп қалудың өзі де прогреске алып келмейді. Қазіргі өзгермелі дүниеде бірнеше тіл білу тұрмыстық қажеттілік ретінде саналуда. Міне, осы жайтты ескере келе мен мынадай бір формула шығардым: әзір қос үзеңгінің заманы, екі үзеңгі теңестірмейінше алға жүре алмайтынымызды естен шығармайық. ...Гәп ең әуелі тілде емес, ділде. Адам өз тілін ділінде кие тұтса, ол ешқашан ана тілін керексіз етіп кете алмайды...Тіл адам баласының таным көкжиегін кеңейткен қасиетті күш. Қырғыз тілі мен үшін Отан-Ана, кіндік қан тамған жер сияқты киелінің киелісі. Мен бұл ғұмырымда қайсыбір биік шыңға шыға алдым десем оны ана тілімнің ұлы рухының қолдағаны деп білемін» («Егемен Қазақстан», 28.12.2018).

Ана тілінен, сол тілде жасалынған ұлттық рухани құндылықтарынан айырылып қалған жиырмасыншы ғасырдағы мәңгүрттің

бейнесі «Боранды бекет» романында бар болмысымен көркем бейнеленіп, адамзат баласын рухани апаттан сақтандырды.

Ол өзінің ұстазы жайлы пікірін де тілмен байланыстырып: «Дүниеде қазақ тілі мен қазақ халқы барда Мұхтар Әуезов есімі мәңгі жасай береді» (Ш. Айтматов. Екі түрлі асылым бар... «Парасат», 1987, №8), – деп, ұлы жазушының шығармашылық тағдырын қазақ тілінің тағдырымен тікелей байланыстырып, қазақ тілінің болашағына үлкен сеніммен қарайды.

Тағы бірде ол М. Шахановпен сұхбатында: «Өздеріңде қойылып отырған «қазақстандық ұлт» идеясы, негізінен, американдық бағытқа жақындау, қателеспесем, тікелей ұлтсыздануға бастайтын жол сияқты» («Ана тілі», 28.10.2004), – деп, көрші жатқан бауырлас елдің тілі мен мәдениетіне, ұлттық тағдырына бей-жай қарай алмайтындығын аңғартып, ащы да болса, ойын жасырмай ашық айтып салыпты.

Бішкекте Ш. Айтматовпен қоштасқан азалы жиында оқылған жырында жазушының рухани інісі қазақ ақыны Мұхтар Шаханов:

«Тіл – ұлы Ана, өз анасын менсінбеудің мұңы бар,
Кінәлілер сөзсіз оның киес-күшін ұғынар...
Қаптап кетті өлкемізде әңгүдіктер-әңгүрттер,
Тілін, рухын сүймегеннің барлығы да мәңгүрттер.
Бұл бағытпен мүмкін бе ертең ұлттың ұлт болып қалмағы?»

Міне, Айтматов ойларының салмағы мен толғағы» (М. Шаханов. Екі Шыңғыс өнегесі және мәңгүрттік қасірет. «Заман-Қазақстан», 03.07.2008), – деп, күңіренген екен.

Егер де Шыңғыс Айтматовтың бүкіл саналы ғұмырын, шығармашылығын саралап, ұлы жазушының кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен басты тағлымы, өсиеті не деген сауалға жауап іздесеңіз, оның «ана тілін ұлықтаңдар», өйткені «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ», «мәңгүрт болмаңдар» болғандығына көзіңіз жетеді.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНДА

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап түркі халықтарының әдебиетіне «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыз Шыңғыс Айтматовтың шығармашылық әсері айтарлықтай болды. Ш. Айтматовтың әдебиет әлеміне кіруіне М. Әуезовтің тікелей ықпалы болса, кейіннен әлем таныған жазушыға айналған Шыңғыстың қазақ әдебиетімен байланысы да ерекше болды. Соңғы зерттеулер бойынша, Шыңғыс шығармаларының 70 пайызында қазақ тақырыбы орын алған екен. Қазақ қаламгерлерімен аралас-құралас, дос жүрген Ш. Айтматовтың туындылары түгелге жуық қазақ тілінде жарық көріпті. Осындай үлкен тұлғаның шығармашылығы хақында қазақ баспасөзінің бетінде бірсыпыра материалдар жарияланды.

Мұндай мақалалар жазушының мерейтойларына орай жиі көрінді. Мысалы Ш. Айтматовтың 60 жылдығына орай, сыншы Сайлаубек Жұмабековтің қырғыз ғалымы Әбдіғани Еркебаевпен «Әлемді дүр сілкінткен шығарма» деген тақырыппен «Ақыр заман» романы жайлы сұхбаты («Жалын» 1987, 2), сыншы Төлеген Токбергеновтің «Шоң мұзарттан көз тартқан» («Қазақ әдебиеті», 16.10.1987), жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Мәңгілікпен үндестік» («Жалын», 1988, 6), драматург Қалтай Мұхаметжановтың «Дос жайлы сұхбаты» («Қазақ әдебиеті», 09.12.1988), ақын Аян Нысаналиннің «Шыңғыс шыңы» («Қазақ әдебиеті», 09.12.1988), т.б. мақалалар жарық көрді. Әдеби басылым «Қазақ әдебиеті» газеті Шыңғыстың 60 жасқа толуына байланысты «Халқының шоң перзенті» тақырыбымен топтама материалдар берді. Бұларда атақты қырғыз жазушысының шығармашылығы, оның қазақ әдебиетімен байланысы жан-жақты сөз болды.

Ш. Айтматовтың шығармашылығын қазақ оқырмандары арасында насихаттауда «Жалын» (Бас редакторы Мұхтар

Шаханов) айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді. Шыңғыстың шығармашылығына арналған материалдардың басым көпшілігі осы басылым беттерінде көрініп жүр. Жазушының қазақ тіліне аударылған көптеген шығармалары жұртшылыққа осы басылым арқылы жол тартты. Мысалы жазушының 60 жылдығына орай, «Жан пида» романы қазақ тілінде алғаш рет «Жалын» (1988) журналында жарық көрді. Сонымен бірге Ш. Айтматовтың 1988 жылы Бішкекте тілге байланысты өткен конференцияда жасаған баяндамасын «Тіл жоқ жерде ұлт жоқ» деген тақырыппен жариялады.

Мақала кеңестік кезеңде сол заманның ыңғайымен осыдан жиырма жыл бұрын жазылғанына қарамастан, онда айтылған тіл, ұлт туралы батыл да өміршен пікірлер күні бүгінге дейін өзінің өміршендігін жоймағандығын көреміз. Бұрын отар, бүгінгі күні тәуелсіз ел болсақ та Шыңғыс көтерген мәселелер күн тәртібінен түсе қойған жоқ.. Енді Айтматовқа құлақ салайық:

«...тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл – оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы, ең соңында тіл – ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі. Қырғыздар, бәлкім, сондықтан да өздерінің ана тілін «нен тіл» дейтін болар. Халық өз тілінде өзін таниды және өзін көрсетеді... Біз өзіміздің ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтаймыз, бағалаймыз, дамытамыз, қолданамыз...

Біздің ана тілімізді еріккеннің ермегі етуге, жойып жіберуге «Комсомольская правда» газетіне ешкімнің өкілдік бермегенін айтпай-ақ қоялық. Оның үстіне біздің халық екендігімізді, тіпті Азия аймағындағы қалаңыз, мейлі қаламаңыз, көп ғасырлық тарихы бар іргелі жұрт екендігімізді, қалай десеңіз де одақтас республика екендігімізді ұмытуға болмайды.

...мен үшін ана тілді ықтиярмен таңдап алу мәселесі қорлаумен, кекесін мысқылмен бара-бар. Әйтпесе, о заман да бұ заман ана тілдің аты ана тіл емес пе? Сүйекпен бітіп, қанмен жаралған нәрсені қалайша таңдап алуға болады? Әрине, біреуді

біреудің еш зорлай алмайтыны түсінікті, бірақ ұлттың сана-сезімін оның өз тарихынан бөліп алуға, онан қалса, ана тілінен бас тартуға шақырғандарды құптаудың, қолдаудың да керегі жоқ. Бұл қалай әділдік болсын, мұның өзі түптеп келгенде өз ата-анасынан бас тартуға келіп саяды ғой. Біз өзіміздің ана тілімізді сақтап қалғанда ғана ұлттық мәдениетіміз сол дара бітім-бедерінде, өзіндік кескін-келбетінде қалып, дами береді. Маған Москвадан Николай Николаевич Михайлов деген орыс оқырманы «Біздің әрқайсымыз ана тіліміздің ортасында, шеңберінде ғана шын мәнінде тұлға дәрежесіне көтерілеміз, қалыптасамыз. Тек тіліміз арқылы белгілі бір ұлттық мәдениетке ие боламыз. Ұлттық мәдениет дегеніміз – күнделікті тіршілікте әрекеттеніп, дамып, толысып, өріс тауып, өркендеп жатқан ұлттық тілдің өзі. ...Алайда адамдар өзінің ана тілінде сөйлеспейтін болса, онда ол ұлттық мәдениеттен ештеңе де қалмайды».

Ұлттық өмірдің аса маңызды проблемасы тіл төңірегінде тереңінен қозғап айтылған бұл пікірлерді тек қана қайта-қайта қайталап оқып, халықтың санасына сіңіре түскен абзал. Ал жазушының жүрегінен жарып шыққан мына бір қарапайым ғана айтыла салған сөздердің мағынасы тіпті тереңде жатыр; әрбір қырғыздың ғана емес, қазақтың да есінде ұстар ұлттың қасиетті қағидасы іспеттес.

Назарбек Байжігітов Ш. Айтматовпен болған сұхбатын «Әлем шексіздігінің бір баяны – адам рухы» деген жазушының өз сөзімен атапты. Жазушының 80 жылдығы қарсаңында өткен әңгімеде Шыңғыс өзі, шығармашылығы, руханият, қазақ әдебиеті жайлы сыр шерткен. Ол өзі туралы айта келіп, «Өзінің тау арасындағы елі, жері қайда, ол жақта не болып жатыр, саясаты, тұрмысы, халқының келешегі қандай, соны неге жазбайды дегендер болған. Мен болсам, кітабым бүкіл дүниеге тиесілі болсын деген әрекетпен жаздым. Сол үшін космополит атандым. Еш ренжімеймін, мейлі сондай болайын. Ал мынау кейінгі жазғаным («Таулар құлағанда». Д.Ы.) мені кінәлағандарға жауап сияқты; қырғыз халқының бүкіл салт-дәстүрінен, замандастарымыздың тұрмысынан алып жаздым. Жазушылар, біз адам баласының

бұл дүниедегі тағдырын, оның орнын, өмірдің мәні неде екенін жазуға міндеттіміз... Адамзат кім? Неге жаралған? Жер бетінде не істеп жүр? Бұл – еш таусылмас мәселелер. Әлем шексіздігінің бір баяны – адам рухы. Қолымнан келгенінше осыны айтуға әрекет жасап көремін» («Дала мен қала», 25.10.2007 ж.), – депті.

Ш. Айтматов: «Тыныштықты, тұрақтылықты сақтау әр адамның жүрегінде бүлкілдеп жанып тұруы керек», – дейді. Ол үшін «Бізге қазір елді біріктіріп, алдағы нәрселерді шешетін, оған елді жұмылдыра түсетін идеология керек».

«Маған қазақ елі – өзгеше жақын халық» – деп білетін Ш. Айтматов «Әуезовтің шығармашылығына жасаған аталық қамқорлығы маңдайыма біткен бақыттай», ал М. Шаханов «Бұл уникальней адам, өзгеше жан. Он жыл елші болып тұрды. Қан-жағымыз бірге болды. Оған елші деп емес, өз адамымыз деп қарадық» – деп, ағынан жарылады.

Осы сұхбатында ол: «Мен туралы әртүрлі сөздер айтыларынан хабардармын. Айтқандар айта береді. Тап-тақыр, сөз тимес адам жоқ, пайғамбарлар ғана болмаса. Тірі кісі кейде оңға, кейде солға ауытқыңқырап кетуі мүмкін», – депті. Өзі айтқандай, алғашқы шығармаларын қырғыз тілінде жазып, кейінгілерінде орысшаға көшкен жазушы туралы тілін сатқан космополит деген сияқты кейбір сындардың айтылып жатуы да өмір шындығы болатын. Сондай пікір білдірген кейбір мақалалар қазақ баспасөзінің бетінде де көрінді.

Солардың ішінде Бегділда Алдамжаров көзге түсті. Оның «Адамзаттың Айтматовы: аңыздың ақыры» («Жұлдыз», 2003, №5), «Құзға құлар қос мұңлық немесе Ш. Айтматов не деп аңырайды, М. Шаханов не деп шарылдайды?» («Жұлдыз», 2005, №6) сияқты мақалаларында қырғыз жазушысының шығармашылығы хақында қатты сындар айтылды; артық кеткен, кем жатқан, басқаша ұстанымдарымен келген жерлері көп болды.

Есенгүл Кәпқызы Ш. Айтматовтың: «Егер Ресей империясы болмағанда, біз іргедегі варвар Ауғанстанның кебін киер едік», – деген пікірін теріс көріп: «Қалай дегенмен де Шыңғыс сияқты ел серкесі аузынан «біздің отарда болғанымыз жақсы

болыпты» деген сөздің шығуы жақсы емес. Ресей империясының жақсылығын ескеріп, зұлымдығын есепке алмауға болмайды» («Адамзаттың Айтматовы» империяны аңсай ма? // Түркістан. – 04.08.2005), – деп, күмәнмен қарады.

«Ш. Айтматовты шын сыйлайтындардың арасында едік. Әлі де солаймыз. Алайда біз сырттан сыйлап, мәз болып жүргенде ол кісінің, бас алаңымызда төгілген желтоқсан көтерілісшілерінің қаны кеппей жатып, Колбинмен бірге шай ішіп отырып «Колбинмен біраз сөйлестім, сөйлестім де жете таныдым, бұл басшы туралы тым тәуір пікірдемін. Қазақстанның бағы ашылады-ау» – дегенін – қалай түсінуге болар?» – деп жазды «Азамат» газеті өзінің 2005 жылғы №18 санында.

Жазушы М. Мағауин: «Адамзаттың Айтматовы» ашуланып жатыр» деген тақырыппен Ш. Айтматовқа барынша шүйілген мақаласын жазды. Ш. Айтматовты, – «Хрушевтің кезінде санатқа жетті. Брежневтің тұсында атаққа жетті. Горбачевтің заманында тіпті дәуірледі», ««Колбин сияқты көсемі бар Қазақстан қандай бақытты!» – деді», «Алмағаны жоқ, қанағат етіп, алғыс айтқаны және жоқ», «Адамзаттың Айтматовы! Жер әлемде бұрын-соңды ешбір жазушы, қайраткер алмаған, ақылға сыймас атақ», «бір көрімге тәп-тәуір, екінші қайыра оқуға жарамайтын, жүгі жеңіл, орта дәрежедегі шет жұрт жазушысы қазақтың ғажайып прозасы бар ұлы әдебиеттің төбесіне шығарылды», соның салдарынан «зерделі қазақ оқырманы дағдарысқа түсті, талғамын бұзды, өзінің барын бағаламау тұрыпты, үлкен әдебиет туралы ұғымы басқа бір, теріс жадағай кейіпке көшті. Мұның ақыр түбі бүгінгі қазақ әдебиетін кемшін санаған топас надандыққа алып келді», «мейманасы тасып, шектен шығуының ең соңғы бір көрінісі – сайыпқыран Шыңғыс ханға, қазақ тарихына қатысты, қазақ ғалымдары мен қазақ жазушыларының дәреже, деңгейін белгілеген қаралы үкім айтқан...», оның шығармаларында тіс арасына ілінетін бірдеңесі бар ма екен.

Кәрікұлақ зейнеткердің өзі алданатын ештеңе жоқ. Уақыты өтіп кеткен өтірік өлең, «Лениннен әулие емес», – деп кінәлай келіп, – Пәленбай деген халықтың әлем таныған кереметін Абай

мен Мұхаң тұрыпты, Шортанбай мен Мұратқа айырбастамаймын. Айтматовыңыз кім болса да, маған Нұрпейісов қымбат... Марат Қабанбаев пен көпжасағыр Сұлтанәлі Балғабаевтардың өзінің «Адамзаттың Айтматовы!» деңгейінен аттап кеткелі қашан («Азамат», 8-14.07.2005 ж.), – дейді.

Мақала: «Жат жұртқа табынумен өткен отарлық тәртіп құрдымға кеткен. Енді отарлықтың кіріптар санадағы ауыр зардаптарынан арылуға керек. Көп қажеттінің бірі – әуелі өзімізді тану» (сонда), – деген уәлі сөзбен аяқталған.

Әрине, бұл жерде алыстағы қырғыз айылынан шығып, тек қырғыз емес, күллі түркі әлемінің мақтанышына айналған, шығармалары дүниежүзінің 159 тіліне аударылып, «Адамзаттың Айтматовы» атанған заманының заңғар жазушысының атына, шығармашылығы хақында айтылған сындарға төрелік айту уақыттың еншісінде. Десек те, сыннан жоғары тұрған ешкім жоқ. Оның үстіне демократиялық қоғамда түрліше пікірлердің қатар өмір сүруі – заңдылық; бір мәселе төңірегінде әртүрлі, қарама-қарсы пікірлердің бой көрсетуі – қалыпты жағдай. Түрліше пікірлердің айтылуы оқырманның азаматтық, дүниетанымдық, эстетикалық бағытын айқындай түсіп, ойын оятуға септігін тигізері – тағы да анық.

Десек те осы жылдарда жазушының шығармашылығын жоғары бағалаған мақалалар қазақ баспасөзі бетінде үзілген жоқ. Ш. Айтматовтың 75, 80 жылдық мерейтойларын қазақтың әдеби жұртшылығы кеңінен атап өтті. Әдеби басылымдар жазушы шығармашылығымен жан-жақты таныстырған мақалалар беріп, беттер арнады.

Ш. Айтматовтың қаламгерлігі хақында кереғар пікірлердің көріне бастауына байланысты Тынымбай Нұрмағамбетов: «Соңғы кезде жазушыларымыз баспасөз беттеріндегі өз мақалалары мен интервьюлерінде Айтматовқа тиісе сөйлеуді үрдіс етіп бара жатқандай. Тіпті қайсыбір қаламгер ағаларымыз Айтматовтың Әуезов жайлы айтқан сөздерінен де «ақау» іздей бастаған. Бұл – тіпті ұят әңгіме...

Аңғартып отырғандары «атасы басқа аттан түс!» болса, ол

сөз рухани салаға жүре алмайды, ал Айтматов атына айтылуы көргенсіздікпен шамалас іс боларын дәлелдеп жатудың өзі артық шығар. Өйткені шын талантқа ұлттық шекара әлімсақтан бері болған емес» («Қазақ әдебиеті», 12.12.2003 ж.), – депті. Ол бұл пікірін Ш. Айтматовтың 75 жылдық мерейтойына орай жазылған «Адам жанының әндері» атты мақаласында айтты.

Тынымбай Ш. Айтматовтың шығармашылығы хақында суреткерлік сезіммен жылы лебіз білдірген. Алғаш ауылда мектеп оқушысы кезінде «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған «Құс жолы» повесімен қалай кездесіп, оқып шыққанын суреттеумен басталған мақала бірден өз ағынымен алып кетеді. Автор Шыңғыстың шығармаларын талдап жатпайды, ойға түйгендерін ортаға салады.

Ол: «Айтматов шығармаларының құдірет-құпиясы не еді?!» – деген сауал қойып, оған өзі «Ол құдірет – құпия шығармалардың өмірдің өзінен ойып алғандай шыншылдығы, кейіпкерлердің жан сырын әуеніндей сырлы сезімдермен кестелеген сөз құдіретінде еді» (сонда), – деп жауап береді. Одан әрі қарай: «Ш. Айтматов әлем оқырмандарына кең танымал болуының тағы бір сыры – оның жаңашылдығы екеніне дау болмас. Жазушының әрбір жаңа шығармасында өз халқына немесе адамзат баласына тән проблемалар көтеріліп отырды», – деп жалғастырған.

Т. Нұрмағамбетов Айтматовтың әдеби әлемі хақында «Ш. Айтматов шығармаларының бәрі де – гуманистік рухта жазылған дүниелер. Қай шығармасының кейіпкерінің табиғаты да, олардың аузынан шыққан сөздер де, ой-қиялдары да оқырман санасын мейірім нұрына бөлеп, өзін тәтті қиялдар әлеміне ертетін романтикалық сезімдерге өте бай... Ш. Айтматовқа деген оқырман құштарлығы да, кейінгі толқын қаламгерлердің оған көбірек еліктеулері де, жазушы қаламынан осы романтикалық сезімдердің дәл және мөлдіреген қалпында түсе қалатындығынан болса керек» – деп, толғанады.

Жазушының «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повесі жайлы «Айтматов бұл повесі арқылы бүкіл аз ұлттар тағдырын, олардың мұнын сөз етті деуімізге болады. Өсуі де, өшуі де

теңізге байланысты осы халық өкілдерінің сол теңізге күнделікті тіршіліктері – ас-ауқат үшін жасаған бір сапарын суреттей отырып, ұрпақ алдындағы жауапкершілік жайын сөз етеді. Ұрпақ үшін ажалмен айқасу, ұрпақ өнсін, ұрпақ аман қалсын деп өлу... Міне, Айтматов кейіпкерлерінің алдында тұрған таңдау мен парыз» – деген пікір білдіріпті.

Ш. Айтматовтың 80 жылдығына орай Н. Оразалин: «Аты көзі тірісінде аңызға айналып, есімі жер дейтін алып планетаға кеңінен жайылған, өз ұлтының болмыс-бітімін айғақтар ұғымның заңғарына көтерілген, орасан оқиғалар мен тарихи катаклизмдерге толы бейдауа мінезді жиырмасыншы ғасыр кіндігін кескен ұлы суреткер, күні кеше ғана Батыс пен Шығыстың арасына алтын көпір салып, арамызда жүрген әулие бітімді, планетарлық сом тұлға – Шыңғыс Айтматов – берісі туған қырғыз жұрты үшін, өрісі тамыры бір, тағдыры ортақ түркі дүниесі мен адамзат өркениеті үшін мың жылда біртуар ғаламдық тұлға» («Қазақ әдебиеті», 25.12.2008 ж.), – деп жазды «Айтматов төрі» аталған мақаласында. Авторы ақын болғандықтан да мұнда Ш. Айтматов шығармаларымен таныстыру, болмаса талдау мүлдем жоқ; есесіне ұлы жазушының дарқан дарыны алдындағы жүрекжарды толғаныстарға толы. Нұрлан Ш. Айтматов бізге несімен қымбат деген сауал төңірегінде ақындық сезіммен сыр шерткен.

Нұрлан «Суреткер әлемі – арқауы берік, ұлттық таным мен ғаламдық танымның бірігіп, кірігіп кеткен ғажайып үйлесімінен жаралған сарқылмас ой мен түгесілмес сырдың мәңгілік мекені іспетті...

Жазушының қоғам өмірінің күңгей-көлеңкесін соншама шыншыл, соншама сыршыл сезіммен тебірене толғап, кезең кескіні мен келбетін өзіне дейінгілерден, өз тұрғыластарынан мүлдем өзгеше суреттеуі, философиялық-психологиялық астары қалың өмір иірімдеріне батыл баруы, көркемдік барлаудың қилы-қилы жаңа тәсілдерін қаймықпай ұсынуы Айтматовтың баяндау үлгісі мен Айтматовтық дүниетаным мектебін берік қалыптастырды...

Қатыгез өмірдің құйтырқы мінезіне, арсыз әрекетіне күйіне қарап, дүниеге асқан сабырмен, тегеурінді төзіммен, дінгегі берік

философиялық тоқтаммен қарайтын көшпелі өркениеттің көнбіс мінезді көзіндей болған, берекесіз дәуірге бейімделе алмай, шарасыз ғұмыр кешіп, өмір-тағдырлары өксікпен өткен қайыспас, қайсар жандардың қайталанбас бейнелері әлем әдебиетіне олжа болып қосылды» (сонда) – деп, толғанады. Бұл жолдарды оқып отырғанда, қарасөзбен жазылған жыр оқып отырғандай, басқаша айтқанда, Нұрлан Айтматов туралы жырлап жатқандай сезім-күйде боласыз.

Ш. Айтматовтың 80 жылдығына орай «Әдебиет айдыны» (30.10.2008 ж.) газеті айқара бет берді. Онда Қ. Мұхаметжановтың, Н. Оразалиннің, Ш. Мұртазаның, Д. Қырықбаеваның, С. Раевтың (Қырғызстан) әр жылдарда жазушы жайында айтқан пікірлерінен топтама берген. Осыдағы Ә. Кекілбаевтың: «Қалғандарын қайдам, әйтеуір Айтматовтың жөні бөлек. Ол әу бастан-ақ ел көріп жатқанды көргенмен, ел айтпай жатқанды айтуды арнайы мақсат еткендсі. Бұл жағынан келгенде, ол – бір кезде отқа өртелетін Галилей мен Брунодай тоғышарлық шарифатының шаңырағын ортаға түсіретін дін бұзар, еретик», – деген пікірі де Айтматов феноменінің ерекше болмысын барынша сипаттап тұр.



Солдан оңға қарай: Дандай Ысқақұлы, Өтеген Күмісбаев,
Шыңғыс Айтматов, Анатолий Ким, Ұлықбек Есдәулетов,
Мағира Қожахметова, Ырым Кенебаев

АЙТМАТОВТЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

Өткен ғасырдың ортасында Қырғыз Алатауынан бой көтеріп, әлемдік әдебиеттің биік шыңдарының біріне айналған Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы өзінің заманауилығымен, адамзат қоғамы дамуының алдында тұрған проблемаларды уақтылы көтеруімен ерекшеленеді. Қазір әлемдік ауқымда жүріп жатқан жаһандану үрдісінің байқамаса, орны толмас өкініштерге апарып соқтыратындығын осыдан жарты ғасыр бұрын ескерткен жазушының шығармашылық тұлғасы адамзат қоғамының келешегін жүрек лүпілімен сезініп, көңіл көзімен барлай білген көріпкелдігімен биіктей түсуде. Әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогресс барысында туындауы мүмкін адам, табиғат экологиясы мәселелерін ХХ ғасыр жазушыларының ішінде шығармаларында алғаш көтерген Ш. Айтматов болатын. Төменде біз бүкіл шығармасының идеялық сарынына айналған «Қайткенде, адам адам боп қалады» деген сауалдың төңірегінде көп ойланған, ой тербеткен ұлы жазушының тіл, ұлт, қоғам, адам, табиғат экологиясы жайлы өлмес ойларының бір парасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

* * *

Маған қазақ елі – өзгеше жақын халық.

* * *

...Тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл – оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы, ең соңында тіл – ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі.

* * *

Халық өз тілінде өзін таниды және өзін көрсетеді.

* * *

Біз өзіміздің ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтаймыз, бағалаймыз, дамытамыз, қолданамыз.

* * *

Сөз ұлттық тілдер жайында болып жатқанда, біз бұл мәселеге тым еркінсіп, тым атүсті қарап жүрген сияқтымыз.

* * *

... мен үшін ана тілді ықтиярмен таңдап алу мәселесі қорлаумен, кекесін мысқылмен бара-бар. Әйтпесе, о заман да бұ заман ана тілдің аты ана тіл емес пе?! Сүйекпен бітіп, қанмен жаралған нәрсені қалайша таңдап алуға болады?

* * *

...ұлттың сана-сезімін оның өз тарихынан бөліп алуға, онан қалса ана тілінен бас тартуға шақырғандарды құптаудың, қолдаудың да керегі жоқ. Бұл қалай әділдік болсын, мұның өзі, түштеп келгенде, өз ата-анасынан бас тартуға келіп саяды ғой.

* * *

Көппіз бе, азбыз ба, гәп онда емес, гәп – біз тіршілік кешіп отырған туған жер қырғыз деген іргелі елдің бірден-бір шоғырланған орталығы, бірден-бір эпицентрі. Міне, осы жерде ғана бізге барлық мүмкіндіктер бар. Тек осы жерде, басқа жерде емес.

* * *

Ал егер қырғыз мәдениеті осы өз жерінде дамымаса, орнықпаса, басқа еш жерде дами да, орныға да алмайды.

* * *

Біз өзіміздің ана тілімізді сақтап қалғанда ғана ұлттық мәдениетіміз сол дара бітім-бедерінде, өзіндік кескін келбетінде қалып дами береді.

* * *

...біз «Манас» эпосын ақырғы деміміз біткенге шейін қорғаймыз!

* * *

Тіл жөніндегі сөз ең әуелі ұлт жөніндегі сөз дей аламыз. Қай ұлт болмасын оның мәңгілік өмірі тілінде.

* * *

Тілге қиянат жасау – ұлтқа қиянат жасаумен тең деп бағалануы керек.

* * *

Ал енді қырғыз тілі бұл түпкілікті елдің тілі, бұл тіл өз шаңырағында дамымаса, қайда дамиды?

* * *

Шындығын айтайын, тіліміз үшін басымды беруге де дайын едім.

* * *

Тілді сақтап қалудың, оны одан әрі дамытудың бірден-бір факторы ұлттық тіл – мемлекеттік саясаттың негізгі атрибуты ретінде өз елінің ресми өмірінде жаңаша қолданылуы керек деп ойлаймын.

* * *

Біз ұлттық тілімізге ыңғайлы ортаны қалыптастырмай тұрып оны дамыта алмаймыз.

* * *

Тіл саясаты балалар бақшасынан Жогорку Кеңештерге дейін, өкіметтік жиын, протоколдарға дейін жүргізілуі керек.

* * *

Ұлттық тіліміз – қаншама ғасырлардан бері ата-бабаларымыздан бізге қалдырылған ең байлық, ұлы дәулет.

* * *

Егер біз тілімізді кие тұтып, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе алмасақ, тіл ғана емес, тұтастай ұлт жоғалып кетеді.

* * *

Тіл алдындағы жауапкершілік қатардағы бұқарадан тартып, жоғарғы билік өкілдеріне, Президентке дейін бірдей. Егер бұл жауапкершілікті сезінбесек, онда жақсылық жоқ.

* * *

Рас, ұлттық тілдің ғана шеңберінде шектеліп қалудың өзі де прогреске алып келмейді.

* * *

Гәп ең әуелі тілде емес, ділде.

* * *

Адам өз тілін ділінде кие тұтса, ол ешқашан ана тілін керексіз етіп кете алмайды.

* * *

Тіл – адам баласының таным көкжиегін кеңейткен қасиетті күш.

* * *

«Қырғыз тілі – мен үшін Отан-Ана, кіндік қан тамған жер сияқты киелінің киелісі».

* * *

Мен бұл ғұмырымда қайсыбір биік шыңға шыға алдым

десем, оны ана тілімнің ұлы рухының қолдағаны деп білемін.

* * *

Ана тілін ұлықтаңдар.

* * *

Тіл жоқ жерде ұлт жоқ.

* * *

Мәңгүрт болмаңдар.

* * *

Біз дүниені, дүние бізді өзгертті.

* * *

Каждый язык – творение человеческого гения, каждый язык – ценность общезначимого порядка.

* * *

Мы не вправе пренебрегать никаким языком, какому бы он не находился бы.

* * *

Отмирание и затем исчезновение языка, не имеющего письменности, следует рассматривать как утрату общей культуры человечества.

* * *

...национальное никак нельзя противопоставлять интернациональному.

* * *

Біз адам жан-дүниесіндегі асыл қасиеттерді, адамдықты сақтап қала алғанда ғана жаһандану процесі пенде тіршілігінің

алдына келешек туралы күмәнді сауалын тастамайтын болады.

* * *

Біз, адамдар, бәріміз бір қайықтамыз, алдымызда ұлы мұхит.

* * *

...басқалардан үйренбейінше дами алмаймыз, бірақ үйренгеннің өзінде де олардың тәжірибесі бізге дайын рецепт бола алмайды.

* * *

Адам дүниесінің артықшылығы оның көп дауыстылығында, түрлілігінде, түрлі тіл мен ұлттардың болмысында.

* * *

Адам өмірін біркелкі ету деген – оның жеке тұлғалық ерекшелігін жоюмен тең.

* * *

Бір мәдениеттің гегемониясы ешуақытта әлемнің үйлесімін сақтап тұра алмайды.

* * *

Мен жазушы және жалпы адам ретінде әлемдік мәдениеттің біркелкі болуына қарсымын.

* * *

...рухани өмірде ғана емес, мемлекеттік модельдің өзінде де ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалуымыз керек.

* * *

Даму барысында өркениетке қосылатын жолды, өзімізді-өзіміз жоғалтып алмайтын жолды таңдап алуымыз керек.

* * *

Ең бастысы, өзіміздің ерекшеліктерді сақтап, сол арқылы әлемнің даму бағытына бейімделе білуіміз керек. Сол кезде өз жолымыздан, бағытымыздан адаспайтын боламыз.

* * *

Өмірдің қадірін әркім өз бетінше табуы керек. Ал мен өмірдің қадірі сенімде деп айтар едім.

* * *

Әрбір адамның өзінің құпия сенімі бар. Ол сенім оны жақсылыққа, тазалыққа ғана емес, бұл дүниеге келуіндегі мақсатына жетелейді.

* * *

Өмірдің нағыз тірегі – сенім, бақыты да – сенім.

* * *

Сенім деген тек қана көр пенделік сенім емес, ол – бұл дүниенің құндылықтарына деген сенім, ұлы құндылықтарға деген сенім. Сол құндылықтардың біреуі – өмір. Өмірдің қадірі – құндылығында.

* * *

Адамдардың арман-қиялы да, үміті де өмір сүрген уақытына қарай өзгереді.

* * *

Шындықты таптым деген адам жаңылады. Шындыққа ұмтылу, шаршамастан ұмтылу керек. Ұмтылу – шындыққа қарай апаратын жол. Шындық та осы жолдай, басы жоқ, аяғы жоқ.

* * *

Жолдың бәрі шындыққа апармайды. Ол жол – қиын, машақаты көп. Бірақ тұрмыстағы, өмірдегі, тарихтағы негізгі шындық – жақсылыққа, гуманизмге ұмтылу. Адам өзінің тұрмысын шындыққа негіздеуі керек.

* * *

Адам баласы ақыл-ойынан, шындықтан айырылып қалса, неге айналатынын «Ғасырдан да ұзақ күнде» жаздым. Бұған мәңгүрттен артық мысал келтіре алмайсыз. Адам ақыл-есінен айырылғанда, өзінің туған анасын өлтіруден де тайынбайды.

* * *

Ақыл-ойдан ажырап қалған мәңгүрттер менің шығармамдағы кейіпкерлер болса, қазір шын адамдарға айналды. Осы әлемнің түкпір-түкпірінде жанкештілікке барып, адамдарға қарсы террор жүргізіп жатқандар мәңгүрт емей не болғаны?.

* * *

Тиран деген – қарғыс. Халықтың қаны арқылы өзінің билігін орнатқан, байлық жинаған, билікке де, байлыққа да тоймайды. Тирандар күллі әлем аяғыма жығылса деген оймен елдерді басып алып, өркениетті талқандаған. Өркениетті кері бұрған тирандар – адам танығысыз жыртқыштар. Билікті көз жасының мұхитынан, көл-көсір ағызған адам қанынан орнатқан. Олардың аты тарихта қалды, бірақ ол есімдер қарғыспен айтылады.

* * *

Гений – жаратушы. Олар – адамзатқа жаңалық, жаңа күш, жаңа көркем дүние жасаған, пайғамбар тәрізді адамдар.

* * *

Дін – ұлық. Оның ұлылығын жалпы адамзат дамуының призмасы көрсетті. Әлемде қаншама мемлекет талқандалып күлге айналды, қаншама өркениет жермен жексен болды. Уақыт, дәуір ауысты, ал дін болса адамның санасынан өшкен жоқ. Бұл – діннің ұлы қасиеті.

* * *

